



Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

## **Өнертабысқа патенттерді және алдын-ала патенттер беру өтінімдерін және пайдалы модельдерге патент беру өтінімдерін әзірлеу, ұсыну және қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 1999 жылғы 28 желтоқсан N 418 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 10 ақпан өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1056. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 52-н.қ. бұйрығымен.

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 52-н.қ. бұйрығымен .*

Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Z952335\_ 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Жарлығының, "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәселелері, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің статистика және талдау жөніндегі Ақпараттық-есептеу орталығы комитеті республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" P971552\_ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 қаулысына сәйкес уәкілеттендірілген органның функцияларын іске асыру тәртібінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Өнертабысқа патенттерді және алдын-ала патенттер беру өтінімдерін және пайдалы модельдерге патент беру өтінімдерін әзірлеу, ұсыну және қарау жөніндегі қоса беріліп отырған Нұсқаулық бекітілсін.
2. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда  
Министрінің бұйрығымен бекітілген  
28-желтоқсан 1999-жыл. N 418.

## **Өнертабысқа алдын ала патент және патент беруге өтінім және пайдалы модельге патент беруге өтінім құрастыру және беру жөніндегі Нұсқаулығы**

### 1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Нұсқаулықпен реттелетін қатынастар

Осы Нұсқаулық 1999-жылғы 16-шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес жасалды және өнертабысқа алдын ала патент және патент беруге өтінімдер мен пайдалы модельге патент беруге өтінімдер құрастыру, беру және қарау тәртібін айқындайды.

2. Осы Нұсқаулықта пайдаланылған негізгі ұғымдар мен терминдер

Осы Нұсқаулықта төменгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылды:

- 1) Қазпатент - мемлекеттік патенттік ұйым;
- 2) өтінім - өнертабысқа алдын ала патент және патент, пайдалы модельге патент беруге өтінім;
- 3) конвенциялық өтінім - 1893-жылғы 20-наурыздағы өнеркәсіп меншіктерін қорғау жөніндегі Париж конвенциясына сәйкес берілген өтінім;
- 4) халықаралық өтінім - 1970-жылғы 19-маусымдағы Патент кооперациясы (РСТ) шартына сәйкес берілген өтінім;
- 5) еуразиялық өтінім - 1994-жылғы 9-қыркүйектегі Еуразия патент конвенциясына сәйкес берілген өтінім.

## 2-ТАРАУ. ӨНЕРТАБЫСҚА АЛДЫН АЛА ПАТЕНТ ЖӘНЕ

### ПАТЕНТ БЕРУГЕ ӨТІНІМ ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ БЕРУ

#### & 1. Өтінім беру

3. Алдын ала патент және патентке өтінім беру және алуға құқығы бар адамдар

Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес өнертабыс авторы, жұмыс беруші, олардың құқықтық мирасқоры немесе олардың арасында келісім болған жағдайда аталған тұлғалар бірлесіп (бұдан әрі - өтінімші) өнертабысқа өтінім беру құқығын иеленеді.

Өнертабыс авторы - шығармашылық еңбегімен өнертабысты жасаған жеке тұлға алдын ала патент және патентке өтінімдер беруге және алуға төмендегі жағдайларда: егер өнертабыс қызметтік болып табылмаса;

егер өнертабыс қызметтік болып, бірақ автор мен жұмыс беруші арасындағы шартта автордың алдын ала патент және патент алу құқығы қарастырылса немесе жұмыс беруші автордың жасаған қызметтік өнертабысы туралы хабарланған күннен бастап төрт ай ішінде Қазпатентке өтінім бермесе, басқа адамның өтінім беруіне құқығын бермесе және өнертабыстың құпиялығын сақтауға авторға хабарламаса, құқылы.

Өтінім беруге құқықты растауға қандай да болмасын құжаттар талап етілмейді.

#### 4. Беру процедурасы

Заңның 16-бабының 1-тармағына сәйкес өтінім Қазпатентке тікелей немесе поштамен жіберіледі.

#### 5. Өкіл арқылы өтінім беру

Өтінімші өтінімін тікелей өкіл немесе оның ішінде Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілі арқылы беруі мүмкін.

#### & 2. Өнертабысқа өтінім

#### 6. Өнертабыс объектілері

Заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес өнертабысқа өтінім құрылғыға, тәсілге, затқа, микроорганизм штамына, өсімдіктер мен жануарлар жасушасына, сондай-ақ бұрыннан белгілі құрылғы, тәсіл, зат, шамның жаңа бағыты бойынша берілуі мүмкін.

#### 7. "Құрылғы" - өнертабыс объектісі

Өнертабыс объектісі ретінде құрылғыға конструкциялар мен бұйымдар жатады. Құрылғыны сипаттау үшін, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланылады: құрылым (құрылымдардың) элемент (элементтердің) бар-жоғы; элементтер арасындағы байланыстардың бар-жоғы; элементтердің өзара орналасуы; элемент (элементтер) немесе құрылғының тұтастай орындалу нысаны, атап айтқанда, геометриялық нысаны; элемент (элементтердің) өлшемдері және басқа да сипаттамалары мен олардың өзара байланысы; элемент (элементтер) немесе тұтастай құрылғы жасалған материал; элемент функциясын атқаратын орта.

#### 8. "Тәсіл" - өнертабыс объектісі

Өнертабыс объектісі ретінде тәсілге материалдық объектілер көмегімен материалдық объектілер үстіне іс-әрекет жүргізу процестері жатады. Тәсіл сипаттамасы үшін, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланылады: іс-әрекеттің немесе іс-әрекет жиынтығының бар-жоғы; мұндай іс-әрекеттердің уақыт бойынша (жүйелі, бір мезгілде, әрқилы үйлесімдерде және т.б.); іс-әрекетті жүзеге асыру жағдайы, режим; заттарды пайдалану (бастапқы шикізатты, реагенттерді, катализаторларды және т.б.); құрылғылар (айлабұйымдар, құралдар, жабдықтар және т.б.); микроорганизмдер штамдары, өсімдіктер мен жануарлар жасушалары.

#### 9. "Зат" - өнертабыс объектісі

Өнертабыс объектісіне жататындар: дербес химиялық қосылыстар, бұларға шартты түрде жоғарғы молекулярлық қосылыстар және гендік инженерия өнімдері: рекомбинаттық нуклеинді қосылыстар, векторлар және т.б. қосылады; композициялар (құрамдар, қоспалар); ядролық айналулар өнімдері. Дербес химиялық қосылыстар сипаттамасына, атап айтқанда келесі белгілер пайдаланылады: төменгі молекулярлық қосылыстар үшін - әрбір элемент атомдарының саны көрсетілген элементтік құрамы, атомдар арасындағы байланыс және химиялық құрылымдық формулада көрінетін олардың молекулада өзара орналасуы; Жоғарғы молекулярлық қосылыстар үшін - химиялық құрам және макромолекула бір тізбегінің құрылымы, макромолекуланың тұтас құрылымы (желілік, тарамдалған), тізбектердің кезектілігі, молекулярлық масса, молекулярлық-массалық бөлу, макромолекуланың геометрия және стереометриясы, олардың шеттік және бүйірлік топтары; құрылымы анықталмаған химиялық қосылыстар үшін - осы қосылысты басқаларынан ажыратуға қажетті физика-химиялық және өзге де сипаттар (оның ішінде алу тәсілі белгілері);

гендік инженерия өнімдеріне жататын дербес қосылыстар - нуклеотидті кезектілік (нуклеиндік қышқылдар бөлшегі жағдайында) немесе физикалық карта (рекомбинаттық нуклеинді қышқылдар және векторлар жағдайында), сондай-ақ осы қосылыстарды басқаларынан ажыратуға қажетті өзге физика-химиялық сипаттар.

Композицияны сипаттауға, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланылады:  
сапалық құрам (ингредиенттердің бар-жоғы);  
сандық құрам (ингредиенттердің мазмұны);  
композиция құрылымы;  
ингредиенттер құрылымы.

Анықталмаған құрамды композицияны сипаттау үшін олардың физика-химиялық, физикалық және практикалық көрсеткіштері және алу тәсілі белгілері пайдаланылуы мүмкін.

Ядроға айналдыру жолымен алынған заттарды сипаттау үшін, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланылады:

сапалық (элемент изотопы (изотоптары) және сандық (протондар мен нейтрондар саны) құрамдары);  
негізгі ядролық сипаттамалар: жартылай ыдырау кезеңі, сәулелендірудің үлгісі мен энергиясы (радиоактивті изотоптар үшін).

10. "Микроорганизмдер штаммы, өсімдіктер мен жануарлар жасушалары" - өнертабыс объектісі

Өнертабыс объектісі ретіндегі микроорганизмдер штаммы өсімдіктер мен жануарлардың жасушасына:

микроорганизмдердің дербес штаммы: бактериялар, вирустар, бактериофагтар, микробалдырлар, микроскопиялық көксіңдер және т.б.;

өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының дербес мәдениеттері, оның ішінде жасушалар клондары;

микроорганизмдер консорциумы, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының мәдениеті.

Микроорганизмдердің дербес штаммдарын сипаттауға, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланылады:

шығу тегі (бөліну көзі, тұқымы);  
таксономиялық сипаттамасы;  
маркерлік сипаттамасы, стандарттық өсіру жағдайы, штаммен продуцирлендірген пайдалы заттың атауы және қасиеті, белсенділік деңгейі (өнімділігі);  
вируленттігі, антигендік құрылымы (медициналық және малдәрігерлік бағыттағы микроорганизмдер штаммы үшін);  
гибридтеу принципі (гибридті микроорганизмдер штаммдары үшін);  
микроорганизмдер штаммдарын басқалардан ажыратуға қажетті өзге сипаттамалар.  
Өсімдіктер немесе жануарлар жасушалары өскіндерінің дербес штаммдарын сипаттауға қосымша, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланылады:  
өсу (кинетикалық) сипаттамасы;  
жануар организмінде өсіру (гибрид үшін) сипаттамасы;  
морфогенезге қабілеттілігі (өсімдіктер жасушалары үшін);  
Микроорганизмдер консорциумы, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларына өсіру

сипаттамасы үшін жоғарыда аталған белгілерге қосымша, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланылады: бейімделу факторы мен жағдайы және селекция, таксономикалық құрам, саны және басым түсетін компоненттер, алмастырғыштылығы, тұтастай консорциумның үлгісі мен физиологиялық ерекшелігі, сондай-ақ консорциумды басқалардан ажыратуға мүмкіндік беретін өзге сипаттамалары.

11. "Бұрыннан белгілі құрылғы, тәсіл, зат, штаммды жаңа бағытта қолдану" - өнертабыс объектісі

Өнертабыс объектісі ретінде бұрыннан белгілі құрылғы, тәсіл, зат, штаммды жаңа бағытта қолдануға оларды тиісінше өзге бағытта пайдалану жатқызылады.

Жаңа бағытқа қолдануға қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру

үшін заттардың (табиғи және жасанды түрде алынған) алғашқы қолданылуы теңестіріледі, яғни мұндай бағыты айқындалмаған табиғи заттар, экспериментте алынған заттар, өндіріс қалдықтары және т.б. практикалық бағытын белгілеу.

Бұрыннан белгілі құрылғы, тәсіл, зат, штаммның жаңа бағыттағы сипаттамасын қолдану үшін оның ұқсастығына қажетті қолданылатын объектінің қысқаша сипаттамасы және осы жаңа бағыттың көрсеткіші пайдаланылады.

12. Өнертабысқа танылмайтын ұсыныстар

Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабысқа танылмайтындар:

жаңалықтар, ғылыми теория және математикалық әдістер;

шаруашылықты ұйымдастыру және басқару әдістері;

шартты белгілер, кестелер, ережелер;

ақыл-ой операцияларын атқарудың ережелері мен әдістері;

есептеуіш машиналарға арналған бағдарламалар және сондайлық алгоритмдер;

құрылыстар, ғимараттар, аумақтар жоспарлануының жобалары мен тәсімдері;

бұйымның сыртқы түріне ғана қатысты ұсыныстар;

қоғамдық мүдделерге, ізгілік және моральдық принциптерге қайшы

келетін ұсыныстар.

Интегралдық микротәсім топологиясы, өсімдіктер сорты және жануарлар тұқымы да өнертабыстар ретінде танылмайды, оларды қорғау өзге заңдармен реттеледі (Заңның 2-бабы).

### 13. Өнертабыс бірлігінің талаптары

Заңның 17-бабының 1-тармағына сәйкес өтінім өзара байланысы соншалықты, ортақ өнертабыс мәнін құрайтын бір өнертабысқа немесе өнертабыстар тобына қатысты болуға тиіс.

Егер:

өнертабыс формуласында бір өнертабыс сипатталса;

өнертабыс формуласында өнертабыстар тобы сипатталса;

бірі екіншісін алуға (даярлау) бағытталған (мысалы, құрылғы немесе зат және оны алу (даярлау) тәсілі тұтастай құрылғы немесе зат немесе олардың бөліктері);

бірі екіншісін жүзеге асыру үшін бағытталса (мысалы, тәсіл және тәсілді тұтастай жүзеге асыратын құрылғы немесе оның бірінің іс-әрекеті;

бірі екіншісіне (екіншісінде) пайдалануға бағытталған (мысалы, тәсілде пайдалануға бағытталған тәсіл мен зат; тәсіл немесе құрылғы және оның бөлігі; құрылғы немесе затты жаңа бағыты бойынша қолдану және оларды осы бағытына сәйкес пайдалану тәсілі; құрылғы мен затты жаңа бағыты бойынша қолдану және олар құрамдас бөлігі болып табылатын құрылғы немесе композиция);

бір ғана техникалық нәтиже (нұсқалары) алуды қамтамасыз ететін бір түрге, бір бағытты объектілерге жататын болса өнеркәсіп бірлігі сақталған болып танылады.

### 14. Өтінім құрамы

Заңның 17-бабының 2-тармағына сәйкес өтінімде мыналар болуы тиіс:

аттарына алдын ала патент және патент сұралып отырған өнертабыс авторы және тұлғалар көрсетілген алдын ала патент және патент беру туралы өтініш, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны;

өнертабыстың жүзеге асырылуы үшін толық ашатын сипаттамасы;

оның мәнін білдіретін және сипаттамада толық негізделген өнертабыс формуласы;

егер олар өнертабыс мәнін түсінуге қажетті болса, сызбалар және өзге де материалдар;

реферат;

өкіл арқылы іс жүргізілген жағдайда, сенімхат;

өнертабысқа патент сұралған жағдайда осы Заңның 22-бабының

7-тармағында қарастырылған өтініш.

#### 15. Өтінімге қоса тіркелетін құжаттар

1) Өтінімге белгіленген мөлшерде өтінім беру төлемін растайтын құжат қоса тіркеледі. Белгіленгеннен аз мөлшерде төленген жағдайда төлемді растайтын құжаттан басқа оның мөлшерін азайту негізін растайтын құжатта тапсырылады. Аталған құжаттар өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде тапсырылуы мүмкін. Тиісті төлемі төленген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

2) Заңның 20-бабының 2-тармағына сәйкес өтінімге конвенциялық басымдығын сұраумен алғашқы өтінім көшірмесі тіркеледі, ол конвенциялық өтінім Қазпатентке түскен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей тапсырылады. Егер алғашқы өтінімдер бірнешеу болса, осы өтінім көшірмелерінің барлығы тіркеледі.

Конвенциялық өтінімді басқа өтінімші берген жағдайда басымдық құқығын пайдалануға алғашқы өтінімнің өтінімшісіне рұқсат тіркеледі.

Алғашқы өтінім берілген күннен бастап он екі ай мерзім өткен соң, бірақ он екі айлық мерзім өткеннен кейін екі айдан кешікпей түскен өтінім жөнінде конвенциялық басымдық сұрау кезінде өтінімге көрсетілген он екі айлық мерзімде өтінім беруге өтінімшіге қатысты емес кедергі болған жағдай көрсетілген құжат және одан Қазпатент хабардар деген негіз болмаса, осы жағдайдың болғанын растайтын құжат қоса тіркеледі.

Конвенциялық басымдығын анықтау туралы өтініш өтінім беру кезінде (алдын ала патент және патент беру туралы өтініштің тиісті бағанға келтіріледі) немесе өтініш Қазпатентке түскен күннен бастап екі ай ішінде тапсырылуы мүмкін.

3) Микроорганизмдердің жаңа штаммы, өсімдіктер мен жануарлардың жасушасына қатысты өнертабыс өтініміне осы коллекция-депозитарийына ресми уәкілетті депонирлеу туралы құжат тіркеледі. Бұл құжат (депонирлеу туралы төлқұжаттың расталған көшірмесі) өтініммен бір мезгілде немесе өтінім Қазпатентке түскен күннен бастап екі айдан кешіктірілмей тапсырылуы мүмкін. Депонирлеу күні өнертабыс басымдығы күнінен алда болуға тиіс.

#### 16. Өтінім тілдері

Алдын ала патент және патент беру туралы өтініш мемлекеттік немесе орыс тілінде тапсырылады. Өтінімнің өзге құжаттары мемлекеттік, орыс немесе басқа тілде тапсырылады. Егер өтінімнің өзге құжаттары басқа тілде тапсырылса, өтінімге мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы тіркеледі. Қазпатентке құжаттары басқа тілдегі өтінім түскен соң екі ай ішінде өтінімші аударманы тапсыруға тиіс, ал тиісті ақысы төленсе, бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауға тиіс (заңның 16-бабының 2-тармағы).

#### 17. Даналар саны

Алдын ала патент және патент беру туралы өтініш төрт дана, өнертабыс мәнін түсінуге қажетті өнертабыс сипаттамасы, өнертабыс формуласы, сызбалар және өзге материалдар, сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылған реферат үш дана етіп тапсырылады. Басқа тілде толтырылған құжаттар бір дана, ал олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы үш дана етіп тапсырылады.

Қалған құжаттар егер олар басқа тілде толтырылса, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы бір дана етіп тапсырылады.

### & 3. Өтінім құжаттарының мазмұны

#### 1. Алдын ала патент және патент беру туралы өтініш

#### 18. Алдын ала патент және патент беру туралы өтініш толтыру тәртібі

1) Алдын ала патент және патент беру туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш) ИЗ-1 нысанында тапсырылады (осы Нұсқаулыққа 1-қосымша).

Егер қандай да болмасын мәліметтерді тиісті бағандарға сыйғызу мүмкін болмаса, оларды қосымша парақта өтініштің тиісті бағанына мына нысанда келтіреді: "өтінішке Қосымшаны қараңыз" ("Тіркелген құжаттар тізімі" бағанының тиісті бөлігіне "X" таңбасы қойылады).

2) Өтініштің "Түскен күні", "Басымдығы" бағандары, оның жоғарғы бөлігіне орналасқан 21, 22, 85 кодтар астындағы бағандары өтінім түскеннен кейін Қазпатентте толтырылады, оны өтінімші толтырмайды.

3) "Өтініш" сөзінің тікелей үстіне орналасқан 86 және 87-ші код астындағы бағандар халықаралық өтінімдер Қазақстан Республикасының ұлттық фазасына ауыстырылған жағдайда және Еуразия патент конвенциясының 16-бабына сәйкес еуразиялық өтінім Қазақстан Республикасының ұлттық өтініміне айналдырылған жағдайда толтырылады.

86-код астындағы бағандағы тиісті тұсқа "X" таңбасы қойылады және тиісінше халықаралық өтінімнің тіркеу нөмірі, алушы ведомство белгілеген халықаралық берілу күні, немесе тіркеу нөмірі және еуразия өтінімінің берілген күні келтіріледі.

87-код астындағы бағанда тиісінше халықаралық өтінімнің халықаралық жарияланған күні және еуразия өтінімінің жарияланған күні көрсетіледі.

4) алдын ала патент және патент беру туралы өтініш білдірілген бағанда "өтінімшінің (өтінімшілердің) атына" сөзінен кейін алдын ала патент және патент сұралып отырған өтінімші (өтінімшілер) туралы мәліметтер келтіріледі: жеке тұлғаның тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол бар болса), оның үстіне тегі есімінің алдында көрсетіледі немесе ресми тіркеу туралы құжатқа сәйкес заңды тұлғаның толық ресми атауы, сондай-ақ елдің ресми атауы мен толық пошта мекен-жайын қоса отырып, тиісінше олардың тұрғылықты жері, орналасқан орны туралы мәліметтер келтіріледі. Шетелдік есімдер және заңды тұлғалардың атаулары сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі транслитерациямен көрсетіледі. Өнертабыстар авторлары болып табылатын өтінімшілердің тұрғылықты жері туралы мәліметтер өтініштің екінші бетіндегі 97-кодтың астындағы бағанда келтірілген.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын немесе жүрген аттарына алдын ала патент және патент сұралатын шетелдік заңды және жеке тұлғалар үшін елінің коды Дүниежүзілік өнеркәсіп меншігі ұйымының (ВОИС) стандарты бойынша ST.3 (егер ол белгіленсе) көрсетіледі.

Егер өтінімшілер бірнешеу болса, көрсетілген мәліметтер олардың әрқайсысы үшін келтіріледі.

5) Басымдықты белгілеу туралы өтініші бар баған Заңның 20-бабының 2-5-тармақтарына сәйкес Қазпатентке өтінім берілген күннен бұрынырақта басымдық сұралған кезде ғана толтырылады. Мұндай жағдайда "X" таңбасын қоюмен тиісті тұстарда басымдық сұрауға негізі ескеріліп, негізінде басымдық сұралып отырған өтінім нөмірі немесе қосымша материалдар және басымдық сұралған күні (өтінім берілген күні немесе оған қосымша материалдар) көрсетіледі.

Егер басымдық бірнеше өтінімдер негізінде сұралса, барлық өтінімдердің нөмірлері және тиісті жағдайларда сұралған басымдықтың бірнеше күні көрсетіледі.



Конвенциялық басымдық сұралған жағдайда ВОИС ST.3. стандарты бойынша берген елдің коды көрсетіледі.

6) 54-кодтың астындағы бағанда өтініш берілген өнертабыстың (өнертабыс тобы) атауы келтіріледі, бұл өнертабыс сипаттамасында аталған атаумен сәйкес келуге тиіс. Өнертабыс атауына арнаулы атау енгізілген жағдайда тиісті тұсқа "X" таңбасымен Заңның 9-бабының 4-тармағы талаптарының сақталуы ескеріледі.

7) 98-код астындағы бағанда хат-хабар жазысуға арналған мекен-жай келтіріледі.

Хат-хабар жазысатын мекен-жай ретінде Қазақстан Республикасында тұратын жеке тұлғаның - өтінімшінің (өтінімшілердің бірінің) тұрғылықты жеріндегі мекен-жайы немесе Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғаның тұратын жерінің мекен-жайы яки өтінімші (өтінімшілер) өкілі тұратын жерінің мекен-жайы немесе Қазақстан Республикасы аумағындағы өзге мекен-жайы көрсетілуі мүмкін.

8) 74-код астындағы бағанда өтінімшінің (өтінімшілердің) өкілдері, оның ішінде патенттік сенімді өкілі (патенттік сенімді өкілдері) туралы мәліметтер келтіріледі. Патенттік сенімді өкіл өтінім берілгенге дейін белгіленген жағдайда оның тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса), тіркеу нөмірі көрсетіледі. Өзге өкіл тағайындалған жағдайда жеке тұлға үшін тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса) және заңды тұлға үшін ресми атауы көрсетіледі. Егер өтінімшілер бірнешеу болса, өкіл ретінде өтінімшілердің бірі таңдап алынуы мүмкін.

9) Өтініштің екінші бетіндегі "Тіркелген құжаттар тізімі" бағаны тиісті тұстарына "X" таңбасын қою жолымен және даналар саны және тіркелген құжаттардың әр данасындағы парақтар саны көрсетіле отырып толтырылады. Түрлері өтініш нышанында қарастырылмаған ("басқа құжат") тіркелген құжаттардың нақты бағыты көрсетіледі.

10) "Алдын ала патент және патентке өтінім беру және алу құқығы пайда болу негізі" бағанына "X" таңбасын қоюмен алдын ала патент және патентке өтінім беру және алу үшін тиісті негіз (негіздер) ескеріледі. Көрсетілген баған өтінімші автор болып табылатын немесе өтінімшілер бірнешеу болса, олардың құрамы авторлар құрамымен сәйкес келгеннен басқа жағдайларда, өтінімшінің (өтінімшілердің) атына алдын ала патент және патент сұралған жағдайда толтырылады. Өтінім беру құқығын және қорғау құжатын алуды растайтын құжат Қазпатентке тапсырылмайды.

11) 72 және 97-кодтар астындағы бағандарда автор (авторлар) туралы мәліметтер: тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса), тұрғылықты жерінің толық пошталық мекен-жайы келтіріледі, шетелдіктер үшін ВОИС ST.3. стандарты бойынша елдің коды көрсетіледі.

12) 97-кодтың астындағы бағанның оң жағына орналасқан бағанда автор өтінімші болып табылса, немесе егер автор алдын ала патент және патентке өтінім беру мен алу құқығын өтінімшіге берген жағдайда автордың қолы мен күні қойылады.

Өтінім берілгенге дейін автор қайтыс болған жағдайда туысқандық қатынасы және күні көрсетіле отырып, мұрагердің қолы қойылады. Өтінім беру кезеңінде мұрагерлік құқықты растайтын қандай да болмасын ресми құжаттар талап етілмейді.

13) 72 және 97-кодты бағандар астындағы баған автор (авторлар) алдын ала патент және патент беру туралы мәліметтер жарияланым кезінде өзін (өздерін) осылай атамауды өтінген жағдайда ғана толтырылады. Мұндай жағдайда жарияланым кезінде атамауды өтінген авторлардың әрқайсысының тегі, есімі, әкесінің аты (егер ол болса) және олардың қолдары келтіріледі.

14) Өтініштің екінші бетіндегі соңғының алдындағы баған автордың құқықтық мирасқоры өтінім беру құқығын өтінімшіге берген жағдайда толтырылады. Онда құқықтық мирасқор жайындағы: тегі, есімі және әкесінің аты (ол бар болса), жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекен-жайы немесе ресми атауы және заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекен-жайы келтіріледі. Мәліметтерге күнін көрсете отырып, құқықтық

мирасқор қолын қояды (авторлық құқықтық мирасқоры заңды тұлға болып табылатын жағдайда мәліметке жетекші қолын қойып, ол мөрмен бекітіледі).

15) Өтініштің жоғарыдағы 12)-14) тармақшаларда көрсетілген бағанын толтыру осы бағанмен қарастырылған мәліметтер мен қолдары бар құжаттарды өтінішпен бір мезгілде тапсырумен алмастырылуы мүмкін.

16) Егер өтінімші ретінде автор болып табылмайтын тұлға көрсетілсе, өтініштің соңғы "Қолы" бағанын күнін көрсетіп толтыру міндетті. Өтінішке заңды тұлғаның атынан ұйым жетекшісі немесе қызметі көрсетіле отырып, осы құрылтайшылық құжатқа уәкілетті заңды тұлға қолын қояды. Егер өтінімшілер бірнешеу болса, өтінішке өтінімшілердің әрбірі қол қояды.

Өтінім патенттік сенімді өкіл арқылы берілген кезде өтінішке патенттік сенімді өкіл қол қояды.

17) Осы тармақтың 14) және 16) тармақшаларында көрсетілген өтініш бағанындағы қолдарды қойған адамдардың тегі мен аты-жөндері ашып көрсетіледі.

18) Өтінішке қатысты кез келген өзге мәліметтер ұсынылған әрбір қосымша параққа (өтінішке қосымша) осындай тәртіппен қол қойылады.

19) Өтініш пен оған қосымшаларда түзетулер мен өшірулер болмауға тиіс. Аталған кемшіліктер болған жағдайда өтініш немесе оған қосымшаны дұрыс рәсімдеу талап етіледі.

## II. Өнертабысқа сипаттама

### 19. Сипаттаманың мақсаты

Өнертабыс сипаттамасы өнертабысты жүзеге асыру үшін толық, жеткілікті түрде ашылуға тиіс.

### 20. Сипаттама құрылымы

Сипаттама өнертабыс атауынан басталады (өтінім берілген өнертабыс қатысты болатын ХПК қазіргі редакциясы рубрикасы - сондай-ақ осы рубрика индексі белгіленген жағдайда) және келесі бөлімдерді қамтиды:

өнертабыс қатысты болатын техника саласы;

техника деңгейі;

өнертабыстың мәні;

сызба сұлбалары тізімі және өзге материалдар (егер олар тіркелсе);

өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер.

Сипаттама бөлімін қажетті мәліметтері бар (әдеби көзге, бұрын

берілген өтінім сипаттамасына, қорғау құжатына сипаттамаға және т.б.) көзге сілтеме жасаумен алмастыруға жол берілмейді.

## 21. Өнертабыстың атауы

Өнертабыс атауы, әдетте, оның мақсатын сипаттайды және бірлік санмен мазмұндалады.

Мынадай жағдайларда:

бірлік санмен қолданылмайтын атауларда;

ортақ құрылымдық формуламен қамтылатын химиялық қосылыстарға жататын өнертабыстар атауларында басқаша болады.

Дербес химиялық қосылыстарға жататын өнертабыс атауында оның атауы химияда қабылданған номенклатураның біріне енгізіледі; оның нақты бағыты, ал биологиялық белсенді қосылыстарда - биологиялық белсенділік түрі келтірілуі мүмкін.

Анықталмаған құрылымды жоғарғы молекулярлық қосылыстар алу тәсіліне жататын өнертабыс атауына осы қосылыстың атауы мен көрсеткіші, егер қажет болса, оның бағыты енгізіледі.

Құрамы анықталмаған зат-қоспа алу тәсіліне жататын өнертабыс атауына оның мақсат көрсеткіші немесе осы заттың биологиялық белсенді түрі енгізіледі.

Микроорганизмдер штаммына, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларына қатысты өнертабыстар атауына штаммның мақсаты көрсетілген латын тіліндегі биологиялық объектінің тұқымдық және түрлік (халықаралық номенклатура талаптарына сәйкес) атаулары енгізіледі.

Құрылғы, тәсіл, зат, штаммның жаңа бағыты бойынша қолданылуына қатысты өнертабыс атауы тиісті объекті үшін қабылданған ереже бойынша жасалады және оның мақсатын сипаттайды.

Бірі екіншісін алуға (даярлауға), жүзеге асыруға немесе пайдалануға арналған объектілерге жататын өнертабыстар тобының атауында бір өнертабыстың толық атауы және басқасының қысқарған атауы болады. Бірі екіншісінде пайдалануға арналған объектілерге жататын өнертабыстар тобының атауында топқа кіретін өнертабыстардың толық атауы болады.

Нұсқаларға жататын өнертабыстар тобының атауында жақшада "нұсқалар" сөзімен көрсетілген өнертабыстар тобының бір атауы болады.

Егер Қазақстан Республикасында тауар таңбаларының қорғалуына үшінші тұлғаның құқығына нұқсан келтірілмесе, өнертабыс атауы автордың есімімен немесе арнаулы атаумен толықтырылуы мүмкін.

## III. Сипаттама бөлімдерінің мазмұны

### 22. Өнертабысқа қатысты техника саласы

Бұл бөлімде өнертабысты қолдану саласы көрсетіледі. Егер мұндай салалар бірнешеу болса, артықшылықты саласы көрсетіледі.

### 23. Техника деңгейі

"Техника деңгейі" бөліміне мәнді белгілерінің жиынтығы жөнінен өнертабысқа неғұрлым жақын баламасын бөліп ала отырып, өтінімшіге белгілі өнертабыс баламалары

туралы мәліметтер келтіріледі.

Өнертабыс баламасы ретінде өнертабыстың мәнді белгілерінің жиынтығына ұқсас, белгілер жиынтығымен сипатталатын өнертабыс басымдығы күніне дейін көпшілікке танымал мәліметтерден белгілі сол мақсаттың амалы көрсетіледі.

Әрбір баламаны сипаттау кезінде өтінім берілген өнертабыстың мәнді белгілеріне ұқсас келетіндерді бөліп ала отырып, баламаны сипаттайтын белгілерді, оның ашылған ақпарат көзіндегі библиографиялық мәліметтері келтіріледі, сондай-ақ талап етілетін техникалық нәтижелер алуға кедергі келтіретін өтінімшіге белгілі себептер көрсетіледі.

Егер өнертабыс нақты мақсатты немесе биологиялық белсенді түрде анықталмаған құрамда қоспалар алу тәсіліне жататын болса, балама ретінде осындай мақсаттағы немесе осындай биологиялық белсенділікті қоспа алу тәсілі көрсетіледі.

Егер өнертабыс жаңа дербес химиялық қосылыстар, оның ішінде жоғарғы молекулярлық немесе гендік инженерия объектісін алу тәсіліне жататын болса, оның белгілі құрылымдық баламасын алу тәсілі туралы мәліметтер келтіріледі.

Микроорганизмдер штаммына, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларына - заттар продуцентіне жататын өнертабыстың неғұрлым жақын баламасын сипаттау кезінде продуценттелген заттар туралы мәліметтер келтіріледі.

Егер өнертабыс бұрыннан белгілі жаңа бағыт бойынша қолданылуға жататын құрылғылар, тәсілдер, заттар, штаммдар болса, онда осы мақсаттағы белгілі құрылғылар, тәсілдер, заттар, штаммдар оның баламаларына жатқызылады.

Өнертабыстар тобы сипатталған кезде баламалар туралы мәліметтер әрбір өнертабыс үшін жеке келтіріледі.

#### 24. Өнертабыстың мәні

Өнертабыстың мәні өнертабыстың техникалық нәтижесін қамтамасыз етуге жеткілікті маңызды белгілер жиынтығында көрінеді.

Егер олар қол жеткізілетін техникалық нәтижеге ықпалын тигізсе, яғни көрсетілген нәтижемен себеп-салдарлы байланыста болса белгілер маңызды белгілерге жатқызылады.

Бұл бөлімде өнертабысты жүзеге асыру кезінде алынуы мүмкін техникалық нәтижесі көрсетіліп, шешімі өтінім берілген өнертабысқа бағытталған міндет тыңғылықты ашылады.

Өнертабысты сипаттайтын барлық маңызды белгілері келтіріледі, неғұрлым жақын баламаның айырықша ерекшеліктері айқындалады, мұндайда сұралған құқықтық қорғау көлемі таралатын барлық жағдайда техникалық нәтижесін алуды қамтамасыз ететін белгілер жиынтығы және өнертабысты тек жекелеген жағдайларда сипаттайтын, нақтылы орындау нысандарында немесе оны пайдаланудың ерекше жағдайларындағы белгілері көрсетіледі.

Белгі сипатын осы белгі ашылған ақпарат көзіне сілтеме жасап алмастыруға жол берілмейді.

Техникалық нәтиже өнертабысты жүзеге асыру (даярлау) кезінде немесе іске асыратын құралдар пайдалануда алынуы мүмкін техникалық тиімділік, қасиет, құбылыс және т.б. сипатын білдіреді.

Егер өнертабыс бірнеше техникалық нәтижелер алуды қамтамасыз ететін болса (оның ішінде оны атқарудың нақты нысандары немесе пайдаланудың ерекше жағдайлары кезінде) оларды көрсету ұсынылады.

Техникалық нәтиже, атап айтқанда, айналыс сәтін азайту, үйкеліс коэффициентін төмендету, сыналанып қалудың алдын алу, теңселуді төмендету, ісікке қарсы белсенділікті арттыру, дәрілік препарат әрекетін жою, құю құрылымы кемістігін

болдырмау, жұмыс органының ортамен байланысын жақсарту, сұйықтықтың сіңуін төмендету, ылғалдануын жақсарту, жарылуының алдын алуда байқалуы мүмкін.

Егер өнертабыс жасау кезінде тек белгілі бағыттағы техникалық құралдар арсеналын кеңейту немесе осындай құралдарды алғаш алу міндеті ғана шешілетін болса, техникалық нәтиже осы мақсатты іске асырумен тұйықталуы мүмкін (осы мақсатты іске асыратын құрал жасауда), және оның арнаулы көрсеткіші талап етілмейді, тек ұсынылып отырған өнертабыс осындай мақсат құралдары арсеналын кеңейтеді деген түсінік келтірілсе жеткілікті.

Өнертабыстар тобы үшін көрсетілген мәліметтер, оның ішінде техникалық нәтиже де туралы, әрбір өнертабыс үшін жеке келтіріледі.

Микроорганизмдер штаммы, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларын сипаттау кезінде ол түпкі немесе жақын тұқымдас штаммдардан ерекшеленетін белгілері қосымша көрсетілуге тиіс.

Жаңа бағыт бойынша қолданылуға жататын белгілі құрылғы, тәсіл, зат, штаммдарды сипаттау кезінде осы белгілі объектінің сипаты және ол сипатталған ақпарат көзінің библиографиялық мәліметтері келтіріліп, оның белгілі және жаңа бағыты көрсетіледі.

#### 25. Сызбалар және өзге материалдардағы сұлбалар тізбесі

Сипаттаманың бұл бөлімінде сұлбалар тізбесінен басқа олардың әрқайсысында не бейнеленгеніне қысқаша көрсеткіш келтіріледі.

Егер өнертабыс мәнін түсіндіретін өзге материалдар ұсынылса, олардың мазмұндарына қысқаша түсінік келтіріледі.

#### 26. Өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Бұл бөлімде өтінімші көрсеткен бағытта іске асырумен өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігі және "Өнертабыстың мәні" бөлімінде көрсетілген техникалық нәтиже алу мүмкіндігі көрсетіледі.

Мәні жалпы түсінікте айтылған белгіні пайдаланумен сипатталатын атап айтқанда, функциялды жинақтау деңгейінде ұсынылған өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігі осы белгіні іске асыру не оны алу әдістеріне арналған құралдардың өтінім материалдарында тікелей сипатталуымен немесе осы құралдың белгілігі не оны алу әдістері көрсетіле отырып расталады.

Өнертабысты сипаттау үшін аралық мәнді түрде айқындалатын сандық белгілерді пайдалану кезінде осы аралықтағы техникалық нәтиже алу мүмкіндігі көрсетіледі.

#### 27. Құрылғыға қатысты өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Құрылғыға жататын өнертабысқа сызба сұлбаларына сілтемемен оның конструкциясының (статистикалық жағдайда) сипаттамасы келтіріледі. Сипаттамадағы құрылымдық элементтердің цифрлық белгісі олардың сызба сұлбаларындағы цифрлық белгілеріне сәйкес келуге тиіс.

Құрылғы конструкциясы сипаттамасынан кейін оның әрекеті (жұмысы) немесе сызба сұлбаларына сілтемемен пайдаланылу тәсілі сипатталады, қажет болған жағдайларда өзге де түсіндіруші материалдары (эпюра, уақытша диаграмма және т.б.) келтіріледі.

Егер құрылғыда функциональды деңгейде сипатталған элемент болса, және сипатталатын нысан бағдарламаландырылған (бапталған) көп функциональды құралдарды пайдалануды көздесе, онда аталған функция құрылғысы құрамында оған нақты телінген осындай құралмен атқару мүмкіндігін растайтын мәліметтер ұсынылады. Егер мұндай мәліметтер қатарында, атап айтқанда, есептеуіш алгоритм келтірілсе, оны блок-тәсіл түрінде немесе, егер бұл мүмкін болса, тиісті математикалық көрінісінде келтіріледі.

28. Тәсілге жататын өнертабыстарды жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Тәсілге жататын өнертабыстар үшін мысалдарда материалдық объектіге әрекет тіркестігі (әдістер, операциялар), сондай-ақ әрекет өткізу жағдайы, нақты режимдер (температура, қысым және т.б.), егер бұл қажет болса мұндайда пайдаланылатын құрылғы, заттар және штаммдар көрсетіледі. Егер тәсіл басымдық күніне дейінгі белгілі құралдарды (құрылғы, заттар және штаммдар) пайдаланумен сипатталса, осы құралдарды көрсету жеткілікті. Белгісіз құралдарды пайдалану кезінде олардың сипаты келтіріледі және қажетті жағдайларда графикалық кескіндемесі тіркеледі.

Тәсілде жаңа заттарды пайдалану кезінде оларды алу тәсілі ашылады.

Жалпы құрылымдық формуламен сипатталған жаңа химиялық қосылыстар тобын (қатарын) алу тәсіліне жататын өнертабыстар үшін осы тәсілмен қосылыстар тобын (қатарын) алу мысалы келтіріледі, ал егер топқа (қатарға) химиялық табиғат бойынша сан түрлі радикалдар қосылыстары кірсе, осы түрлі радикал қосылыстар алу мүмкіндігін растауға жеткілікті мысалдар көлемі келтіріледі. Топқа (қатарға) кіретін қосылыстар алу үшін физика-химиялық сипаттағы белгілі әдістермен расталған құрылымдық формулалар келтіріледі. Сипаттамада сондай-ақ мақсаты немесе жаңа қосылыстардың биологиялық белсенділігі мәліметтер көрсетіледі.

Анықталмаған құрылымды химиялық қосылыстар немесе анықталмаған құрылымды және/немесе құрамды қоспалар алу тәсіліне жататын өнертабыстар үшін осы қосылысты басқаларынан ажыратуға қажетті мәліметтер көрсетіледі. Қосылыстар немесе қоспалар алу үшін бастапқы реагенттер туралы мәліметтер, сондай-ақ өтінімші көрсеткен осы қосылыстар немесе қоспалар мақсатын, атап айтқанда, осы мақсат ескерілетін қасиеттер туралы мәліметтер, іске асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер келтіріледі.

Элементі немесе бұйымның өзі анықталмаған құрам және құрылымнан даярланған бұйымды алу тәсіліне жататын өнертабыстар үшін материалдың қасиеттері және пайдалану сипаттары және/немесе тұтастай бұйым туралы көрсеткіштер келтіріледі.

Адамдар немесе жануарлар ауруларын емдеу, диагностикалау немесе алдын алу тәсіліне жататын өнертабыстар үшін аурулардың этиопатогенезіне ықпал жасайтын немесе этиопатогенез және пайдаланылатын диагностикалық көрсеткіштер (егер бар болса) арасындағы байланыстың бар-жоғын көрсететін анықталған факторлар туралы мәліметтер, сондай-ақ аталған ауруларды емдеу, диагностикалау немесе алдын алу тәсіліне жарамдылығын растайтын сенімді көрсеткіштер келтіріледі.

29. Затқа жататын өнертабыстарды жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Жаңа дербес химиялық қосылыстарға жататын өнертабыстар үшін белгілі әдістермен дәлелденген құрылымдық формула, физика-химиялық константтар келтіріледі.

Гендік инженерия өнімдеріне жататын дербес қосылыстар үшін нуклеотидті дәйектілік (нуклеиндік қышқылдар бөлшегі жағдайында) немесе физикалық карта (рекомбинанттық нуклеинді қышқылдар мен векторлар), сондай-ақ аталған қосылыстарды басқаларынан ажыратуға қажетті өзге физика-химиялық сипаттар келтіріледі.

Жоғарыда аталған қосылыстар үшін жаңа қосылыс алғаш алынған тәсіл сипатталады және белгілі мақсатта осы қосылыстарды пайдалану мүмкіндігі көрсетіледі. Биологиялық белсенді қосылыстар үшін сондай-ақ сандық белсенділік сипат көрсеткіштері және улылығы, ал қажет болған жағдайларда - таңдалған әрекеттер мен басқа да көрсеткіштер келтіріледі.

Егер өнертабыс адамдар немесе жануарлардың белгілі бір ауруларын емдеу, диагностикалау немесе алдын алуға арналған құралға жататын болса, сипаттамада ауру этиопатогенезіне осы құралдың ықпалын түсіндіретін анықталған факторлар туралы мәліметтер, ал мұндай мәліметтер болмаған жағдайларда - аталған ауруды емдеу, диагностикалау немесе алдын алуға оның жарамдылығын растайтын сенімді көрсеткіштер келтіріледі.

Егер жаңа дербес химиялық қосылыстар микроорганизмдер штаммы, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларын пайдалану арқылы алынса, осы штаммның қатысуымен биосинтез тәсілі туралы мәліметтер, ол жөніндегі көрсеткіштер және оны депонирлеу туралы мәліметтер келтіріледі.

Егер өнертабыс жалпы құрылымдық формуламен сипатталған жаңа дербес химиялық қосылыстар тобына (қатарына) жататын болса, барлық қосылыстар топтарын (қатарын) жалпы тәсім тәсілін алуға келтіру жолымен алу мүмкіндігі расталады, сондай-ақ нақты қосылыстар тобын (қатарын) алу мысалымен, ал егер топқа (қатарға) түрлі химиялық табиғи радикалдар қосылса, осы түрлі радикалдармен қосылыстар алу мүмкіндігін растауға жеткілікті болады.

Қосылыстар алу үшін сондай-ақ белгілі әдістермен расталған олардың құрылымдық формулалары, физика-химиялық константтары, химиялық табиғи радикалдар бойынша кейбір қосылыстарға қатысты мүмкіндігін растаумен көрсетілген мақсатын іске асыру мүмкіндігінің дәлелі келтіріледі.

Егер өнертабыс аралық қосылыстарға жататын болса оның белгілі ақырғы өнімге ұқсатылуы, не одан нақты мақсатты немесе биологиялық белсенділікті жаңа ақырғы өнім алу мүмкіндігі көрсетіледі.

Анықталмаған құрылымды жаңа химиялық қосылыстарға немесе анықталмаған құрамды қоспа және/немесе құрылымға жататын өнертабыстар үшін осы қосылыстарды немесе қоспаларды басқаларынан ажыратуға қажетті көрсеткіштер келтіріледі. Қосылыстар немесе қоспалар алу үшін бастапқы реагенттер туралы мәліметтер, сондай-ақ өтінімші көрсеткен осы қосылыстар немесе қоспалардың, атап айтқанда, осы мақсатын белгілейтін қасиеттері туралы мәліметтердің мақсатын іске асыру мүмкіндігін растайтын көрсеткіштер келтіріледі.

Егер өнертабыс композицияға (қоспа, ерітінді, балқыма, шыны және т.б.) жататын болса оның композициялық құрамына кіретін ингредиенттер, олардың сипаты және сандық қатынасы көрсетілген мысалдар келтіріледі. Композиция алу тәсілі сипатталады, егер ол ингредиент ретінде жаңа затқа иеленсе, оны алудың тәсілі сипатталады.

Келтірілген мысалдарда әрбір ингредиенттің мазмұны өнертабыстың аралық маңызды формуласында көрсетілген шегінде болады (өнертабыс формуласындағы ингредиенттердің сандық қатынасы процентінде (массасы немесе көлемі жөнінде) мысалда көрсетілген барлық ингредиенттердің жиынтық мазмұны 100%-ке теңеледі).

30. Микроорганизмдер штаммына, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларына жататын өнертабыстарды жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Штаммға жататын өнертабыстар үшін номенклатуралық көрсеткіштер және штаммның шығу тегі, қоректену ортасының сандық және сапалық құрамдары туралы көрсеткіштер (себілетін және ферментациялық), өсіру жағдайлары (температурасы, рН, O<sub>2</sub> үлесті масса ауысымы, жарықтылығы және т.б.) ферментация уақыты, биосинтез сипаты, пайдалы (мақсатты) өнімдер, өнімнің шығуы туралы, штаммның белсенділік (өнімділік) деңгейі және оны айқындау (тесттеу) тәсілдері көрсетіледі. Мақсаттық өнімдерді бөліп алу және тазарту тәсілі ашылады (жаңа мақсаттық өнімдер продуценттері үшін, мысалы, антибиотиктер, ферменттер, моноклональды антиденелер және т.б.).

Микроорганизмдер және өсімдіктер мен жануарлар жасушалары консорциумы үшін келесі көрсеткіштер келтіріледі: компоненттер бар-жоғы әдісі, осы бойынша селекция жүргізілген бөліну (селекция) және белгілер әдісі, ұзақ өсіру кезіндегі консорциум тұрақтылығы, бөтен микроорганизмдер залалдарына төзімділік.

Микроорганизмдер штаммына, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларына жататын өнертабыстарды жүзеге асыру мүмкіндігі не оның пайдаланылу тәсілі штамм алу тәсілінің сипатталуымен расталады, күні өнертабыстың басымдық күнінің алдынан келетін депонирлеу туралы (депозитарий-коллекция атауы және депонирленген объектіге берілген тіркеу нөмірі) мәліметтер ұсынылады.

Егер штамм ең кем дегенде патент қызметі мерзіміне объектінің өмірлік қабілетін қолдауға кепілдік беретін халықаралық немесе қазақстандық коллекцияға орналастырылса, патент процедурасы мақсаттарына арналған депонирлеу жүзеге асырылды деп есептеледі.

31. Жаңа мақсатта қолдануға жататын өнертабыстарды жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Жаңа мақсат бойынша құрылғы, тәсіл, зат, штамм қолданылуға жататын өнертабыстар үшін олардың осы мақсатта іске асырылу мүмкіндігін растайтын мәліметтер келтіріледі.

#### IV. Өнертабыс формуласы

32. Өнертабыс формуласын белгілеу және оған қойылатын талаптар

1) Өнертабыс формуласы алдын ала патент және патентпен берілетін құқықтық қорғау көлемін анықтауға арналады.

2) Өнертабыс формуласы толығынан сипаттамаға негізделуге тиіс, яғни өнертабысты оның сипаттамасындағы түсініктермен сипаттауы керек.

3) Өнертабыс формуласы егер ол өтінімші көрсеткен техникалық нәтижеге жетуге жеткілікті маңызды белгілері болса, оның мәнін көрсетеді деп танылады.

4) Өнертабыс белгілері өнертабыс формуласында оларды ұқсастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету түрінде көрінеді, яғни олардың мәндік мазмұнының белгілі техникалық деңгейі негізінде маманның біртекті ұғымында болады.

5) Өнертабыс формуласындағы белгі сипатын ақпарат көзіне сілтемемен



алмастыруға болмайды. Белгі сипатын сипаттама немесе өтінім сызбаларына сілтемемен алмастыруға оның ұқсастығы туралы талаптарға нұқсан келтірмей белгіге мұндай сілтемесіз сипаттау мүмкін болмаған жағдайларда ғана жол берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, атап айтқанда, "...сұлбада көрсетілгендей...", "сипаттама... бөлігінде... сипатталғандай..." деген сөздер пайдаланылуы мүмкін. Сызбаларға сілтеме сөзбен немесе математикалық тәсілмен сипатталуға келмейтін, орындалу нысанымен ерекшеленетін объектілерді сипаттау кезінде, сондай-ақ өнертабыс объектісі қасиеттері тек кестелер және диаграммалар көмегімен ғана сипатталуы мүмкін химиялық заттар болып табылатын жағдайларда пайдаланылуы мүмкін.

6) Өнертабыс белгісін егер ортақ ұғымды сипаттау өтінімші көрсеткен техникалық нәтиже алудың басқа да белгілерімен жиынтығын қамтамасыз етсе, оны іске асырудың түрлі нысандарын қамтитын ортақ ұғыммен (функция, қасиет және т.б. білдіретін) сипаттау орынды.

Көрсетілген баламалы таңдаудың кез келгенінде мұндай белгі өнертабыстың басқа да белгілерімен жиынтығында бір ғана техникалық нәтиже алуды қамтамасыз етсе, белгі баламалы түрде көрсетілуі мүмкін.

Осы объектіні сипаттаудың өзге нысаны қиындық келтірсе, және олар жалпыға белгілі және нақты маңызға ие болса, өнертабыс формуласында өнімдер, заттар және т.б. шартты атауларын пайдалануға жол беріледі.

### 33. Өнертабыс формуласының құрылымы

Формула біртізбекті және көптізбекті болуы және тиісінше бір немесе бірнеше тармақты құрауы мүмкін.

### 34. Біртізбекті өнертабыс формуласы

Біртізбекті өнертабыс формуласы оны орындау немесе пайдалану жағдайына қатысты дамыту және/немесе анықтауы жоқ бір өнертабыстың маңызды белгілер жиынтығын сипаттауға қолданылады.

### 35. Көптізбекті өнертабыс формуласы

Көптізбекті өнертабыс формуласы өнертабысты орындау немесе пайдаланудың жеке жағдайларына немесе өнертабыстар тобын сипаттауға қатысты оның белгілер жиынтығын дамыту және/немесе анықтаумен бір өнертабысты сипаттау үшін қолданылады.

Бір өнертабысты сипаттайтын көптізбекті формуланың бір тәуелсіз тармағы және келесі оған тәуелді тармағы (тармақтары) болады.

Өнертабыстар тобын сипаттайтын көптізбекті формуланың бірнеше тәуелсіз тармақтары болады, олардың әрқайсысы өнертабыстар тобының біреуін ғана сипаттайды. Мұндайда топтың әрбір өнертабысы тиісті тәуелсізге бағынышты тәуелді тармақтар келтірілуімен сипатталуға тиіс.

Көптізбекті формула тармақтары 1-ден бастап, орналасу тәртібімен араб цифрларымен нөмірленуге тиіс.

Өнертабыстар тобын сипаттайтын формулаларды орналастырған кезде келесі ережелер сақталады:

жекелеген өнертабыстарды сипаттайтын тәуелсіз тармақтарда, әдетте, формуланың басқа тармақтарына сілтемелер болмайды (мұндай сілтемеге тек осы тәуелсіз тармақты ондағы басқа тармақпен толық қайталамаған жағдайда ғана жол беріледі);

түрлі өнертабыстар топтарын сипаттау үшін бір ғана мазмұнды тәуелді тармақтар

келтірілетін жағдайларды қоса отырып, тәуелді тармақтар өздері бағынышты тәуелсіз тармақтармен топтасады.

### 36. Формула тармағы

1) Формула тармағы, әдетте, неғұрлым жақын ұқсас белгілері сәйкес келетін өнертабыс белгілерінен тұратын шектеу бөлімінен, оның ішінде формула баяндалуы басталатын бағыттағы тектік ұғымнан және өнертабысты неғұрлым жақын баламасынан ажырататын белгілер кіретін ерекшелік бөлімінен тұрады.

Формула тармағын құрастыру кезінде шектеу бөлімі баяндалған соң "былайша ерекшеленетін" деген сөз тіркесі келтіріліп, бұдан кейін тікелей ерекшелік бөлімі келтіріледі.

Өнертабыс формуласы:

дербес химиялық қосылыстар;  
микроорганизмдер штаммы, өсімдіктер мен жануарлар жасушалары;  
бұрыннан белгілі құрылғы, тәсіл, зат, штаммдар жаңа мақсатта қолдану;  
баламасы жоқ өнертабыстар ретінде сипатталса, шектеулі және ерекшелік бөлімдері тармақтарына бөлінбей құрастырылады.

2) Формула тармағы бір сөйлем түрінде баяндалады.

### 37. Формуланың тәуелсіз тармағы

1) Өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағы бір ғана өнертабысқа қатысты болуға тиіс. Ол өнертабысты құқықтық қорғау сұралып отырған көлемін айқындайтын оның белгілер жиынтығымен сипаттайды және өнертабыс объектісін логикалық анықтау түрінде көрінеді.

2) Егер ондағы белгілер жиынтығы:

бір ғана техникалық нәтиже алуды қамтамасыз етпейтін белгілер баламасы түрінде көрінсе, не әрқайсысы бірнеше функциональды дербес белгілер құрайтын белгілердің баламалық түрінде көрінсе (құрылғының торабы немесе бөлшегі; тәсіл операциясы, зат, материал, тәсілде қолданылатын айлабұйым; композиция ингредиенті және т.б.), оның ішінде қандай да болмасын осындай белгілерге арналған баламаның таңдауы басқа (басқалар) белгісіне (белгілеріне) жүргізілген таңдауға тәуелді болса;

әртүрлі объектілерге немесе әрқайсысы көрсетілген ортақ мақсаттағы құралдар жиынтығын іске асырусыз дербес мақсатты құралдар жиынтығына жататын өнертабыстар сипаттамасы енетін болса, онда формуланың тәуелсіз тармағы бір өнертабысқа қатысты деп танылмайды.

### 38. Формуланың тәуелді тармағы

1) Өнертабыс формуласының тәуелді тармағы тек оны орындау немесе пайдаланудың жеке жағдайларын сипаттайтын тәуелсіз тармақта, белгілерде келтірілген өнертабыс белгілері жиынтығының дамуын және/немесе анықталуын қарастырады.

2) Формуланың тәуелді тармағының шектеулі бөлігі әдетте тәуелсіз тармақта келтірілгенмен салыстырғанда қысқаша мазмұндалған өнертабыс мақсатын көрсететін тектік ұғымнан және осы тәуелді тармақ жататын тәуелсіз тармақ және/немесе тәуелді тармақтан (тармақтардан) тұрады. Тәуелді тармақ формуланың бірнеше тармағына бағынысты болғанда оларға сілтемелер баламаларды пайдаланумен көрсетіледі.

Егер жекелеген жағдайларда оны орындау немесе пайдалануда өнертабысты сипаттау үшін тәуелді тармақ белгілерімен қатар тек тәуелсіз тармақ белгілері

қажет, осы тәуелді тармақтың бағыныстылығы тікелей тәуелсіз тармақта пайдаланылады. Егер аталған сипатқа бір немесе формуланың бірнеше тәуелді тармақтарының белгілері қажет болса, осы тәуелді тармақтың тәуелсіз тармаққа бағыныстылығы тиісті тәуелді тармақтар арқылы пайдаланылады.

3) Формуланың тәуелді тармағы ол бағынысты формуланың сол тармағында сипатталған өнертабыс белгілері алмастырылмай немесе алып тасталмай баяндалуға тиіс, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 37-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сипатты жиынтық белгілер кірмеуі керек.

Егер формуланың тәуелді тармағы тәуелсіз тармақ белгілерін алмастыратын немесе алып тастайтындай құрастырылса, осы тәуелді тармақ өзі бағынатын тәуелсізбен бір өнертабысты сипаттайды деп танылуға тиіс емес.

#### 39. Құрылғыға жататын өнертабыс формуласының ерекшеліктері

Құрылғы белгілері формулада оның статистикалық жағдайын сипаттайтындай баяндалады. Құрылғының конструкциялық элементін орындауды сипаттау кезінде оның жылжымалығын, оның белгілі функцияны іске асыру мүмкіндігін (мысалы, бекіту мүмкіндігімен тежеу мүмкіндігі) және т.б. көрсетуге болады.

#### 40. Тәсілге жататын өнертабыс формуласының ерекшеліктері

Материалдық объектіге іс-әрекеттерді сипаттайтын тәсіл белгілері осы мақсаттардағы етістіктерді пайдаланумен, үшінші жақта, көпше түрінде баяндалады (қыздырып жатыр, ылғалдап жатыр, тесіп жатыр және т.б.).

#### 41. Затқа жататын өнертабыс формуласының ерекшеліктері

Кез келген текті дербес химиялық қосылыстарды сипаттайтын өнертабыс формуласына қосылыстың атауы немесе көрсеткіші енгізіледі. Гендік инженерия өнімдеріне жататын қосылыстар үшін өнертабыс формуласына нуклеотидті дәйектілік (нуклеинді қышқылдар бөлшегі жағдайында) және физикалық картаның сөздік сипаттамасы (рекомбинанттық нуклеинді қышқылдар және векторлар жағдайында), сондай-ақ физика-химиялық және аталған қосылыстарды басқаларынан айыруға қажетті өзге де сипаттамалар енгізіледі. Белгіленген құрылыммен қосылу үшін өнертабыс формуласына оның құрылымдық формуласы енгізіледі. Белгіленбеген құрылымға қосылу үшін өнертабыс формуласына осы қосылыстарды басқаларынан айыруға қажетті физика-химиялық және өзге сипаттамалар, атап айтқанда, оны алудың тәсілі енгізіледі.

Композицияны сипаттайтын өнертабыс формуласына оған кіретін ингредиенттер, және қажет болған жағдайларда ингредиенттердің сандық мазмұнына жататын белгілер енгізіледі.

Егер композицияны сипаттайтын формуланың ингредиенттердің сандық мазмұнына жататын белгілері болса, онда олар мазмұнның (төменгі және жоғарғы) ең аз және ең көп шегін сипаттайтын кез келген бір маңызды, әдетте, екі маңызды бірлікте көрінеді.

Композиция ингредиенттерінің бірінің мазмұны бір маңызды көрсетілуіне болады, ал қалған ингредиенттер мазмұны - осы жалғыз маңызды қақындағы маңыздар аралығы түрінде көрінеді (мысалы, ингредиенттер мазмұны композицияның негізгі ингредиентіне 100 мас.с. немесе ерітіндінің 1 л келтіріледі).

Композиция құрамындағы антибиотиктер, ферменттер, анатоксиндер және т.б. сандық мазмұны композицияның қалған компоненттер бірлігінен өзге бірліктерде

көрсетілуі мүмкін (мысалы, массалық проценттердегі композицияның қалған ингредиенттерінің санына қатысты мың бірлікте.).

Егер композицияға жататын өнертабыс қосымша ингредиент енгізілумен сипатталса, формулаға тиісті ерекшелік белгілерінің алдынан "қосымшасы болады" деген сөз тіркесі енгізіледі.

Мақсаты белсенді бастаумен айқындалатын, ал басқа компоненттері осы мақсаттағы композицияларда дәстүрлі қолданылатын шеңбердің бейтарап тасығыштары болып табылатын композициялар үшін формулада тек осы белсенді бастау және композиция құрамындағы оның сандық мазмұны, оның ішінде "тиімді саны" нысанында көрсетуге болады.

Мұндай композиция сипатының басқа нұсқасында белсенді бастаудан өзге, "мақсаттық қосымша" жинақты ұғымы нысанында басқа компоненттер (бейтарап тасығыштар) көрсетілуі мүмкін. Мұндай жағдайда белсенді бастау мен мақсаттық қосымшаның сандық қатынасы көрсетіледі.

Егер өнертабыс белгісі ретінде күрделі құрамды белгілі зат көрсетілсе, оның арнаулы атауын функциясын немесе осы заттың қасиетін және оның негізін көрсетіп пайдалануға жол беріледі. Мұндай жағдайда өнертабыс сипаттамасына осы зат сипатталған ақпарат көзі келтіріледі.

42. Микроорганизмдер тегі, өсімдіктер мен жануарлар жасушасына жататын өнертабыстар формуласының ерекшеліктері

Микроорганизмдер тегі, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларына жататын формулаға биологиялық объектінің латын тіліндегі тұқымдық және түрлік атауы, коллекция-депозитарияның атауы мен шартты қысқарған атауы, депонирленген объектіге коллекциядан берілген тіркеу нөмірі, және тегінің мақсаты жатады.

43. Жаңа мақсат бойынша қолданылуға жататын өнертабыс формуласының ерекшеліктері

Өнертабыс объектісі ретінде белгілі құрылғы, тәсіл, зат, тегі жаңа мақсат бойынша қолданылатын болып табылатын жағдайларда келесі құрылымды формула пайдаланылады: "Қолдану... (белгілі құрылғы, тәсіл, зат немесе тегінің атауы немесе сипаты) ретінде... (көрсетілген құрылғы, тәсіл, зат немесе тегінің жаңа мақсаты келтіріледі)".

44. Сызбалар және өзгертүсіндіруші материалдар

Сызбалар және өзге түсіндіруші материалдар егер олар өнертабыс мәнін түсіну үшін қажет болған жағдайда ұсынылады.

Түсіндіруші материалдар графикалық кескіндемелер (тәсім, сурет, графика, эюр, осциллограмм және т.б.), фотосуреттер және кестелер түрінде ресімделуі мүмкін.

Суреттер өнертабысты сызбалар немесе тәсімдермен бейнелеу мүмкін болмаған жағдайларда ұсынылады.

Фотосуреттер графикалық кескіндемелерге қосымша ретінде ұсынылады. Төтенше жағдайларда, мысалы, хирургиялық операциялар жасау кезеңдерін бейнелеу үшін фотосуреттер түсіндіруші материалдардың негізгі түрі ретінде ұсынылуы мүмкін.

Сызбалар, тәсімдер және суреттер жеке (жекелеген) парақта (парақтарда) ұсынылып, оң жақ жоғарғы бұрышында өнертабыстың атауы келтіріледі.

Ұсынылған сызбалар мен өзге де материалдар сипаттама мәтінімен келістірілуге тиіс. Сызбалардағы барлық мәндерге сипаттамада сілтеме болуға тиіс.

#### 45. Реферат

Реферат өнертабыстар туралы ақпарат мақсаттары үшін қызмет етеді және атауы, өнертабыс жататын техника саласына сипаттамасы енетін, өнертабыс сипаттамасының қысқаша баяндалған мазмұнын құрайды және/немесе егер бұл атауынан анық болмаса, қолданылу саласы, қол жеткен техникалық деңгейі көрсетілген мәнінің сипаттамасы кіреді. Өнертабыс мәні рефератта әрбір тәуелсіз тармағының барлық маңызды белгілері сақтала отырып, формула еркін баяндалуымен сипатталады.

Қажет болған жағдайларда рефератқа сызба немесе химиялық формула кіреді; Рефератқа кірген сызба сипаттамада көрсетілген сызбалардың бір сұлбасымен ұқсас болған жағдайда реферат мәтіні сияқты дана санымен жеке парақта тапсырылады.

Рефератта қосымша мәліметтер болуы мүмкін, атап айтқанда, формуланың тәуелді тармақтарының бар-жағы мен саны, графикалық кескіндемелер, кестелер.

Реферат мәтінінің көлемі - 1000 баспа таңбадай болуға тиіс.

#### 46. Қазпатент алдындағы өкілдікке сенімхат

1) Сенімхат келесі талаптарға жауап беруге тиіс:

сенімхат қарапайым жазба нысанында жүргізіледі және нотариалдық растауды талап етпейді;

сенімхатты өтінімші береді (қолын қояды). Заңды тұлға атынан берілетін сенімхатқа оның басшысы немесе қол қойған адамның лауазымы көрсетіле отырып, бұған құрылтайшы құжаттарымен уәкілеттік алған өзге тұлғаның қолы қойылып, осы заңды тұлғаның мөрімен бекітіледі;

сенімхатта өтінімші атынан өкіл жүргізе алатын тапсырылған іс-әрекеттер нақты көрсетілуге тиіс;

сенімхатта оны жүргізетін күні көрсетілуге тиіс, онсыз заңды деп танылмайды; сенімхатта оны жүргізетін жері көрсетілуге тиіс.

2) Сенімхаттың іс-әрекет мерзімі үш жылдан аспауға тиіс. Егер сенімхатта іс-әрекет мерзімі көрсетілмесе, ол берілген күннен бастап жыл бойына күшін сақтайды. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде іс-әрекет мерзімі көрсетілмей берілген сенімхаттың іс-әрекет мерзімі сенімхат берілген елдің құқығы бойынша айқындалады.

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар берген сенімхат тек Қазпатентке сенімді өкіл ретінде тіркелген жеке тұлғаға ғана берілуі мүмкін.

4) Сенімхат Қазпатентте тіркелген бірнеше патенттік сенімді өкілдің атына берілуі мүмкін, мұндайда өкілдікті бұлардың біреуі ғана атқарады. Егер олардың іс-әрекеттері бір-бірлерімен қайшы келсе, бұл туралы өтінімшіге хабарланады, ал атқарылған іс-әрекеттер өтінімші мақұлдағанға дейін тоқтатылады.

5) Сенімхат берілген жеке тұлға өкілдік алған іс-әрекеттерді ғана жүзеге асыруға тиіс. Сенімді асыра пайдалану берілген сенімхатта осындай өкілдік берілген күнде ғана мүмкін. Мұндай жағдайда Қазпатентке сенімді асыра пайдалану тәртібінде берілген нотариалды расталған сенімхат және оны беруге негіздеме сенімхат тапсырылады. Мұндайда сенімді асыра пайдалану тәртібінде берілген сенімхаттың іс-әрекет мерзімі соның негізінде берілген бастапқы сенімхаттың іс-әрекет мерзімінен аспауы керек.

6) Сенімхаттың іс-әрекеті төменгілердің салдарынан тоқтатылады: сенімхат мерзімі біткенде;

сенімхатта қарастырылған іс-әрекеттерді жүзеге асырған соң;  
сенімхат берген тұлға оны жойған соң;  
сенімхат берілген тұлға бас тартқан кезде;  
атынан сенімхат берілген заңды тұлғаның тіршілігі тоқтаған кезде (жойылып,  
қайта ұйымдасып);  
сенімхат берген тұлға өлген жағдайда, оны ақыл-есі дұрыс емес, ақыл есі-  
шектеулі деп танығанда немесе хабарсыз кеткен жағдайда;  
атынан сенімхат берілген заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанда;  
атына сенімхат берілген азамат өлгенде, оның ақыл есі дұрыс емес, ақыл-есі  
шектеулі деп танылғанда немесе хабарсыз кеткенде.  
Сенімхат тоқтатылуымен бірге сенімді асыра пайдалану да күшін жояды.

#### 47. Мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтініш

Мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтініш өнертабысқа патент сұралған  
кезде беріледі.

Заңның 22-бабының 7-тармағына сәйкес өтінішті алдын ала патент беру туралы  
мәліметтер жарияланғаннан кейін өтінімші немесе үшінші тұлға береді, бірақ Заңның  
5-бабының 3-тармағына сәйкес өнертабысқа өтінім берілген күннен бастап үш жылдан  
кешіктірмей немесе алдын ала патент іс-әрекеті мерзімін ұзартқан жағдайда өтінім  
берілген күннен бастап бес жылға беріледі.

Берілген өтініште Заңның 22-бабының 11-тармағына сәйкес жүргізілген  
ақпараттық ізденіс нәтижелерін пайдалану туралы сұрау болуы мүмкін.

Өтініш мәні жөніндегі сараптама жүргізу төлемін растайтын құжат тапсырылған  
жағдайда және алдын ала патентті күшінде ұстауға ақы төленгенін растайтын құжатты  
өтінімші берген жағдайда ғана заңды болады.

Егер өтінімші көрсетілген мерзімде мәні жөніндегі сараптама жүргізу туралы  
өтінішті дәлелді себептерсіз тапсырмаса, өнертабысты құқықтық қорғау алдын ала  
патент іс-әрекеті мерзімі өткен соң тоқтатылады.

Заңның 22-бабының 13-тармағына сәйкес өтінімші өткізіп алған өтініш беру  
мерзімі дәлелді себептері болған жағдайда және өтіп кеткен мерзімді қалпына  
келтіруге ақы төленгені туралы құжат табыс етілген жағдайда мерзім өтіп кеткен  
күннен бастап он екі ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін.

Өтініш ИЗ-2 нысанында беріледі (осы Нұсқаулыққа 2-қосымшасы).

Өтініште өтінім бойынша келесі мәліметтер болады: өтінім нөмірі, оның  
берілген күні, өнертабыстың атауы, өтінімші туралы мәліметтер, РСТ өтінімдерінің  
тіркеу мәліметтері (егер өтінім Патент кооперациясы туралы шартқа сәйкес берілсе),  
өтінім берілген күннен бұрынырақтағы басымдығы сұралған жағдайда бұрынырақтағы  
өтінім (өтінімдер)дің бірінші N көрсетілуге тиіс, және конвенциялық басымдығы  
сұралған жағдайда бірінші өтінім берілген елдің коды көрсетіледі.

Өтініш көрсетілген әрбір тәуелсіз тармақ үшін ақы төленгенін растайтын құжат  
тапсырумен өтінімшінің мәні жөнінде сараптама жүргізу жөнінде өтініш білдірген  
өнертабыс формуласының тәуелсіз тармақтарын көрсетуі тиіс.

Өтінішке оны берген адамның қолы қойылады. Заңды тұлға атынан қол қойылған  
кезде басшының қолы мөрмен бекітіледі.

Егер өтініш берілген соң өтінімші өнертабыс формуласына тәуелсіз тармақтар  
санын өзгертуге әкеліп соқтыратын өзгертулер енгізсе, оған мәні жөнінде сараптама  
жүргізуді бастауға дейін өзгертілген тәуелсіз тармақтар санын көрсетіп жаңа өтініш  
беруі қажет.

#### & 4. Ресімдеуге талаптар

#### 48. Жол берілмейтін элементтер

Өтінімде адамгершілік және қоғамдық тәртіпке қайшы келетін ұғымдар, сызбалар, суреттер, фотосуреттер және өзге де материалдар болмауға тиіс; өнімдер немесе технологиялық процестер хақында сондай-ақ басқа тұлғалардың өтінімдері немесе қорғау құжаттарына менсінбеушілік сөздер, өнертабысқа не осы Нұсқаулықтың тиісті талаптарына өтінімдер құжаттарын тану үшін қажетті болып табылмайтын сөздер немесе мәліметтерге жол берілмейді.

#### 49. Терминология мен көрсеткіштер

Өнертабыс формуласында, сипаттама және оны түсіндіруші материалдарда, сондай-ақ рефератта стандартталған терминдер мен қысқартулар, ал олар болмаған жағдайда жалпыға ортақ ғылыми және техникалық әдебиеттер пайдаланылады.

Әдебиетте кеңінен қолданылмайтын терминдер мен көрсеткіштерді пайдалану кезінде олардың маңызы алғашқы қолданылу мәтінінде түсіндіріледі.

Барлық шартты көрсеткіштер ашық көрсетіледі. Сипаттамада және формулада бірлік терминологиясы сақталады, яғни сипаттама мәтіні және формуладағы сол бір белгілер бір атаумен аталынады. Терминология бірлігі талаптары физикалық бірлік өлшемдеріне және шартты көрсеткіштерді пайдалануға да қатысты болады.

Өнертабыс атауында қажет болған жағдайларда латын әліпбиі мен араб әліпбиі нышандары болуы мүмкін. Өнертабыс атауында өзге әліпби нышандарын, арнаулы таңбалар қолдануға жол берілмейді.

Физикалық көлемдер Халықаралық бірліктер жүйесі бірліктерімен белгіленеді.

#### 50. Репродукциялауға жарамдылық

Барлық құжаттар оларды тікелей репродукциялауға боларлықтай етіп ресімделеді. Әрбір парақ аздау бетіндегі жолдарға параллель күйде бір жағынан ғана пайдаланылады.

#### 51. Пайдаланылатын материал

Өтінім құжаттары берік, ақ тегіс, жылтыр емес қағазда орындалады.

#### 52. Жекелеген парақтар, парақ көлемі

Өтінімнің әрбір құжаты жеке парақта басталады. Парақтың көлемі 210 x 297 мм болады. Сипаттама, формула, рефераттан тұратын парақ бетінің ең кіші мөлшері:

жоғарғы жағы - 20,

оң және төменгі жағы - 20,

сол жағы - 25 мм.

Сызбалардан тұратын парақ бетінің ең кіші мөлшері:

жоғарғы жағы - 25,

сол жағы - 25,

оң жағы - 15,

төменгі жағы - 10 мм.

Фотосурет мөлшері белгіленген өтінім құжаттары парағы көлемінен аспауы керек. Шағын көлемді фотосуреттер белгіленген талаптар сақтала отырып, қағаз парағына желімделіп беріледі.

#### 53. Нумерация листов<\*>

В каждом документе заявки второй и последующие листы нумеруются арабскими цифрами.

<\*> Ескерту: 53-тармақтың қазақша аудармасы болмағандықтан мәтіні орысшада беріліп отыр.

#### 54. Мәтіннің жазылуы

Құжаттар қара түсті қарыптармен басылады. Сипаттама мәтіні, формула және реферат 2,1 мм. әріптерден кем емес бас әріптер биіктігімен екі интервал арқылы басылады.

Графикалық нышандар, латын атаулары, латын және грек әріптері, математикалық және химиялық формулалар немесе нышандар қара түсті сия, паста немесе тушьпен жазылуы мүмкін. Формулаларды баспа түрінде және қолдан жазып араластыруға жол берілмейді.

#### 55. Химиялық формулалар



Сипаттамада, өнертабыс формуласында және рефератта химиялық формулалар пайдаланылуы мүмкін.

Құрылымдық химиялық формулаларды жазу кезінде элементтердің жалпыға ортақ қолданылатын нышандарын қолдану және элементтер мен радикалдар арасындағы байланыстарды нақты көрсету қажет.

#### 56. Математикалық формулалар мен нышандар

Сипаттамада, өнертабыс формуласы мен рефератта математикалық көрсеткіштер (формулалар) және нышандар пайдаланылуы мүмкін.

Математикалық көрсеткіштер нысанын беру регламенттелмейді.

Математикалық формулалардағы барлық әріптік белгілердің мағыналары ашылады. Формулаға түсініктерді бағанмен жазып, әрбір жолдан кейін нүктелі үтір қойылады. Мұндайда әріптік мағына ашу кезінде олардың формулада қолданылуы ретпен беріледі.

Математикалық белгілер:,, және басқалар тек математикалық формулаларда пайдаланылады, ал мәтінде сөзбен (үлкен, кіші, тең және т.б.) жазылады.

Оң өлшемдер арасындағы аралықтарды белгілеу үшін таңбасын (бұдан және соған дейін) қолдануға болады. Басқадай жағдайларда "бұдан" және "соған" сөздерімен жазу керек.

Проценттік көрсеткіш кезінде проценттің өлшемдік таңбасы (%) саннан кейін қойылады. Егер өлшем бірнеше болса, онда проценттік таңба олардың алдынан қойылады және олардан қос нүктемен бөлінеді.

Математикалық формулалардағы тасымалға тек таңба бойынша ғана жол беріледі.

#### 57. Графикалық кескіндеме

1) Графикалық кескіндеме (сызбалар, тәсімдер, графиктер, суреттер және т.б.) ұзына бойына біркелкі қалыңдықта өшпейтін қара нақты сызықтармен, бояма және бояусыз орындалады.

2) Кескіндеме көлемі және айқындығы фотографиялық көшірме кезінде барлық бөлшектерін айыруға боларлықтай таңдап алынады.

3) Цифрлар мен әріптерді жақшаға, тырнақшаға алуға болмайды. Цифрлар мен әріптердің биіктігі 3,2 мм. кем таңдалмайды.

4) Әрбір графикалық кескіндеме оның түріне қарамастан араб цифрларымен сұлба ретінде (1-сұлба, 2-сұлба және т.б.) нөмірлеудің ортақ тәртібімен, сипаттама мәтінінде кезегімен аталуына сәйкес нөмірленеді.

5) Бір парақта бірнеше сұлба орналастырылуы мүмкін, мұндайда олар бір-бірлерінен нақты бөлініп тұрады. Егер екі және одан да көп парақтарда орналастырылған сұлбалар ортақ сұлба бөлшектерін құраса, олар түрлі парақтарда кескінделген сұлбалардың кез келген бөлігін қалдырып кетпей тұлғалануға тиіс.

Жекелеген сұлбалар парақта немесе парақтарда барынша қанық орналастырылып және кескіндемені парақтың ұзын жағынан тік орналасқан жағдайда оқылатындай болуы керек.

6) Сызбалар техникалық сызбалар даярлау ережелері бойынша орындалады.

7) Сызбада тік бұрышты (ортогоналды) проекцияны (әрқилы түрде, кесінділерде және жармаларда) пайдалану тиімді болып табылады; сондай-ақ аксонометрлік

проекцияны пайдалануға да жол беріледі.

8) Кесінділер сілтемелік көрсеткіштер мен негізгі сызықтарды анық оқуға кедергі жасамайтындай көлбеу сызбалармен орындалады.

9) Сызбадағы әрбір элемент элементті нақты кескіндеуге түрлі пропорциялар қажет болғаннан басқа жағдайларда басқа барлық элементтерге пропорционалды орындалады.

10) Сызбалар "су", "бу", "ашық", "жабық", "А-А" (кесіндіні белгілеу үшін) және т.б. қажетті сөздерден басқа қандай да болмасын жазбаларсыз орындалады.

11) Сызбаларда көлемі көрсетілмейді. Қажет болса олар сипаттамада келтіріледі.

12) Сызбалардағы кескінделген элементтер өнертабыс сипаттамасына сәйкес араб цифрларымен белгіленеді.

Бірнеше сұлбаларда ұсынылған бір ғана сол элементтер бір және сол цифрмен белгіленеді. Сан түрлі сұлбаларда ұсынылған сан түрлі элементтерді бір ғана цифрмен белгілеуге болмайды. Сипаттамада аталмаған белгілер сызбаларда келтірілмейді.

13) Егер графикалық кескіндеме тәсім түрінде ұсынылса, онда оны орындау кезінде стандартталған шартты графикалық белгілер қолданылады.

Тәсімнің бір түрінде тәсімнің басқа түріндегі жекелеген элементтерді

кескіндеуге болады (мысалы, электрлік тәсімде - кинематикалық және гидравликалық тәсім).

Егер тәсім графикалық белгілер элементтері ретінде тік бұрыштар түрінде ұсынылса, онда цифрлық белгілерден басқа тік бұрышқа тікелей элемент атауы да жазылады. Егер графикалық кескіндеме элементінің мөлшері мүмкіндік берсе, элемент атауы шығармалы сызықта көрсетуге (қажет болған жағдайда, тәсім бетінде орналасқан сурет астындағы жазу түрінде) болады.

14) Сызбалар, тәсімдер, суреттер сипаттама мен өнертабыс формуласында келтірілмейді.

## 58. Библиографиялық мәліметтер

Ақпараттар көздерінің библиографиялық мәліметтері олар бойынша ақпарат көзі байқалмайтындай етіп көрсетіледі.

3-тарау. Алдын ала патент және патент алу жөнінде істер жүргізу

#### 59. Өкіл тағайындау

1) Өтінім берілгеннен кейін хат-хабар жазысу және өз мүдделерін қорғау үшін өтінімді қарау кезінде өтінімші осы Нұсқаулықтың 46-тармағына сәйкес ресімделген сенімхат берумен өкілін тағайындауы мүмкін.

Заңның 36-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар алдын ала патент және патентке өтінім және алуға байланысты іс жүргізуді, егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісімімен өзге тәртіп белгіленбесе, тек Қазпатентте тіркелген сенімді өкілдері арқылы жүргізеді.

Егер көрсетілген тұлғалармен қатар өтінім жөніндегі өтінімші Қазақстан Республикасында тұратын жеке тұлға болып табылса, және оның Қазақстан Республикасындағы хат жазысуға арналған мекен-жайы көрсетілсе, алдын ала патент және патент алу жөніндегі істер патенттік сенімді өкіл арқылы жүргізілмеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар алдын ала патент және патентке өтінім беру және оны алу жөніндегі іс жүргізуге байланысты істерін Қазақстан Республикасы шегіндегі хат жазысуға арналған мекен-жайы көрсетілген жағдайда патенттік сенімді өкілсіз жүргізе алады. Өзге өтінімшілерге өкіл ретінде атап айтқанда, егер олар бірнешеу болса, өтінімшілердің бірі, өнертабыстың авторы, патенттік сенімді өкіл немесе өзге тұлға көрсетілуі мүмкін.

2) Сенімхат өтініммен бір мезгілде немесе іс жүргізу процесінде ұсынылады және өтінімге тіркеледі.

Ол сенімхатпен уәкілдік алған өкілдің кез келген іс-әрекеті немесе оған қатысты Қазпатенттің кез келген іс-әрекеті өтінімшінің іс-әрекеті немесе өтінімшіге қатысты іс-әрекетіндей салдарға ие болады.

Тиісті дәрежеде ресімделген сенімхат ұсынылғанға дейінгі өкілдің жасаған әрекеттері заңсыз деп саналады және назарға алынбайды.

3) Өкіл тағайындауды өтінімші немесе оның құқықтық мирасқоры Қазпатентке жазбаша арыз беру жолымен жоққа шығаруы мүмкін.

#### 60. Қазпатентпен хат-хабар жүргізу

1) Хат-хабарды өтінімші немесе оның осыған уәкілдік алған өкілі әрбір өтінім бойынша жеке жүргізеді.

Өтінім берілгеннен кейінгі бағытталған материалдарда оның нөмірі және өтінімші немесе оның өкілінің қолы болуға тиіс. Егер өтінімші заңды тұлға болып табылса, оның атынан берілген материалдарға осы Нұсқаулықтың 18-тармағының 16) тармақшасындағы бірінші абзацта көрсетілген тәртіппен қол қойылады.

Өтінім нөмірі көрсетілмеген материалдар егер нөмірі жанама жағдайлармен анықталмаса, қараусыз қайтарылады.

2) Өтінім бойынша өндіріс процесінде бағытталған материалдар Заңмен белгіленген мерзімде тапсырылады.

3) Қазпатентте өндіріс мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі. Өтінімші өзге тілде тапсырған материалдарға мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса берілуі тиіс. Белгіленген мерзімге дейін аудармасы тапсырылмаған өзге тілде берілген материалдар назарға қабылданбайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

4) Қазпатентке тапсырылған кемшілікті ресімделген, оқуға қиын материалдар қаралмайды. Мұндай материалдар берген тұлғаларға тиісті хабарлама жіберіледі.

#### 61. Өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылаулар енгізу

Өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылаулар алмастыру парақтарын тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Тиісті құжаттардың әрбір данасына сәйкес алмастыру парақтары мемлекеттік немесе орыс тілдерінде немесе құжаттың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасын тапсырады, олар осы Нұсқаулықтың 48-58-тармақтарының талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

Егер түзету кеткен қателерге, библиографиялық мәліметтерді және т.б. көрсеткен кездегі олқылықтарға қатысты болса, құжаттарды түзету тікелей репродуцирлеу кезіндегі нақтылыққа қатысты теріс салдарларға соқтырмаса, түзетулер енгізу қажеттігі алмастыру парақтарын тапсырусыз өтінімшінің хатында көрсетілуі мүмкін.

#### 62. Алдын ала патент және патент алу құқығын беру

Өтінімді қараудың кез келген сатысында өтінімші алдын ала патент және патент алу құқығын беруі мүмкін, мұндайда Қазпатентке құқығын басқа біреуге беру көрсетілген өтініш, сол адамның келісімі және осы Нұсқаулықтың 18-тармағының 4) тармақшасында қарастырылған сол жөніндегі мәліметтер беріледі.

Өтінішке алдын ала патент және патент алу құқығын беретін өтінімші және осы Нұсқаулықтың 18-тармағында қарастырылған тәртіппен осы құқықты алушы адамның қолдары қойылады.

#### 63. Авторлар құрамына өзгертулер енгізу

Авторлар құрамына өзгерістер енгізу ұғымына алдын ала патент және патент беру туралы өтініште көрсетілген авторды құрамға енгізу немесе құрамнан шығару кіреді.

1) Авторлар құрамына өзгерістер осы Нұсқаулықтың 18-тармағына сәйкес ресімделген алдын ала патент және патент беру туралы жаңа өтініш беру жолымен енгізіледі.

2) Алдын ала патент және патент беру туралы жаңа өтінішпен бір мезгілде авторлар құрамына тиісті өзгертулер енгізу туралы өтінімнің нөмірі мен күні көрсетіліп еркін нысанда өтініш беріледі. Өтінішті өтінімші осы Нұсқаулықтың 18-тармағының 14), 16), 17) тармақшаларында белгіленген тәртіппен қол қояды және авторлар құрамынан шығарылған жағдайда шығарылған автордың (үкіметаралық

келісімдерге сәйкес берілген өтінімдер бойынша тек ұлттық және өнертабыс авторлары) қолы қойылып, нотариалды расталуға тиіс. Шығарылған автордың келісімі өтінімнің нөмірі мен күні көрсетіліп, жеке хатпен ресімделуі мүмкін.

3) Егер алдын ала патент және патент беруге жаңа арызды беру күніне авторлар құрамына енгізу жағдайында бұрын берілген арызда көрсетілген автордың қолын қойдыру мүмкін болмаса, онда өтінішке келесі тәртіппен ресімделген жазбаша келісімі тіркеледі:

автор өлген немесе оны өлді деп жариялаған жағдайда өзгерістер енгізуге келісімге оның атынан мұрагерлікке құқығы туралы нотариалды расталған куәлік көшірмесін тапсырып, мұрагерлікке өзінің құқығын дәлелдеген мұрагері қолын қояды;

автор шетелге кетіп қалған жағдайда өзгертулер енгізуге оның атынан мұндай құқығын куәландыратын тиісті ресімделген құжат көрсеткен сенімді тұлға қолын қою мүмкін. Мұндай құжат Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілдің атына тапсырылған іс-әрекеттер нақты көрсетілген сенімхат болуы немесе жариялылығы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының күшін талап етпейтін немесе өзара жағдайларда басқа тұлғаға берілген сенімхат болуы мүмкін;

автордың барған жері туралы мәліметтер болмаған және оларды алу мүмкіндігі жоқ жағдайларда ол Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 28-бабына сәйкес сот бойынша хабарсыз кеткен болып танылады және мүдделі тарап автордың хабарсыз кеткенін тану туралы сот шешімінің көшірмесін тапсырады, ол мәні бойынша мәселе шешу кезінде назарға алынады;

автордың ақыл-есі дұрыс емес немесе ақыл-есі шектеулі деп танылған кезде өзгерістер енгізу келісіміне қорғаншы немесе қамқоршылығын белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесін тапсыру арқылы оның атынан қорғаншы немесе қамқоршы қол қояды.

4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын азаматтар және шетелдік заңды тұлғалар авторлар құрамына өзгерістер енгізуге Қазпатентте тіркелген сенімді өкілдері арқылы құжаттар береді, мұндайда патенттік сенімді өкілдің атына берілген сенімхатта көрсетілген іс-әрекеттерді атқаруға тапсырма болуға тиіс.

5) Егер авторлар құрамын өзгерту өтінім түскен күннен екі ай өткен соң енгізілсе, алдын ала патент және патент беру туралы арызға ақы төленгені жөніндегі құжат қоса тіркеледі.

6) Егер авторлар құрамына өзгертулер өтінім түскен күннен бастап екі ай өткен соң енгізілсе, алдын ала патент және патент беру туралы арызға ақы төленгені туралы құжат қоса тіркеледі.

7) Егер осы тармақтың 2) - 6) тармақшаларында аталған құжаттар жоқ болса, және/немесе тапсырылған құжаттар осы тармақшалардың талаптарын қанағаттандырмаса, өтінімшіге хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды тапсыру ұсыныс жолданады.

Сұратылған құжаттар тапсырылмаған жағдайда жаңа арыз берілмеген болып есептеледі және өзгертулер енгізілмейді, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

#### 64. Өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізу

1) Өтінімшілер құрамына өзгертулер ретінде құрамға қосымша адамдар енгізу немесе бұрындары алдын ала патент және патент беру туралы арызда көрсетілген өтінімшілер құрамынан шығару жолымен өтінімшілер құрамына ішінара өзгертулерді айтады.

2) Өтінімшілер құрамына өзгертулер осы Нұсқаулықтың 18-тармағына сәйкес

ресімделген алдын ала патент және патент беру туралы жаңа арыз беру жолымен енгізіледі. Өтінімшілер құрамына өзгертулермен жаңа арыз беру кезінде жаңа арызда авторлардың қолдары болуы міндетті емес.

3) Алдын ала патент және патент беру туралы жаңа арызбен бір мезгілде өтінімшілер құрамына тиісті өзгертулер енгізу туралы өтінімнің нөмірі және тіркелген уақыты көрсетілген еркін нысандағы өтініш беріледі. Өтініште осы Нұсқаулықтың 18-тармағында белгіленген тәртіппен алдын ала патент және патент беру туралы бастапқы арызда көрсетілген өтінімшінің (өтінімшілердің) қолдары қойылуға тиіс. Шығарылған өтінімшінің - жеке тұлғаның қолы нотариалды расталуы керек (тек ұлттық өтінімшілер және үкіметаралық келісімдерге сәйкес берілген өтінімдер бойынша өтінімшілер үшін).

4) Алдын ала патент және патент беру туралы арызда көрсетілген өлген өтінімшіні мұрагермен алмастыру кезінде өтініштің төменгі жағында мұрагерлік құқығы туралы нотариалды расталған куәлігін көрсетіп, мұрагерлікке құқығын заңды дәлелдеген мұрагердің қолы қойылуға тиіс.

5) Егер бастапқы берілген арызда көрсетілген өтінімшінің - жеке тұлғаның қолын қойдыру мүмкін болмаса, осы Нұсқаулықтың 63-тармағының 3) тармақшасындағы ереже қолданылады.

6) Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру (қосу, бөлу, бөліп алу, қайта құру) салдарынан өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізу кезінде өтінішке және жаңа арызға құқықтың осы түріндегі құқықтық мирасқорлығын растайтын (бөлу балансы немесе тапсыру актысы) құжатын тапсырған құқықтық мирасқор қолын қояды.

7) Заңды тұлғаны тарату салдарынан өзгертулер енгізу кезінде өтінішке және жаңа арызға құқық берілу фактісін растайтын құжат тапсырумен тиісті құқылықтар өзіне көшкен тұлға қолын қояды.

Егер заңды тұлғаны тарату кезінде алдын ала патент және патент алу құқығы берілмесе немесе таратылған заңды тұлғаның қолын қойдыру мүмкін болмаса, онда өтінішке осы заңды тұлғаның қолы қажет болмайды. Мұндайда мүдделі тарап заңды тұлғаның таратылған фактісін және тиісті құқықты берудің жоқтығын дәлелдейтін құжат тапсырады.

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын азаматтар және шетелдік заңды тұлғалар өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізуге құжаттарды Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілдері арқылы береді, мұндайда патенттік сенімді өкілдің атына берілген сенімхатта көрсетілген іс-әрекеттерді атқаруға тапсырма болуға тиіс.

9) Егер өтінімшілер құрамына өзгертулер өтінім түскен күннен бастап екі ай өткен соң енгізілсе, алдын ала патент және патент беру туралы арызға ақы төленгені жөніндегі құжат қоса тіркеледі.

10) Егер осы тармақтың 2) - 9) тармақшаларында аталған құжаттар жоқ болса, және/немесе тапсырылған құжаттар осы тармақшалар талаптарын қанағаттандырмаса, өтінімшіге хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жоқ немесе түзетілген құжаттарды тапсыру ұсынысы жолданады.

Сұратылған құжаттар тапсырылмаған жағдайда жаңа арыз берілмеген болып есептеледі және өзгерістер енгізілмейтіні туралы өтінімшіге хабарланады.

## 65. Өтінім материалдарымен танысу

Өтінімші (оның өкілі) өзі берген өтініммен және оған қатысты құжаттармен танысу күні мен уақытын алдын ала келісіп алып, тікелей Қазпатентте, сондай-ақ

өтінімнің, оған қатысты құжаттардың немесе олардың бір бөлігінің көшірмесін сұрату арқылы таныса алады.

66. Өтінімді қарау процесінде сараптамада көрсетілген материалдармен танысу

Заңның 22-бабының 12-тармағына сәйкес өтінімші Қазпатенттен сұрау салуда, сараптама шешімдерін немесе іздестіру туралы есепте көрсетілген материалдар көшірмесін сұрап алуы мүмкін. Патенттік материалдар көшірмесі өтінімші сұрауын алған күннен бастап бір айдың ішінде жіберіледі.

67. Өтінімшінің қатысуымен өтінімді қарау

Өтінімге байланысты мәселелерді өтінімшінің қатысуымен қарау осы мәселелермен екі тарап та танысқан соң Қазпатенттің ұсынысы бойынша немесе өтінімшінің өтінуі бойынша жүргізіледі. Сараптама мәселелері кездесудің орындылығы туралы қосымша хабарланған сұрау салуда, ал өтінімші сұрақтары оны жүргізу туралы өтініште баяндалуы мүмкін.

Сұрау салынған жағдайда оған жауап өтінімшінің өтінімді қарауға қатысуға пиғыл танытуына қарамастан Заңмен белгіленген мерзімде беріледі.

Өтінімді қарау күні мен уақыты алдын ала келісіледі. Жағдай өзгерген ретте өтінімді белгіленген мерзімде қарауға қатысу мүмкіндігі жоқ тарап бұл туралы басқа тарапқа дереу хабарлайды.

Егер Қазпатент немесе өтінімші өтінімді бірлесіп қарауды уақытынан ерте немесе орынсыз деп есептесе, Қазпатенттің немесе өтінімшінің ұсыныстары келтірілген тиісті дәлелдермен қайтарып тасталуы мүмкін.

Өтінімді оның қатысуымен қарау туралы өтінішін қанағаттандыруға алдын ала келісімсіз өтінімші Қазпатентке келген кезде одан бас тартылуы мүмкін.

Осы Нұсқаулықтың 59-тармағының шарттары сақталған жағдайда өтінімді қарауға өтінімшінің өкілі, уәкілі қатысуы мүмкін.

Жалғыз өтінімші болып табылмайтын тұлға басқа өтінімшілер жоқ болғанда өтінімді қарауға өкілеттігіне сенімхаты болғанда ғана қатысуы мүмкін.

Өтінімшінің қатысуымен өтінімді қарау келіссөздер жолымен немесе сараптама мәжілісінде жүзеге асырылады.

Егер мәселелерді тікелей сарапшы және өтінімші шешуі мүмкін жағдайларда келіссөздер; егер мәселелер шешу үшін сарапшылар тарапынан бірқатар мамандардың қатысуы талап етілсе сараптама мәжілісі жүргізеді.

Келіссөздер немесе сараптама мәжілісінің қорытындылары бойынша қатысушылар туралы, тараптар келтірген дәлелдер мен ұсыныстар, және бұдан әрі іс жүргізу туралы қорытындылар мәліметтері бар белгіленген нысанда екі дана хаттама жасалады.

Хаттамада:

өтінімші ұсынған (оның өкілі) өнертабыс формуласының жаңа редакциясы;

өтінімді қайтарып алу жөніндегі арыз;

жазбаша түсініктерді талап ететін сараптама сұрақтары, және т.б. келтірілуі мүмкін.

Хаттамаға қарауға қатысушылардың барлығы қол қояды. Бір дана өтінім материалдарына тіркеліп, екіншісі өтінімшіге (оның өкіліне) беріледі.

Талқыланған мәселелер бойынша келісім болмаған жағдайда хаттамаға қарауға қатысушылардың ерекше пікірлері түсірілуі мүмкін. Өтінімшіге (оның өкіліне) берілген тиісті қорытындылары бар хаттама данасын іс жүргізуді тоқтату туралы хабарлама (өтінімді қайтарып алған жағдайда) немесе сараптаманың сұрау салуы алмастыруы мүмкін, бұл онда тиісті жазбамен ресімделеді.

Хаттама (егер мұндайда жауап беруге белгіленген мерзімдер бұзылмаса) сараптамаға сұрау салуға өтінімшінің жауабын алмастыруы мүмкін. Мұндай жағдайда хаттамаға тиісті жазулар енгізіледі.

#### 68. Мерзімдерді санау

Алдын ала патент және патент алу жөніндегі процедуралық іс-әрекеттер жүргізуге арналған мерзімдер соның ішінде іс-әрекеттер атқарылуы мүмкін уақыт кезеңімен айқындалады.

Егер мерзім "ішінде (кешіктірмей) (өткенге дейін)... күнінен бастап..." деген сөз тіркесімен берілсе, оның саналуы көрсетілген күннің келесі күнінен басталады. Мерзім соңғы ай мерзімінің тиісті санына сәйкес аяқталады. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге келсе, мерзімнің аяқталар күні бұдан кейінгі алғашқы жұмыс күні болып есептеледі. Егер мерзімнің аяғы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, мерзім осы айдың соңғы күнімен бітеді.

Ұйымға мерзімнің соңғы күні тапсырылған материалдар мерзімінде жіберілген болып есептеледі.

#### 69. Сұралған материалдарды тапсыру мерзімін ұзарту

1) Заңның 22-бабының 3 және 8-тармақтарына сәйкес сұралған материалдарды өтінімшінің тапсыру мерзімі тиісті өтініш берілген жағдайда ұзартылуы мүмкін.

Өтінішке мерзімді ұзартуға белгіленген мерзімде ақы төленгенін растайтын құжат тіркеледі. Егер мұндай құжат тапсырылмаса, өтініш берілмеген болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

2) Мерзімді ұзарту туралы өтініш сұрау салу өтінімшіге жіберілген күннен бастап немесе өтінімге қарсы қойылған материалдар көшірмелерін жіберген күннен бастап үш ай ішінде ерікті нысанда беріледі.

3) Сұралған материалдарды тапсыру мерзімінің ұзартылғаны туралы

өтінімшіге хабарланады.

4) Өтініш беру мерзімі сақталмаған жағдайда ол қанағаттандырылмайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

#### 70. Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру



1) Заңның 22-бабының 13-тармағына сәйкес өтінімші өткізіп алған келесі мерзімдер қалпына келтірілуі мүмкін:

формальды сараптама сатысында сұрау салу бойынша түзетілген немесе жоқ құжаттарды тапсыру мерзімі;

мәні жөніндегі өтінім сараптамасы сатысындағы сұрау салу бойынша қосымша материалдар тапсыру мерзімі;

алдын ала патент және патент беру туралы шешім бойынша тиісті ақы төленгенін растайтын құжат тапсыру мерзімі;

формальды сараптама нәтижелері бойынша алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешімге қарсылық беру мерзімі;

мәні жөніндегі сараптама нәтижелері бойынша патент беруден бас тарту туралы шешімге қарсылық тапсыру мерзімі;

мәні жөніндегі сараптама жүргізу туралы өтініш беру мерзімі.

2) Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш тапсыру мерзімі өтіп кеткен құжатпен немесе осы мерзімді ұзарту туралы өтінішпен бірге, егер ұзарту мүмкіндігі Заңмен қарастырылса, өтіп кеткен мерзімге дәлелді себептері көрсетіліп, өткізіп алған мерзім күнінен он екі айдан кешіктірмей, өтінімші еркін нысанда береді. Көрсетілген себептердің растығын құжатты дәлелдемені Қазпатент талап етуге құқылы.

3) Өтінішке белгіленген мөлшерде тиісті ақы төленгенін дәлелдейтін құжат тіркеледі. Мұндай құжат сондай-ақ ақы төленгені туралы құжаттың болмағаны жөнінде немесе төленген соманың белгіленген мөлшерге сәйкессіздігі туралы өтінімшіге хабарлама жіберілген күннен бастап екі ай ішінде тапсырылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзімде белгіленген мөлшердегі ақы төленгенін растайтын құжат тапсырылмаған жағдайда өтініш берілмеген болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

4) Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінімшіге хабарланады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген талаптардың біреуі орындалмаған жағдайда да өтініш қанағаттандырылмайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

71. Өтінімді қайтарып алу

1) Заңның 27-бабына сәйкес өтінімші өтінімді қайтарып алуға құқылы. Өтінімді қайтарып алу жөніндегі еркін нысандағы арыз өнертабыс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнертабыстар тізілімінде тіркелгенге дейін берілуі мүмкін.

2) Қайта шақырылған өтінімдердің ешқандай құқықтық салдары болмайды, яғни ол бойынша ешқандай заңдық маңызды іс-әрекеттер жүргізілмейді (мұндай өтінімге сараптама жүргізілмейді, алдын ала патент немесе патент берілмейді, ол пайдалы модельге өтінімге айналдырылмайды және т.б.) және өтінімшінің құқығы бұл өтінімде бұдан әрі негізделмейді (атап айтқанда, келешекте өтінім беру кезінде қайта шақырылған өтінім түскен күн бойынша немесе оған қосымша материалдар түскен күн бойынша басымдық сұрауға болмайды); осы Нұсқаулықтың 100-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жаңалығын тексеру кезінде басқа өтінімдерге сараптама жүргізу процесіндегі техникалық деңгейге қайта шақыртылған өтінім енгізілмейді.

3) Осы арызды назарға алу туралы өтінімшіге хабарлама жіберілгеннен

кейін түскен өтінімді қайта шақыру жөніндегі оның арызын жарамсыз деп тану

туралы өтінімшінің өтініші жоғарыда 2) тармақшада көрсетілген өтінімді

шақыртып алу қорытындыларын жоққа шығаруға негіз болып табылмайды.

4) Сондай-ақ осы тармақтың 2) тармақшасының ережесі шақыртып алынған деп есептелетін өтінімдер хақында да әрекет жасайды.

#### 4-тарау. ӨНЕРТАБЫСҚА АЛДЫН АЛА ПАТЕНТ ЖӘНЕ ПАТЕНТ

##### БЕРУГЕ ӨТІНІМ ҚАРАУ

& 1. Қазпатентке өтінімнің түсуі. Өтінім құжаттарымен жұмыс істеу тәртібі

72. Түскен өтінім материалдарын тіркеу

1) Егер түскен өтінім материалдарында оның құжаттарының бірі болса (арыз, өнертабыс сипаттамасы, өнертабыс формуласы, сызбалар немесе өзге материалдар), онда олар түскен күні қойылып тіркеледі.

Өтінімге Қазпатенттің сегіз таңбалы тіркеу нөмірі беріледі (аға разрядты төрт сан өтінім берілген жылды, қалған үш сан - өтінімнің осы жылғы сериясындағы реттік нөмірін білдіреді), нүктеден соң қорғалатын объект - өнертабыстың түрін сипаттаушы 1 бақылау саны қойылады.

Өтінім материалдарының түскені туралы өтінімшіге Қазпатентте қойылған реквизиттерімен (тіркеу нөмірі және түскен күні) арыздың бір данасы немесе хабарлама бес күндік мерзім ішінде оған жіберілу арқылы хабарланады.

2) Қазпатенттен шыққан барлық хат-хабарлар тек бір мекен-жайға жолданады, онда:

егер арыздың 98-бағанында өтінімшінің немесе өтінімшілердің бірінің мекен-жайынан өзге хат-хабар жазысатын мекен-жай, егер олар бірнешеу болса, немесе өтінімші (өтінімшілер) өкілінің мекен-жайы көрсетілсе, онда хат-хабарлар осы мекен-жайдағы өтінімшінің атына немесе өтінімшілер бірнешеу болса, арызда бірінші көрсетілген өтінімшінің атына, егер өтінімшілердің барлығы Қазақстан Республикасы аумағында тұрмаса немесе жүрмесе, онда Қазақстан Республикасы аумағында тұратын немесе жүрген бірінші көрсетілген өтінімшінің атына жіберіледі;

егер арыздың 98-бағаны толтырылмаса, онда хат-хабарлар өтінімшінің мекен-жайына және атына немесе өтінімшілер бірнешеу болса, бірінші өтінімшінің не егер барлық өтінімшілер Қазақстан Республикасы аумағында тұрмаса немесе жүрмесе Қазақстан Республикасы аумағында тұратын немесе жүрген бірінші өтінімшінің атына жіберіледі.

3) Егер олар басқа тілде берілсе, өтінім құжаттарының мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы болмаған жағдайда, өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде немесе тиісті ақысы төленсе, ақысы төленгенін растайтын құжатты тапсыра отырып, екі айдан аспайтын одан артығырақ мерзімде аудармасын тапсыру қажеттігі туралы өтінімшіге хабарланады. Өтінімшіге сондай-ақ көрсетілген мерзімде аудармасы тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып танылатыны және ол бойынша іс жүргізудің қалпына келтірілмейтіні туралы хабарланады.

Егер өтінім құжаттарын мемлекеттік немесе орыстан өзге тілде тапсырып, өтінім материалдарында ИЗ-3 нысаны (осы Нұсқаулыққа 3-қосымша) бойынша формальды сараптаманы мерзімінен тыс жасауды бастау туралы өтініш болса, онда өтінімшіге өзге тілдегі өтінім материалдары түскен күннен бастап екі ай мерзім өткенге дейін өтінім құжаттарының аудармасы тапсырылған жағдайда ғана формальды сараптама жүргізуді бастау мүмкіндігі жөнінде хабарланады. Осы шарттар сақталмаған жағдайларда формальды сараптама белгіленген мерзімде өткізіледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

4) Тіркелген өтінім материалдары қайтарылуға жатпайды.

### 73. Өтінім беруге ақы төленгенін тексеру

1) Тіркелген өтінім материалдары белгіленген мөлшерде өтінім беруге ақы төленгенін растайтын құжаттың барлығымен тексеріледі. Мұндай құжат және белгіленгеннен кем мөлшерде ақы төленген жағдайда оның мөлшерін азайтуға негіз барлығын дәлелдейтін құжат болмаған жағдайда, өтінімшіге жоқ құжатты (құжаттарды) және/немесе белгіленген мөлшерге дейінгі ақы төленгені туралы құжатты тапсыруы қажеттілігі туралы хабарланады, олар өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде немесе тиісті ақысы төленген жағдайда екі айдан аспайтын кейінірек мерзімде тапсырылуы мүмкін.

Ақы төлеу туралы көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде және белгіленген

мөлшерде тапсырмаған жағдайда өтінім берілмеген болып танылатыны және ол бойынша іс жүргізу қалпына келтірілмейтіні туралы өтінімшіге хабарланады.

2) Егер осы тармақтағы 1) тармақшада көрсетілген өтінім материалдарының құжаты (құжаттары) тапсырылмаған жағдайда мерзімінен бұрын формальды сараптама бастау туралы өтініші болса, өтінім түскен күннен бастап екі ай өткенге дейін ақы төленуге қатысты көрсетілген құжатты (құжаттарды) тапсырған кезде ғана өтінішті қанағаттандыру мүмкін екендігі туралы өтінімшіге хабарланады.

74. Формальды сараптаманы мерзімінен бұрын бастауға ақы төленуін тексеру

Формальды сараптаманы мерзімінен бұрын бастау туралы өтініш берілген кезде формальды сараптаманы мерзімінен бұрын бастауға ақы төленгенін растайтын құжаттың бар-жоғы тексеріледі, ол өтінім түскен күннен бастап екі айдан кешіктірмей тапсырылуы мүмкін. Белгіленген мерзімде ақы төленгені туралы құжат тапсырылмаған жағдайда өтініш берілмеген болып есептеледі және формальды сараптама белгіленген мерзімде өткізіледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

75. Өтінімнің құпиялығы

Өтінім туралы мәліметтер Қазпатентке түскен сәттен бастап алдын ала патент беру туралы мәліметтер жарияланғанға дейін құпия болып есептеледі және жария етуге болмайды.

76. Алғашқы өтінімнің расталған көшірмесі

Өтінімі Қазпатентке берілген өнертабыстарды шетелдерде патенттеу кезінде өтінімшінің сұрауы бойынша Қазпатент алғашқы өтінімнің расталған көшірмесін Қазпатентке оны берген соң үш айдан ерте емес мерзімде береді. Өтінімшінің өтінішіне тиісті ақысы төленгені туралы құжат тіркеледі. Қазпатенттің рұқсаты бойынша алғашқы өтінімнің расталған көшірмесі көрсетілген мерзімнен бұрын берілуі де мүмкін. Ол үшін өтінімші Қазпатентке белгіленген мерзімнен ерте шетелде патенттеуге рұқсат беру туралы еркін нысанда өтініш береді.

& 2. Өтінімнің формальды сараптамасы

77. Өтінімнің формальды сараптамасын өткізу мерзімдері

Егер осы Нұсқаулықтың 16-тармағының талаптары сақталса, өтінім Қазпатентке түскен күннен бастап екі ай ішінде формальды сараптама жүргізіледі.

Егер өтініш беру күніне осы Нұсқаулықтың 72-тармағының 3) тармақшасының

екінші абзацының талаптары орындалса, өтінімнің формальды сараптамасы өтінімшінің жазбаша өтініші бойынша көрсетілген мерзім өткенге дейін басталуы мүмкін.

Өтінімшінің оның өтініші берілмеген деп есептелуін өтінген сұрауы түскен жағдайда (формальды сараптаманы мерзімінен бұрын бастау туралы өтінішті қайтарып алуға) өтінім материалдарына өз бастамасы бойынша түзетулер мен анықтаулар енгізуге Заңның 21-бабының 1-тармағында қарастырылған өтінімшінің құқығы қалпына келтірілмейді.

#### 78. Өтінімнің формальды сараптамасының мазмұны

Өтінімнің формальды сараптамасын жүргізу кезінде:

өтінімде болуға тиіс немесе оған тіркелетін (осы Нұсқаулықтың 14, 15-тармақтарында) құжаттардың бар-жоғы;

белгіленген мөлшерде тиісті ақысының төленуі;

өнертабыс мәніне талдамасыз өтінім құжаттарына (осы Нұсқаулықтың 18-58-тармақтары) белгіленген талаптардың сақталуы;

патенттік сенімді өкілдің өкілеттігін куәландырушы сенімхаттың бар- жоғы және ресімделуінің дұрыстығын қоса отырып, Заңның 36-бабының 2-тармағында қарастырылған жағдайларда өтінім беру тәртібінің сақталуы;

өнертабыстың мемлекеттік құпияларды құрайтын бекітілген мәліметтер тізбесіне қатыстылығы;

өнертабыстың қорғау құжаты берілетін (осы Нұсқаулықтың 6-12- тармақтары) объектілерге қатыстылығы;

өнертабыс бірлігі талаптарының сақталуы (осы Ереженің 13-бабы);

егер олар тапсырылса, қосымша материалдар өтінім берілген өнертабыс мәнін өзгертпей ме және оларды берудің белгіленген тәртібі сақталған ба (осы Нұсқаулықтың 93-тармағы);

өтінімші жүзеге асырған өнертабыстың МПК бойынша топтасуының (немесе егер ол болмаса мұндай топтастыруды жүргізу) дұрыстығы;

өтінімнің оның берілген күнінен бұрынырақтағы басымдығын сұратудың негізділігі;

өтінім беру күнін анықтау (Заңның 17-бабының 3-тармағы) тексеріледі.

#### 79. Өтінімдердің жоқ немесе түзетілген материалдарына сұрау салу

1) Егер өтінімге формальды сараптама барысында өтінімнің оның құжаттарына қойылатын талаптарға нұқсан келтірумен ресімделгені анықталса, құқықтық сипаттағы қажетті дәлелдер келтірілумен байқалған кемшіліктер көрсетіліп, жоқ немесе түзетілген құжаттарды хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсыруға ұсыныс жасалады (Заңның 22-бабының 3-тармағы). Конвенциялық басымдығы сұралған жағдайда өтінімнің (өтінімдердің) болмаған алғашқы көшірмесі (көшірмелері) өтінім Қазпатентке түскен күннен бастап алты ай ішінде тапсырылуға тиіс.

2) Сұрау салуға негіз болып табылатындар:

осы Нұсқаулықтың 14-тармағында (мәні жөнінде сараптама жүргізу туралы өтініштен басқа) және 15-тармағында қарастырылған құжаттардың тымқұрығанда біреуінің өтінімде болмауы;

өкілге сенімхат ресімдеуге қойылатын талаптарға нұқсан келуі;

өтінім құжаттары даналарының белгіленген саннан кем болуы;

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде мұндай берілуді қарастыратын тәртіп белгіленбесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалардың немесе шетелдік заңды тұлғалардың өтінімдерін Қазпатентте тіркелмеген сенімді өкілдері арқылы бермеуі;

алдын ала патент және патент беру туралы арызда осы Нұсқаулықтың қарастырылған қажетті мәліметтер, реквизиттер, қолдар, мөр таңбаларының болмауы, сондай-ақ арызда келтірілген мәліметтерді анықтаудың қажеттігі;

ақы төлеуге байланысты мәселелерді анықтаудың қажеттігі;

оларды тікелей репродукциялауға кедергі келтіретін құжаттарды ресімдеудегі кемшіліктерді анықтау (парақтар көлемі, шеттік мөлшер және т.б. талаптарын бұзу, өтінім материалдарын оқуға қиындық келтіретін баспалық сапасы және т.б.);

егер өнертабыс атауы арнаулы атауға енгізілсе, Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбаларына үшінші тұлғаның құқығы бұзылу мүмкіндігіне байланысты мәселелерді анықтаудың қажеттігі;

осы Нұсқаулықтың 20-тармағында қарастырылған құрылымдық бөлімдердің болмауы (егер тиісті бөлімде баяндалуға тиіс мәліметтер басқа бөлімде келтірілсе, сұрау салу жіберілмейді), сондай-ақ өнертабыс сипаттамасын немесе формуласын белгі сипаттауында осы белгі ашылған ақпарат көзіне жіберумен алмастыру;

өтінімде жалпыға ортақ болып табылмайтын көздерге сілтеме жасаудың болуы, не ондағы сол және өзге мәліметтерді жариялаудың мүмкін еместігін көрсету (алдын ала патент және патент туралы мәліметтер жарияланымы кезінде өздерін авторлар ретінде көрсеткілері келмейтін авторлар туралы мәліметтерді есептемегенде);

формула тармағын бір сөйлем түрінде баяндау туралы осы Нұсқаулықтың 36-тармағының 2) тармақшасындағы талаптарға нұқсан келуі;

өнертабыс формуласында құқықтық қорғау сұралып отырған өнертабыс объектісін көрсетудің болмауы;

өнертабыс формуласында тиісті объект түрінің белгілерінің орнына оның пайдалану көрсеткіштері мен тұтыну қасиеттері, оны жүзеге асыру және/немесе пайдалану кезінде орын алған тиімділік пен құбылыстар туралы мәліметтердің болуы;

осы Нұсқаулықтың 32-тармағының 4) тармақшасындағы оларды ұқсастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін өнертабыс формуласында мазмұндау туралы талаптарды бұзу;

өнертабыстың көптізбекті тәуелді тармақтарында, тиісті жекелеген жағдайларда оны орындау немесе пайдалану қоғамдық мүдделерге, ізгілік пен моральдық принциптерге қайшы келуінің болуы;

осы Нұсқаулықтың 37-тармағына сәйкес формуланың тәуелсіз тармағы тек бір өнертабысқа ғана қатысты болу талаптарын бұзу;

өнертабыс формуласында ол бағынатын сол формула тармағы белгісін (белгілерін) алып тастауды немесе алмастыруды қарастыратын тәуелсіз тармақтың болуы;

өтінім құжаттарының бір біріне сәйкес келмеуі (атап айтқанда, арызда келтірілген өнертабыс атауы сипаттамада келтірілген атауға сәйкес келмеуі; өнертабыс сипаттамасында өнертабыс формуласында көрсетілген белгілердің жоқтығы; өнертабыс формуласында мәнін өтінімші "Өнертабыстың мәні" сипаттамасы бөлімінде атап көрсеткен белгінің жоқтығы; өнертабыс сипаттамасына сызбалардың сәйкес келмеуі және т.б.);

рефератқа осы Нұсқаулықтың 45-тармағындағы талаптардың бұзылуы;

сипаттамада пайдалану, өнертабыс формуласында және жалпыға ортақ терминологияда, және өтінім материалдары мәтінінде терминология бірлігін сақтау туралы осы Нұсқаулықтың 49-тармағының талаптарын бұзу;

өтінімде бұдан ертеректегі басымдығын сұрауды белгілеуге байланысты мәселелерді анықтаудың қажеттігі;

өтінім берілген өнертабыс (өнертабыстар тобы) мәнін талдау белгіленбеген сипаттама, формула және рефератқа осы Нұсқаулық талаптарының басқа да бұзылуының болуы;

Өтінімшіге сұрау салуда нақтыланған сипаттама және формула тапсыру ұсынылуы мүмкін.

3) Сұрау салуға сәйкес енгізілген түзетулері бар өтінімші түзеткен құжат, сондай-ақ өтінімшінің бастамасы бойынша түзетулер осы Нұсқаулықтың 93-тармағының шарттары сақтала отырып ұсынылады.

4) Егер өтінімші белгіленген мерзімде сұратылған материалдарды немесе олардың мерзімін ұзарту туралы өтінішті осы Нұсқаулықтың 69- тармағының шарттарын сақтай отырып белгіленген мерзімде тапсырмаса, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады. Қазпатент өткізіп алған мерзімді қалпына келтірген жағдайда

(осы Нұсқаулықтың 70-тармағы) іс жүргізу жалғастырылуы мүмкін.

#### 80. Өтінім берудің белгіленген күндері

Өтінім берілген күн оның Қазпатентке түскен күні болып есептеледі, онда берілген материалдарда:

өтінімші туралы мәліметтер көрсетілген арыз (тегі, есімі, әкесінің аты (егер бар болса) немесе өтінімшінің ресми атауы);

өнертабыстың сипаттамасы;

өнертабыстың формуласы;

егер сипаттамада сілтеме жасалса, сызбалары болады.

Егер Қазпатент түскен күнгі өтінімде жоғарыда көрсетілген мәліметтер және/немесе құжаттар жоқ екендігін анықтаса, онда берілген күн оның соңғысының түскен күнімен белгіленеді, ол жөнінде өтінімшіге хабарланады.

#### 81. Өтінім тақырыбын топтау

Өтінім тақырыбын техниканың сол немесе өзге салаларына жатқызу үшін

Қазпатент өтінім берілген өнертабыстарды МПК-ға сәйкес топтастырады.

Топтастыру:

формалды сараптама жүргізу кезінде;

ақпараттық іздестіру және/немесе мәні жөнінде өтінім сараптамасын жүргізу кездерінде жүзеге асырылады.

Топтастыру МПК-ға енгізілумен белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Топтастыру кезінде топтастыру индексін таңдау үшін өтінім берілген өнертабыс формуласы негіз болып табылады. Өнертабыс мәнін толық түсіну үшін сипаттамалар мен сызбалар келтіріледі. Егер өтінім МПК түрлі рубрикаларына қатысты бірнеше объектіні қамтыса, барлық тиісті топтастыру индекстері белгіленеді. Мұндайда бірінші индекс таңдауы өнертабыс атауымен айқындалады.

Формалды сараптама сатысында белгіленген топтастыру индекстері мәні бойынша өтінім сараптамасын жүргізу кезінде өзгертілуі мүмкін.

82. Өнертабысқа Заңға сәйкес құқықтық қорғау беру мүмкін еместігі туралы хабарлама

Егер өтінімге формальды сараптама кезінде өтінім берілген өнертабыс белгіленген тәртіппен құпия деп танылса, осы Заңның 5-бабының 6-тармағына сәйкес өнертабысқа құқықтық қорғау беру мүмкін еместігі туралы өтінімшіге



хабарланады.

83. Өтінім және қосымша материалдардың белгіленген талаптарға сәйкес еместігі туралы хабарлама

1) Егер өтінімді мәлімделген өнертабыс мәнін талдаусыз қарау нәтижесінде өтінім өнертабыс бірлігі талаптарына (осы Нұсқаулықтың 13-тармағы) нұқсан келтірумен берілген болса, өтінімшіге бұл туралы хабарлама жіберіледі және оны жіберген күннен бастап үш ай ішінде өнертабыстардың қайсысының қаралуға тиістігін хабарлап, өтінім материалдарына нақтылаулар енгізу ұсынылады.

Өнертабыс бірлігі талаптарын сақтау бірнеше тәуелсіз тармақтары бар өнертабыс формуласының бастапқысына қатысы бойынша, немесе егер ол өзгерсе, бірнеше тәуелсіз тармақтары бар формула тәртібімен белгіленген өтінімшінің соңғы ұсынысына қатысты тексеріледі.

Егер өтінімші белгіленген мерзімде өнертабыстардың (немесе егер мұндай топ мәлімделген өнертабыстар құрамында болса, бірлік талаптарына жауап беретін өнертабыстар тобының) қайсысын қарау қажеттігін хабарламаса, және нақтыланған құжаттар тапсырмаса, сараптама формулада бірінші көрсетілген өнертабысқа (немесе өнертабыс бірлігі талаптарына жауап беретін топ құрайтын формулада бірінші көрсетілген мәлімделген өнертабыстарға) қатысты жүргізіледі.

2) Егер қосымша материалдар тұтастай немесе жартылай мәлімделген өнертабыс мәнін өзгертсе және/немесе осы Нұсқаулықтың 93-тармағында қарастырылған шартты сақтамай ұсынылса, оларды сараптама кезінде тұтастай немесе тиісті бөлігі назарға алынбайтыны өтінімшіге хабарланады.

Өтінім құжаттарын түзететін немесе нақтылайтын қосымша материалдар осы Нұсқаулықтың 61-тармағы талаптарына нұқсан келтірумен тапсырылғаны анықталса, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

Өтінім материалдарында сұрау салуға негіз болып табылатын осы Нұсқаулықтың талаптарына өзге де нұқсан келтірушіліктер болған жағдайда бұл кемшіліктер туралы хабарлама сұрау салуда келтірілуі мүмкін.

84. Алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешім

Егер формальды сараптама нәтижесінде өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектілерге жататыны анықталса, өтінімшіге алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешім жіберіледі, онда келтірілген дәлелдермен келіспеген жағдайда шешім жіберілген күннен бастап үш ай ішінде Қазпатенттің шағым кеңесіне қарсылық беруге өтінімшінің құқығы туралы қосымша хабарланады (Заңның 22-бабының 6-тармағы).

Егер формуланың тәуелсіз тармағында сипатталған тұтас түрде ол осы Нұсқаулықтың 12-тармағында келтірілген ұсыныстар тізбесіне тап болса, мәлімделген объект өнертабыс болып танылмайды.

Егер мәлімделген объект көптізбекті формулада сипатталса және тәуелді

тармақтың мазмұны осы объектінің қоғамдық мүдделерге, ізгілік және моральдық принциптерге қайшы келсе, мұндай объект өнертабыс болып танылмайды.

Формуланың қандай да болмасын тармағында сипатталған объект жоғарыда аталғандарды ескере отырып, өнертабыс ретінде танылмаса, өтінімшіге дәлелдер баяндала отырып сұрау салу жіберіледі, ол алдын ала патент беруден бас тартуға негіз ретінде қызмет атқаруы мүмкін, егер олар қажет болса, тиісті ақпарат көздеріне сілтеме жасалады, тиісті тармағын түзетіп немесе алып тастап өнертабыс формуласын растаумен келтірілген дәлелдерді теріске шығару не өнертабыс формуласын өзгертуге болады.

Егер өтінімші өзінің жауабында сараптама дәлелдерін теріске шығармаса және сұрау салуда ұсынылған өзгертулермен формула келтірмесе, алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

#### 85. Өнертабыс басымдығын белгілеу

Өтінімші басымдықты Қазпатентке өтінім берілген күннен бұрынырақтағы күн бойынша сұраған жағдайда өтінімші Заңның 20-бабының 2-6-тармақтарында көрсетілген шарттарды сақтауы тексеріледі.

#### 86. Конвенциялық басымдықты белгілеу шарттары

Заңның 20-бабының 2-тармағына сәйкес конвенциялық басымдықты сұрау кезінде тексеріледі:

арызда көрсетілген тұлға (тұлғалар) конвенциялық өтінім беру құқығын иеленемес;

өтінімшінің конвенциялық басымдықты сұрау мерзімін сақтауы (Қазпатентке, өтінім түскен күннен бастап екі айдан аспайтын уақытқа);

алғашқы өтінім көшірмесінің бар-жоғы және оны ұсыну мерзімінің сақталуы (Қазпатентке өтінім түскен күннен бастап екі айдан аспайтын уақытқа). Егер алғашқы өтінімдер бірнешеу болса, аталған шарттар өтінімнің әрбір көшірмесіне қатысты сақталуға тиіс;

алғашқы өтінім беру күнінен санағанда он екі айлық мерзімді өтінімшінің сақтауы, бұл уақыт ішінде конвенциялық өтінім Қазпатентке түсуге тиіс. Егер өтінім көрсетілген мерзімнен кейін, бірақ екі айлық мерзім өткен күнге дейін түссе, көрсетілген он екі айлық мерзімде өтінім берілуіне кедергі келтірген оған қатысты емес жағдайлардың аталғаны тексеріледі және олардың құжатталған расталуының қажеттігі белгіленеді (аталған мерзімдер осы Нұсқаулықтың 68-тармағында белгіленген тәртіппен есептеледі).

#### 87. Бұрындары берілген өтінімге қосымша материалдар түскен күн бойынша басымдығын белгілеу шарттары

Өнертабысқа басымдықты сұрау кезінде өтінімшінің бұрындары берген өтініміне қосымша материалдар түсу күні бойынша (Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес) келесі талаптар тексеріледі:

басымдық сұралып отырған өтінім Қазпатентке мәлімделген өтінімнің өзгерген мәнін тануға байланысты қосымша материалдарды назарға алу мүмкін еместігі туралы Қазпатент өтінімшіге хабарлама жіберген күннен бастап үш ай ішінде түсуге тиіс; мәлімделген өнертабыс басымдық сұралған күн бойынша түскен қосымша материалдарда (осы материалдар ұсынылған өтінім мазмұнын ескере отырып) ашылуға тиіс.

88. Сол өтінімшінің бұрынырақтағы өтінімінің түскен күні бойынша басымдығын белгілеу шарттары

Өтінімшінің бұрынырақтағы сол өтінімінің Қазпатентке түскен күнінен өнертабыс басымдығын сұрау кезінде (Заңның 20-бабының 4-тармағына сәйкес) келесі талаптар тексеріледі:

осындай басымдық сұралып отырған өтінім Қазпатентке өнертабысқа бұрынырақта өтінім беру күнінен бастап он екі ай ішінде немесе пайдалы модельге бұрынырақтағы өтінім берілген күннен бастап алты ай ішінде түсуге тиіс;

осындай басымдық сұралып отырған өтінімді өнертабысқа немесе пайдалы модельге бұрынырақтағы өтінімді өтінімші немесе оның құқықтық мирасқоры беруге тиіс;

мәлімделген өнертабыс өнертабысқа немесе пайдалы модельге бұрынырақтағы өтінімде ашылуға тиіс;

бұрындары берілген өтінім бойынша одан бұрынырақтағы басымдығы сұралмауы керек.

Бұрынырақта берілген бірнеше өтінімдер негізінде басымдық сұрау кезінде көрсетілген талаптарды сақтау олардың әрқайсысына қатысты белгіленеді.

Көрсетілген басымдықты сұрау кезінде бұрындағы өтінім (немесе егер олар бірнешеу болса, өтінімдердің барлығы) қайта шақыртып алынған болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

89. Бөліп алынған өтінім бойынша өнертабыс басымдығын белгілеу шарттары

Бөліп алынған өтінім бойынша өнертабыс басымдығын өтінімшінің сұрауы кезінде Қазпатентке түскен күнінен осы өнертабысты ашатын өтінімшінің бастапқы өтінімінде (Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес) келесі талаптардың сақталуы тексеріледі:

бөліп алынған өтінім өнертабысқа бастапқы өтінім бойынша немесе пайдалы модельге алдын ала патент немесе пайдалы модельге патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін, наразылық беру мүмкіндігі сарқылып (яғни, өтінім бойынша іс жүргізуді жалғастыру мүмкіндігі бар кезеңде) немесе өнертабысқа алдын ала патент немесе пайдалы модельге патент беру туралы бастапқы өтінім бойынша шешім қабылданған жағдайда тиісті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тізіліміне өнертабысты немесе пайдалы модельді тіркеген күнге дейін Қазпатентке түсуге тиіс;

бөліп алынған өтінім бойынша мәлімделген өтінім бастапқы өтінімде ашылуға тиіс, ал егер өтінім конвенциялық өтінімнен бөліп алынса және басымдық оның басымдығы күні бойынша сұралса, онда бірінші өтінім бойынша ашылады.

90. Бірнеше басымдықты белгілеу шарттары

Егер өтінімші бірнеше басымдық сұраған жағдайда осындай басымдықтар сұрауға өтінімші көрсеткен негіздерге қарамастан, осы Нұсқаулықтың 86-89-тармақтарында атап өтілген тиісті шарттардың сақталуы белгіленеді.

Айталық, егер формуланың тәуелсіз және тәуелді тармақтарында сипатталған өнертабыс жақында берілу күні әртүрлі екі бастапқы өтінім негізінде түрлі конвенциялық басымдықтар сұралса (Заңның 20-бабының 2-тармағы), онда осы Нұсқаулықтың 86-тармағында көрсетілген талаптарды өтінімшінің сақтауы белгіленген жағдайда алғашқы екі өтінім көшірмелерінің бар-жоғы, бастапқы екі өтінім беруге қатысты он екі айлық мерзімнің сақталуы тексеріледі.

#### 91. Өнертабыс басымдығын белгілеу шарттарының сақталуын тексеру

1) Басымдықты белгілеу шарттарын сақтауды тексеру кезінде осы Нұсқаулықтың 87-89-тармақтарына сәйкес негізінде басымдық сұралып отырған өтінім немесе қосымша материалдар берілген өтінім қайтарып алынған немесе қайтарып алынған болып есептелмейтіндігі анықталады. Егер өтінім қайтарып алынған болып есептелсе, осы Нұсқаулықтың 70-тармағына сәйкес өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру қажеттігі өтінімшіге хабарланады.

Сұралған басымдықты белгілеу шарты ретінде көрсетілген мерзімдерді өтінімшінің сақтауын тексеру кезінде осы Нұсқаулықтың 68-тармағын басшылыққа алу қажет.

2) Сұралған басымдыққа негіз болып табылатын бұрындары берілген материалдарда (бұрын берілген өтінімде, қосымша материалдарда) мәлімделген өнертабысты ашуға байланысты талаптарды өтінімшінің сақтауын анықтау кезінде осы көрсетілген материалдарда (сипаттамада, бұрын берілген өтінім формуласында, қосымша материалдардың мәтіндік бөлігінде) мәлімделген өнертабыс формуласына енгізілген барлық белгілер көрсетілгендігі тексеріледі.

3) Осы Нұсқаулықтың 86-89-тармақтарында көрсетілген талаптарды өтінімші сақтаған жағдайда мәлімделген өнертабыс жақында сұралған басымдық белгіленеді.

Өнертабыс басымдығы конвенциялық өтінімнен бөліп алынған өтінім бойынша сұралған кезде, осы Нұсқаулықтың 89-тармағының талаптары сақталған жағдайда өнертабыс басымдығы конвенциялық өтінім басымдығы күні бойынша белгіленеді. Мұндайда бөліп алынған өтінім берілген күні конвенциялық өтінімнің Қазпатентке берілген күнінен есептеледі.

4) Осы Нұсқаулықтың 86-89-тармақтарында көрсетілген талаптардың тек біреуін ғана өтінімші сақтамаған жағдайда өнертабыс басымдығы осы Заңның 20-бабының 1-тармағына сәйкес өтінім өтінімшіге бұл туралы алдын ала хабарланып) Қазпатентке берілген күні бойынша белгіленеді. Егер көрсетілген талаптар көптізбекті формула тармақтарының бірінде сипатталған өнертабысқа қатысты сақталмаса, Қазпатентке өтінім берілген күн бойынша басымдық тек осы өнертабысқа ғана белгіленеді.

#### 92. Алдын ала патент беру туралы шешім

Егер формалды сараптама нәтижесінде өтінім өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жататыны анықталса, және өтінім құжаттары белгіленген талаптарға

сәйкес келсе, өтінімші ұсынған формуламен алдын ала патент беру туралы шешім қабылданады. Шешімде формалды сараптама нәтижесінің оңдығы және өнертабысқа басымдық белгіленгені туралы өтінімшіге хабарланады.

Алдын ала патент беру туралы шешім өтінімшіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінімші тиісті ақысы төленгенін растайтын құжат тапсыруға міндетті. Көрсетілген құжат тапсырылмаған жағдайда өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады. Заңның 22-бабының 13-тармағы шарттары орындалған жағдайда өтінім қалпына келтірілуі мүмкін.

### 93. Қосымша материалдарды тексеру

1) Өтінім құжаттарын түзететін немесе нақтылайтын (яғни, олардың мазмұнына енгізілуге тиіс) және формалды сараптаманы мерзімінен бұрын бастау туралы өтініш берілген соң өтінімшінің бастамасымен тапсырылған қосымша материалдар түскен кезде өтінімшінің осындай материалдарды тапсыру мерзімін сақтауы және белгіленген мөлшерде тиісті ақы төленгенін растайтын құжаттың бар-жоғы тексеріледі.

2) Көрсетілген қосымша материалдарды өтінім түскен күннен бастап екі ай өткен соң тапсырған және тиісті ақы төленгенін растайтын құжатты олармен бірге тапсырмаған жағдайда бұл материалдар өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады. Мұндай хабарлама өтінімшіге жіберілген сараптаманың кезекті құжатының мазмұнына енгізілуі мүмкін.

3) Қазпатенттің сұрауы бойынша өтінімші берген қосымша материалдарға қатысты оларды тапсырудың белгіленген мерзімін өтінімшінің сақтауы тексеріледі.

Көрсетілген материалдар өтінімшіге сұрау жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсырылуға тиіс.

Өтінімшінің белгіленген мерзімді сақтауын тексеру кезінде осы Нұсқаулықтың 68-тармағы басшылыққа алынады.

Егер өтінімші қосымша материалдарды көрсетілген мерзімге нұқсан келтірумен тапсырса (және бұл мерзімдер осы Нұсқаулықтың 69-тармағына сәйкес ұзартылмаса), өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

4) Өтінімшінің өз бастамасы бойынша немесе Қазпатенттің сұрауы бойынша тапсырылған және қарауға қабылданған қосымша материалдары түскен кезде олар мәлімделген өнертабыс мәнін өзгертпейтіндігі тексеріледі. Егер олар өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған, енгізуге жатқызылатын формула белгілері болса, қосымша материалдар мәлімделген өнертабыс мәнін өзгертеді деп танылады.

Белгілер өнертабыс формуласына олар нақтыланған формулада өтінімші тапсырған жағдайда ғана емес, өтінімші оны қосу керектігін көрсеткен жағдайда да қосылуға тиіс деп есептеледі.

Қосымша материалдарда келтірілген және формулаға енгізілуге тиіс белгілер алдын ала патент және патент беруге арыз, сипаттама, өнертабыс формуласы және сызбалар (егер сипаттамада оларға сілтеме жасалса) Қазпатентке түскен өтінім күніндегі формулада немесе сипаттамада олар ашылмаса, өтінімнің бастапқы материалдарында болған жоқ деп танылады.

Егер өтінімнің бастапқы материалдарында өнертабыс белгісі оны орындаудың бөлшекті нысандарын ашусыз жалпы ұғыммен көрінсе, онда өнертабыс формуласына енгізілуге жататын белгісімен қоса қосымша материалдарда мұндай нысанды орындау мәлімделген өнертабыс мәнін өзгертетін қосымша материалдарды тану үшін негіз болып табылады.

Сипаттамада техника деңгейіне қатысты аталатын белгілер, оның ішінде жақын

баламасы өтінімнің бастапқы материалдарында бар мәлімделген өнертабыс белгілеріне қатысты болмайды.

Егер мәлімделген өнертабыс белгілі құрылғы, тәсіл, зат немесе жаңа бағыттағы текке қатысты болса, онда мәнін өзгертетіндер ретінде белгілі объект бағытындағы сипаттама мен формуладан өзге, белгілі объектіні сипаттау үшін пайдаланылатын өзге де белгілер қосымша материалдар ретінде танылады.

Өтінім материалдарының бастапқы материалдарында өнертабыстар тобының қандай да болмасын белгілері бар өнертабыстар тобына жатқызылса, сипаттамада аталғандар осы өнертабыстар тобына қолданылады.

Бірі екіншісінде пайдалануға арналған өнертабыстар тобы бұған жатпайды. Мұндайда басқасында пайдалануға арналған бастапқы материалдарда бар бір өнертабыс белгілері басқа өнертабыс белгілері болыпта есептеледі.

Формулаға енгізуге жататын, белгілерге қатысты емес, мәлімделген өнертабыс туралы өтінімнің бастапқы мәліметтерінде болмаған қосымша материалдар өнертабыс мәнін өзгертетін болып есептелмейді. Мұндай мәліметтерге, ішінара өнертабысты жүзеге асыру шарттары туралы жаңа (қосымша) мәліметтер; өнертабысты іске асыру мысалдары, қосымша техникалық нәтижелер алу мүмкіндігінің көрсеткіші, нақтыланған графикалық материалдар және т.б. жатқызылуы мүмкін.

Өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілермен қатар өнертабыс формуласына енгізілуге жататын қосымша материалдар, сондай-ақ өтінімді қарауға қажетті басқа да мәліметтер көрсетілген белгілер бөлігі мәнін ғана өзгертетін болып танылады.

Өзге мәліметтер сараптама жүргізу кезінде ескеріледі.

5) қосымша материалдарда ұсынылған өтінімші өзгерткен өнертабыс формуласын тексеру кезінде өзгерістің мәлімделген өнертабысқа (өнертабыстарға) қатыстылығы анықталады.

Өнертабыс бағытын көрсететін бастапқы тектік ұғымды басқа ұғыммен алмастыру кезінде формуланы өзгерту егер көрсетілген ұғым біртекті болып, бағынысты қатынаста болса немесе ұштасып жатса, яғни, олардың көлемдері толық немесе ішінара сәйкес келсе, мәлімделген өнертабысқа қатысты болып танылады.

Өнертабыс формуласындағы өзгеріс мынадай жағдайларда да мәлімделген өнертабысқа қатысты болып танылады:

егер қайта көрсетілген түр бастапқыдан гөрі үлкен дәрежеде өнертабыстың бастапқы формуласындағы белгілер сипатына сәйкес келсе, өнертабыс ретінде мәлімделген тек объект түрінде көрсетілген өзгерістер;

осы Нұсқаулықтың 79-тармағының 2) тармақшасындағы 17, 18 абзацтарда көрсетілген кемшіліктерді жою нәтижесінде жаңа тәуелсіз тармақ (немесе осындай бірнеше тармақ) қалыптастыру;

басымдық күніне дейін мәліметтері жалпыға ортаққа айналмаған объектіні қолдану мәлімделгені анықталса, өнертабыстың бастапқы объектісін "жаңа бағыт бойынша қолданылатын" көрсетілген жаңа бағыттағы объектіге алмастыру;

егер жалпыға ортақтықтан басымдық күніне дейін мәлімделгеннен тек бағытымен ғана ерекшеленетін құралдың белгілілігі анықталса, бастапқы көрсетілген өнертабыс объектісін "жаңа бағыты бойынша қолданумен" алмастыру.

Мәлімделген өнертабыс формуласына жатпайтын өнертабыс формуласының өзгерісі назарға алынбайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

б) Қосымша материалдар мәлімделген өнертабыс мәнін өзгертеді деп танылған жағдайда өтінімшіге сараптаманың (сараптаманың оған жіберілген кезекті құжатында) мұндай қорытынды шығаруға қосымша материалдарға енгізілген қандай мәліметтер негіз болғандығы туралы хабарланады.

#### 94. Өтінімді қайта өзгерту

1) Заңның 28-бабына сәйкес өнертабысқа өтінім пайдалы модельге өтінімге айналдырылуы мүмкін.

Осындай қайта өзгерту туралы ИЗ-ПМ нысанында (осы Нұсқаулыққа 4-Қосымша) өтініш түскен кезде осы Нұсқаулықтың 60-тармағына сәйкес оны ресімдеудің дұрыстығы тексеріледі, сондай-ақ оның өтінім бойынша алдын ала патент беру туралы шешім қабылданғанға дейін тапсырылғаны және белгіленген мөлшерде ақы төленгені туралы тиісті құжаттың өтінішке тіркелгені анықталады.

Өтініш белгіленген талаптарға сәйкес ресімделмеген жағдайда бұл туралы өтінімшіге хабарланады.

Өтініш алдын ала патент беру туралы шешім қабылданғаннан кейін түскен жағдайда өтінімшіге өтінімді қайта өзгертудің мүмкін еместігі хабарланады.

Ақы төленгені туралы құжат өтінішпен бірге тапсырылмаған жағдайда ол берілмеген болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

Қайта өзгертілмеген өтінім өнертабысқа өтінім ретінде қалады және ол хақында осы Нұсқаулықтың 2-4-тарауларындағы ережелер қолданылады.

Егер өтініш белгіленген талаптарға сәйкес ресімделіп, Заңның 28-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде және белгіленген мөлшердегі ақысы төленгені туралы құжаты қоса тапсырылса, өтінімшіге қайта өзгертудің болғаны туралы, сондай-ақ өтінімді бұдан әрі қарау осы Нұсқаулықтың 5-7-тарауларындағы ережелерге сәйкес жүргізілетіні хабарланады.

2) Өтінімді қайта өзгерту туралы өтініш берілген күнге өтінімші өнертабысқа өтінімді түзететін немесе нақтылайтын не өнертабыс формуласын өзгертетін қосымша материалдар тапсырса, қайта өзгерту туралы өтініш қаралғанға дейін осы Нұсқаулықтың 93-тармағына сәйкес осы материалдарды тексеру жүргізіледі.

3) Қайта өзгерту қайтарып алынған немесе қайтарып алынған болып есептелетін өнертабысқа өтінімдерге қатысты жүргізілмейді.

4) Егер қайта өзгерту туралы өтініш Заңның 22-бабының 3-тармағына сәйкес қайтарып алынған болып есептелетін өтінім бойынша түссе, және өтінішпен бірге өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы сұрау берілсе, ол Заңның 22-бабының 13-тармағы және осы Нұсқаулықтың 70-тармағына сәйкес қаралады.

5) Өтінімді қайта өзгертудің болғаны туралы өтінімшіге хабарлама жіберілгенге дейін одан қайта өзгерту туралы өтініш берілмеді деп есептеуді өтінген арыз келіп түскен жағдайда қайта өзгерту болған жоқ деп есептеліп, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

Өнертабысқа өтінімді пайдалы модельге қайта өзгертудің болғаны туралы өтінімшіге хабарлама жіберілгеннен кейін өтінімді қайта өзгерту туралы өтініш берілген жоқ деп есептеу туралы арызы өтінімді кері қарай қайта өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

& 3. Өтінімнің мәні бойынша сараптама

95. Өтінімнің мәні бойынша сараптама мазмұны

Өтінімнің мәні сараптама жүргізу кезінде:

осы Нұсқаулықтың 97-тармағына сәйкес алдын ала патентте баяндалған өнертабыс формуласын тексеру;

егер осы материалдарды өтінімші Заңның 22-бабының 8-тармағына сәйкес

тапсырған жағдайда осы Нұсқаулықтың 93-тармағы талаптарына қосымша материалдардың сәйкестігін тексеру;

формулада сипатталған мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттігі шарттарына сәйкестігін тексеру;

Заңның 20-бабының 2-6-тармақтарына сәйкес өнертабыс басымдығын белгілеу жүргізіледі.

Өнертабыс басымдығы белгіленген жағдайда осы Нұсқаулықтың 86-91-тармақтарына сәйкес ережелер қолданылады.

Өтінімнің мәні бойынша сараптама жүргізу процесінде осы & 4 тарауға сәйкес ақпараттық ізденіс жүргізіледі.

96. Өтінім мәні бойынша сараптама жүргізу шарттары

1) Өтінім мәні бойынша сараптама осы Нұсқаулықтың 47-тармағына сәйкес берілген өтінімшінің немесе үшінші адамның өтініші бойынша жүргізіледі. Сараптама егер өтінішті өтінімші берсе, алдын ала патентті күшінде ұстауды растайтын төлем



құжатын тапсырған Жағдайда жүзеге асырылады.

Өтінішпен бірге өтінім мәні бойынша сараптама жүргізу төлемін растайтын құжат бірге тапсырылады. Төлем мөлшері өтініште көрсетілген өнертабыс формуласының тәуелсіз тармақтары санына байланысты белгіленеді.

Егер өтінім мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтінішті берген кезде төлем белгіленгеннен аз мөлшерде жүргізілсе, онда өтінімшіге хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзім ішінде төлем сомасын және формуланың тәуелсіз тармақтарының санын сәйкестендіру қажеттігі туралы хабарланады. Осындай хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінімші тиісті төлемімен, сараптама жүргізуге жатпайтын өнертабысқа қатысты тармақтар алып тасталған өнертабыстың өзгертілген формуласын тапсыруға не белгіленген мөлшерде қосымша ақысын төлеуге тиіс.

Егер белгіленген мерзімде қажетті құжаттар тапсырылмаса, не тапсырылған құжаттар формуланың тәуелсіз тармақтар санына төлем сомасын сәйкес деп тануға мүмкіндік бермесе, өтінімшіге өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру және тиісті төлем мүмкіндігін ескере отырып, жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттерді орындаудың қажеттігі туралы қосымша хабарланады.

2) Қазпатент өтініш берген тұлғаға қарау нәтижелері жөнінде хабарлайды. Егер өтінішті үшінші тұлға берген жағдайда бұл туралы сондай-ақ өтінімшіге де хабарланады.

3) Егер өтініш Заңның 30-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес іс-әрекеті тоқтатылған өтінім бойынша түскен болса, өтінімнің мәні бойынша сараптама жүргізілмейді.

4) Мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтініш берген тұлға өтінімші болып табылмаса, өтінім қарауға қатыстырылмайды. Өтінім бойынша хат-хабарлар өтінімші көрсеткен мекен-жай бойынша жүргізіледі. Өтініш берген тұлғаға өтінімді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімнің көшірмесі жіберіледі.

5) Өкілі тағайындалмаған жеке тұлға-өтінімшінің өтінімі бойынша өтінім мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтініш үшінші тұлғадан түскен кезде үшінші тұлғадан өтініш түскені туралы өтінімшіге жіберілетін хабарлама оны қолына тапсыру хабарламасымен ресімделеді. Өтінімшіге аталған хабарламаның тапсырылғаны туралы пошталық хабарлама болмаған жағдайда Қазпатенттің өтінімшіге жолданған кезекті хат-хабарлары осындай тәртіппен ресімделіп, жіберілген хат-хабарлардың өтінімшіге тапсырылғанын растайтын хабарлама алынғанша сақталады.

6) Өтінім мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтініш Заңның 22-бабының 11-тармағына сәйкес ақпараттық ізденіс жүргізу кезінде түскен жағдайда, өтінім мәні бойынша сараптама ақпараттық ізденістер аяқталған соң жүргізіледі, бұл туралы өтініш берген тұлғаға хабарланады.

#### 97. Өнертабыс формуласын тексеру

1) Тексеру алдын ала патентте баяндалған формулаға қатысты, ал егер ол мәні бойынша сараптама сатысында өзгерсе, онда осы Нұсқаулықтың 107-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда өзгерген формулаға қатысты жүргізіледі.

2) Өнертабыс формуласын тексеру кезінде жиынтығы өтінімші көрсеткен техникалық нәтиже алуға жеткілікті мәлімделген өнертабыстың барлық маңызды белгілерінің бар-жоғы анықталады.

Егер онсыз техникалық нәтижеге (егер өтінімші бірнешеуін көрсетсе, нәтижелердің ешқайсысы) жетпейтін маңызды белгі өнертабыстың тәуелсіз формуласына енгізілмей, сипаттамада немесе формуланың тәуелді тармағында болса, өтінімшіге

мұндай белгіні формуланың тәуелсіз тармағына енгізу ұсынылады. Мұндайда техникалық нәтижеге жету үшін бұл белгінің қажеттігін растайтын дәлелдер келтіріледі. Мұндай дәлелдер белгілер және техникалық нәтиже арасындағы себеп-салдарлық сипаттаманы ашуға немесе сараптама жүргізген теориялық талдамаға негізделуі мүмкін.

Қарастырылатын формуланың тәуелсіз тармағы мәнсіз белгілерді немесе мәлімделген өнертабысты пайдалану немесе тек жекелеген нысандарын сипаттаушы ретінде анықталған жағдайда өнертабыс формуласының мұндай редакциясын сақтаудың орындылығы туралы өтінімшінің пікірі сұралуы мүмкін.

3) Өнертабыс формуласын тексеруге өнертабыс мәні талдауы негізінде осы Нұсқаулықтың 32-тармағының 4) тармақшасына сәйкес белгілердің ұқсастығын анықтау мүмкіндігі кіреді.

Егер белгі оның ұқсастығын қамтамасыз ететін ұғымдармен сипатталмаса, және өтінімші өнертабыс формуласын түзетуден бас тартатын болса, онда өтінімді бұдан әрі қарау кезінде мұндай ұғым назарға алынбайды.

4) Егер өнертабыс формуласына жалпы ұғымда көрінетін белгі енетін болса, осы Нұсқаулықтың 32-тармағының 6) тармақшасына сәйкес оны пайдаланудың заңдылығы айқындалады.

Сараптамада жалпы ұғымға жататын белгілерді іске асырудың осындай жеке нысандары анықталса, бірақ өтінімші көрсеткен техникалық нәтижені қамтамасыз етпесе (басқа да маңызды белгілер жиынтығымен бірге), өтінімшіге тиісті дәлелдер келтіріліп, оларды не жоққа шығару не өнертабыс сипаттамасы негізінде формуланы түзету ұсынылады.

5) Егер өтінімде бір тәуелсіз тармақты біртізбекті формула немесе көптізбекті формула келтірілсе, бір өнертабыс осындай формуламен осы Нұсқаулықтың 37 және 38-тармақтарына сәйкес сипатталғаны тексеріледі.

Көрсетілген талаптарға нұқсан келгені анықталған жағдайда өтінімшіге жіберілген сұрауда бұл туралы хабарланады және анықталған кемшілікті жою үшін формуланы түзетуге ұсыныс жасалады. Мұндайда түзетілген формуладағы бірлік талаптарын сақтау және бұрындары жекелеген тәуелсіз тармақтармен ұсынылмаған өнертабысқа түзетілген формулада жаңа тәуелсіз тармақтар енгізілген жағдайда қосымша төлем қажеттігі, не формуланы түзетуден бас тартқан жағдайда бұдан әрі қарауға жататын өнертабыс көрсетіледі.

Егер көрсетілген қорытынды шығаруға балама ұғым белгісін сипаттау үшін пайдалану шарттарын сақтамау негіз болып табылса, мұндай нұқсан келтірушілігі анықталған нақты баламалық сипаттамалармен (өтінімші келтірген барлық немесе жекелеген) жіберілген кемшіліктер сипаты көрсетіледі.

6) Егер өтінімші бірнеше тәуелсіз тармақтары бар көптізбекті формула ұсынса, осы тармақтың 5-тармақшасында баяндалғанға сәйкес (егер олар бар болса, бағынысты тәуелді тармақтармен бірге) олардың әрқайсысының талдауы жүргізіледі.

Әрбір тәуелсіз тармағы (егер олары бар болса, оған бағынысты тәуелді тармақтармен бірге) тек бір ғана өнертабысты сипаттайтын көптізбекті формула хақында өнертабыс ортақ өнертабыстық ойды құрайтын өнертабыстар тобын білдіретіндігі анықталады.

Егер тәуелсіз тармақтарында сипатталған өнертабыстар өзара осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілгендей қатысты болса, ортақ өнертабыстық ой шарты сақталған болып танылады.

Тәуелсіз тармақтарда сипатталған өнертабысқа қатыстылықтың дұрыстығын тексеру кезінде өтінімші көрсеткен өнертабыс бағыты және техникалық нәтижелері сәйкес келетіндігі нұсқада айқындалады.

Егер әрбір өнертабыстар тобына (немесе олардың біріне) бірнеше техникалық нәтижелер көрсетілсе, ал сәйкес келуі көрсетілген техникалық нәтижелердің

кейбіреуіне ғана қатысты болса, техникалық нәтижелердің сәйкес келу шарты бұзылған болып есептелмейді.

Өнертабыстың техникалық нәтижелерінің бәріне ортақ сипаттамадан өзге солардың біріне қосымша қандай да болмасын арнаулы ерекшелік (мысалы, "үйкелістің азаюы" және "ылғалдылық артқан жағдайда үйкелістің азаюы" сияқты) көрсеткіші енгізілген жағдайда техникалық нәтижелер сәйкес келу шарты бұзылған болып есептелмейді.

Өнертабыс бірлігі талаптарын өтінімші сақтамағаны анықталса, осы Нұсқаулықтың 83-тармағында келтірілген тәртіппен өтінімшіге хабарланады.

7) Өтінімшімен келісіліп және алдын ала патентте баяндалған өнертабыс формуласын талдау кезінде оның белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні, бірақ мұның мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттілігіне кедергі келтірмейтіндігі анықталса, онда өнертабыс формуласын түзетуге байланысты барлық мәселелер осындай формуламен сипатталған өнертабыстың патент қабілеттілігі туралы алдын ала қорытынды алынған соң айқындалады.

8) Сараптама сұрауы немесе дербес бастамасы бойынша өтінімші өзгерткен формула хақында осы тармақтың 2)-7) тармақшаларына сәйкес тексеру жүргізіледі.

Өнертабыстың патент қабілеттілігін тексеру үшін формула өтінімші растаған өзгертулермен қабылданады.

9) Осы тармақтың 5) тармақшасында баяндалғанға сәйкес тексеру кезінде бір тәуелсіз тармақты біртізбекті немесе көптізбекті формула бір өнертабыстан көпке қатысты болса және өтінімші формуланы түзетуден бас тартса, өтінім сараптамасын жалғастыру бұдан әрі қарауға жататын өнертабысты көрсеткен жағдайда ғана мүмкін және патент қабілеттілігін бағалау тек осы өнертабысқа қатысты жүзеге асырылады.

10) Осы тармақтың 6) тармақшасында қарастырылған тексеру жүргізу кезінде тиісінше осы тармақтың 9) тармақшасының ережесі қолданылады.

## 98. Өнертабыстың патент қабілеттілігін тексеру

Мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттілігін тексеру кезінде өнертабыстың өнеркәсіпте қолданылуы, жаңалығы және өнертабыстық деңгейі анықталады.

Қарастырылатын формулада баламалық ұғым болған жағдайда патент қабілеттілігін тексеру осындай ұғымдардың бірі енетін белгілер жиынтығының әрбірі хақында жүргізіледі.

Егер патент қабілетсіздігі туралы қорытынды көрсетілген жиынтықтардың бірі хақында алынса, бұдан әрі өтінімді қарау осы Нұсқаулықтың 105-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Өтінім көптізбекті формуланы (бір, сондай-ақ бірнеше тәуелсіз тармақтарды) құрайтын жағдайда патент қабілеттілігін тексеру ерекшеліктері осы Нұсқаулықтың 102-тармағында көрсетілген.

Нақты көзге қатысты ақпараттарды ашу күнін белгілеу кезінде осы Нұсқаулықтың 111-тармағының ережесі қолданылады.

Мәлімделген өнертабыстың техникалық деңгейі патент қабілеттілігін тексеру кезінде автор, өтінімші не кез келген тұлға ашқан өнертабысқа қатысты, тікелей немесе жанама түрде осындай ақпараттарды алған, осылайша өнертабыс мәні туралы мәліметтер жалпыға ортаққа айналса, егер өнертабысқа өтінім Қазпатентке ақпарат ашылған күннен бастап алты айдан кешіктірмей берілсе, ақпараттары бар көздер енгізілмейді.

Патент қабілеттілігін тексеру нәтижелері бойынша осы Нұсқаулықтың 104 және

105-тармақтарына сәйкес патент беру туралы немесе патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

#### 99. Өнеркәсіпте қолданылуын тексеру

1) Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес егер ол өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда және басқа қызметтер салаларында пайдаланылса, өнеркәсіпте қолданылатын болып табылады.

2) Өнертабысты пайдалану мүмкіндігін анықтаған кезде мәлімделген өнертабыс объектісінің бағыты көрсетілген материалдардың өтінімде бар- жоғы тексеріледі.

Сондай-ақ өнертабыс формуласы тармақтарының кез келгенінде сипатталғандай түрде өнертабысты жүзеге асыру мүмкіндігінің құралдары мен тәсілдері өтінім материалдарында сипатталғандығы тексеріледі. Өтінім материалдарында мұндай мәліметтер болмаған жағдайда көрсетілген құралдар мен тәсілдер өнертабыс басымдығы күніне дейін жалпыға ортаққа айналған кезде сипатталуына жол беріледі.

Сонымен қатар, формуланың кез келген тармағы бойынша өнертабысты жүзеге асырған жағдайда өтінімші көрсеткен іске асырудың мүмкіндігі тексеріледі.

3) Егер өнертабыстың басымдық күніне барлық көрсетілген талаптар сақталғаны анықталса, өнертабыс өнеркәсіпке қолдану шартына сәйкес келеді деп танылады.

Көрсетілген талаптардың құрығанда бірі сақталмаған жағдайда өнертабыстың өнеркәсіпке қолданылу шартының сәйкессіздігі туралы қорытынды шығарылады. Мұндай жағдайда өтінімшіге тиісті дәлелдемелер келтірілген сұрау жіберіліп және осы дәлелдемелерге қатысты өз пікірін білдіруге және өнертабыс формуласын түзетуге (егер сараптаманың пікірінше, өтінім материалдарына мұндай өзгерістер жасауға, соның нәтижесінде көрсетілген қорытынды өзгеруі мүмкін) ұсыныс жасалуы мүмкін. Мұндайда сұрауда формуланы түзету жөнінде нақты ұсыныстар келтірілуі де мүмкін.

4) Өнеркәсіпте қолданылу шартына сәйкес келмейтіндігі анықталған өнертабыс хақында жаңалығын және өнертабыстық деңгейін тексеру жүргізілмейді.

#### 100. Жаңалығын тексеру

1) Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес өнертабыс егер ол техника деңгейі туралы мәліметтерден белгісіз болса, жаңа болып табылады.

Өнертабыстың жаңалығы өнертабыс формуласының тәуелсіз тармағындағы барлық белгілер жиынтығына қатысты жүргізіледі.

2) Басымдығы бұрынырақтағы күннен техника деңгейі осы күннен енгізілетін өнертабысқа немесе пайдалы модельге өтінім (тек жаңалығын тексеру үшін) келесі шарттар жиынтығы сақталған жағдайда:

өтінім Қазақстан Республикасында берілсе, оның ішінде халықаралық берілу күні белгіленіп, Қазақстан Республикасы көрсетілген халықаралық өтінім, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 9-тарауының шарттары сақталған еуразиялық өтінім;

өтінімді басқа адам берсе (өтінімшілер құрамы осы өтінім өтінімшілерінің құрамынан ерекшеленеді);

өтінім қайтарып алынбаған және қайтарып алынған болып есептелмейді (халықаралық өтінім іс-әрекеті Қазақстан Республикасында тоқтатылмаған).

Басымдық күнінен бастап техника деңгейіне сондай-ақ Қазақстан Республикасында (яғни, Қазақстан Республикасының тиісті Мемлекеттік тізілімдерінде тіркелген)

патенттелген (оның ішінде сол тұлғамен) өнертабыстар мен пайдалы модельдер енгізіледі.

Өтінім сипаттама және формулаға қатысты техникалық деңгейге енгізіледі, осы өтінімдегі күнге арыз, сипаттама, формула мен сызбалар түседі (өнертабысқа өтінімдерге тек оларға сипаттамада сілтеме жасалған жағдайда ғана). Егер бұл күн қарастырылып отырған басымдық күнінен тым кейіндеу болса, онда неғұрлым бұрынғы басымдықты өтінім басымдық белгілеуге негіз болып табылатын (алғашқы өтінім, бұрын берілген өтінім, осы өтінімге қосымша материалдар) материалдар мазмұнымен сәйкес келетін техника деңгейінің бөлігіндегі мазмұнға енгізіледі.

Қазақстан Республикасында патенттелген өнертабыстар мен пайдалы модельдер техника деңгейіне тек Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тізіліміне сәйкес өнертабыстар мен пайдалы модельдер тіркеуі болған формула хақында ғана енгізіледі.

3) Мақсаттық сипаттауын қоса отырып, қарастырылған өнертабыс формуласындағы барлық белгілерге ұқсас белгілерге тән құрал техника деңгейінде анықталса, өнертабыс жаңалық шартына сәйкес келмейді деп танылады.

Егер мәлімделген өнертабыс құрылғы, тәсіл, зат, жаңа бағыты бойынша тегіне қолданылуға қатысты болса, ол өтінімші көрсеткен мақсат бойынша сол құрылғы, тәсіл, зат, тегінің қолданылуы белгілі болған ақпараттық көз анықталса, тиісті жаңалық шартына сәйкес емес деп танылады.

4) Қарастырылып отырған өнертабыс ақпарат көздерінің техникалық деңгейінен анықталған жағдайда өтінім неғұрлым бұрынғы басымдықты болып табылса, өтінімнің қайтарып алынғаны немесе қайтарып алынған болып есептелетіні айқындалады.

Егер өтінім қайтарып алынбаса және оны қайтарып алудың Заңның 27-бабында белгіленген мерзімі өтіп кеткен болса, мәлімделген өнертабысты қарау осы тармақтың 6) немесе 7) тармақшасына сәйкес жалғасады.

Өтінім қайтарып алынбай, бірақ оны қайтарып алу мерзімі өтіп кетсе, қарастырылған өнертабыстың өтінімшісіне мұндай өтінімнің барлығы туралы (өтінімшісі көрсетілмей және мазмұны ашылмай) және оның өтінімін қарауды неғұрлым бұрынғы басымдық өтінімі жөніндегі айқындама түскенге дейін тоқтата тұру мүмкіндігі хабарланады.

Өтінім қарауды кейінге қалдыруға өтінімші келіспеген жағдайда мәлімделген өнертабыстың жаңалық шартына сәйкессіздігі анықталады.

5) Формуланың тәуелсіз тармағында сипатталған тәуелді тармақтары бар өнертабыс жаңалық шарттарына сәйкес келсе, онда тәуелді тармақтар хақындағы техникалық деңгейінің талдауы жүргізілмейді.

6) Формуланың тәуелсіз тармағында сипатталған тәуелді тармақтары бар өнертабыс жаңа болып танылмаған жағдайда өтінімді бұдан әрі қарау осы Нұсқаулықтың 102-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

7) Тәуелді тармақтары жоқ формуламен сипатталған өнертабыс жаңалығы болмауы анықталған жағдайда өтінімшіге сараптама дәлелдемелерін баяндаумен сұрау жіберіліп және осы дәлелдемелерге қатысты өз пікірін білдіруді және қажет болған жағдайларда өтінімдерінің материалдары негізінде түзетілген өнертабыс формуласын тапсыру ұсынылуы мүмкін.

Жаңалық шартына сәйкес келмейтіндігі анықталған өнертабыс хақында өнертабыстық деңгейін тексеру жүргізілмейді.

## 101. Өнертабыстық деңгейін тексеру

1) Заңның 6-бабының 1-тармағына сәйкес өнертабыс егер ол маман үшін техника

деңгейі туралы мәліметтерден шықпаса, өнертабыс деңгейі болады.

2) Өнертабыс маман үшін техника деңгейі туралы мәліметтерден, атап айтқанда, оның айырықша белгілерімен сәйкес келетін белгілері бар шешімдер анықталмаса, немесе мұндай шешімдер анықталып, бірақ өтінімші көрсеткен техникалық нәтижелерге айырықша белгілер ықпалы расталмаса, нақты шықпаған болып саналады.

Көрсетілген шарттарды сақтауды тексеруге кіретіндер:

осы Нұсқаулықтың 23-тармағына сәйкес неғұрлым жақын баламасын айқындау; мәлімделген өнертабыстың формуланың тәуелсіз тармағында сипатталған анықталған белгілері неғұрлым жақын баламасынан ерекшеленсе (ерекшелік белгілері); қаралып отырған ерекшелік белгілермен сәйкес келетін белгілері бар шешімдердің техникалық деңгейін анықтау.

3) Атап айтқанда, төмендегілерге негізделген өнертабыстардың өнертабыстық деңгейі шартқа сәйкес келмейді деп танылады:

оған белгілі ережелер бойынша тап осындай қосымшалардың ықпалы анықталған техникалық нәтижеге жету үшін қосымшаға белгілі құралдың қандай да болмасын бөлігі (бөліктері), қосылғанда;

техникалық нәтижеге жету үшін белгілі құралдың қандай да болмасын бөлігін (бөлшектерін) тап осындай алмастыру ықпалы анықталған басқа белгілі бөлігімен алмастыру;

құралдың қандай да болмасын бөлігін (элемент, іс-әрекет) оның функциясын ескере отырып, алып тастау және әдеттегі мұндай нәтижені алып тастау қосымшасымен бірге (қарапайымдату, массасын азайту, көлемін, материал сиымдылығын, сенімділігін арттыру, процесс ұзақтылығын қысқарту және т.б.);

бір үлгілі элементтер санын ұлғайту, құралдарда тап осындай элементтер, іс-әрекеттер бар-жоғына негізделген техникалық деңгейді күшейтуге арналған іс-әрекеттер;

осы материалдың белгілі қасиеттеріне негізделген техникалық деңгейге жетуге арналған белгілі материал бөлігі (бөліктері) белгілі құрал орындауға;

таңдауы және байланысы белгілі ережелер, ұсыныстар негізінде жүзеге асырылған белгілі бөлшектерден тұратын құрал жасауға және мұндай кезде қол жеткен техникалық нәтижелері осы құралдың тек белгілі бөліктерінің қасиеттерімен және олардың арасындағы байланыстарға негізделген;

белгілі құрылғы, тәсіл, зат, жаңа бағыты жөніндегі тегін қолдануға, егер жаңа бағыты оның белгілі қасиеттерімен, құрылымымен, орындалуымен негізделіп, және тап осы қасиеттері, құрылымы, орындалуы осы бағытты жүзеге асыруға қажетті болған жағдайда.

Сандық белгісінің (белгілерінің) өзгеруіне негізделген, мұндай белгілерді ұсыну өзара байланысты не оның түрі өзгергенде, егер техникалық нәтижелерге әрқайсысының ықпалдық фактысы белгілі болса, және осы белгілердің жаңа маңызы немесе олардың өзара байланыстары белгілі тәуелділіктен, заңдылықтан алынса, өнертабыстар өнертабыстық деңгейге сәйкес деп танылмайды.

4) Өнертабыстық деңгей шарттарына, ішінара, сәйкес келетіндер:

белгіленген құрылымды жаңа дербес қосылыстар (сыныптар, топтар) алу тәсілі;

белгіленген құрылымды белгілі дербес құрылымдар (сыныптар, топтар) алу тәсілі, егер ол қосылыстар реакциясының осы сыныбы немесе тобына арналған немесе жүргізілу шарты белгісіз қосылыстар реакциясының осы сыныбына немесе тобына негізделген жағдайда;

қол жеткізу мүмкіндігі техника деңгейінен тарайтын синергетикалық тиімділікті қамтамасыз ететін тым құрығанда екі белгілі ингредиенттен тұратын композиция (яғни, екі ингредиенттер қасиеттерін анықтағыш, бірақ тым құрығанда осы қасиеттердің бірінің сандық көрсеткіштері жекелеген ингредиенттің қасиет көрсеткіштерінен

жоғары);

белгілі қосылыстар тобының жалпы құрылымдық формуласына жататын дербес қосылыс, бірақ арнайы алынып және зерттелген сияқты сипатталмаған, және мұндайда сапалық немесе сандық қатынастарда (селективтік өнертабыс) осы қасиет тобының жаңа белгісіздігін анықтайтындар.

5) Егер мұндай ашылу техникалық деңгейінен емес, тек өтінім материалдарынан ғана белгілі болса, өнертабыс қарапайым көрінуінен және техникалық нәтижеге қол жеткізу тетігі өтінім материалдарында ашылуынан өнертабыстық деңгейге сәйкес келмесе, қаралмайды.

6) Мәлімделген өнертабыстың ерекшелік белгілерінің техникалық нәтижеге ықпалының белгілілігі - бір, сондай-ақ бірнеше ақпараттық көздермен расталуы мүмкін. Қандай да болмасын ақпарат көздері көрсетілместен, нақты техникалық білімнің жалпыға ортақ саласына негізделген дәлелдер келтіруге жол беріледі. Дегенмен бұл егер өтінімші талап етіп отырған жағдайда өтінімді одан әрі қарастыру кезінде мұндай көздерді көрсету міндетінен сарапшыны босатпайды.

7) Егер осы белгілер хақында мұндай нәтижені өтінімші айқындамаған немесе ол көрсеткен техникалық нәтижеге қол жетпейтіндігі анықталған жағдайларда техникалық нәтижеге ерекшелік белгілер ықпалын растау талап етілмейді.

8) Егер көптізбекті формулада сипатталған, тәуелді тармақтары бар мәлімделген өнертабыс тәуелсіз тармаққа қатысты өнертабыстық деңгей шарына сәйкес деп танылса, формуланың тәуелді тармақтарына қатысты бұдан әрі тексеру жүргізілмейді.

9) Егер тәуелді тармақты формуланың тәуелсіз тармағы бойынша өнертабыс өнертабыстық деңгей шартына сәйкес еместігі анықталса, өтінімді одан әрі қарау осы Нұсқаулықтың 102-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

10) Тәуелді тармақтары жоқ формуламен сипатталған өнертабыстың өнертабыстық деңгейі жоқ екендігі анықталса, өтінімшіге тиісті дәлелдемелер баяндалған және осы дәлелдемелерге қатысты өз пікірін білдіруді сұраған ұсыныс және қажет болған жағдайда түзетілген өнертабыс формуласын жолдау туралы сұрау салынуы мүмкін.

102. Көптізбекті формулада сипатталған өнертабыстың патент қабілеттігін тексеру ерекшеліктері

1) Егер өнертабыс тәуелді тармақты көптізбекті формуламен сипатталса және жаңалығы немесе өнертабыстық деңгейінің болмауына байланысты тәуелсіз тармағы хақында патент қабілетсіздігі туралы қорытынды алынса, өтінімшіге бұл туралы хабарланады және өтінімді тапсырумен бұдан әргі қараудың орындылығы туралы өз пікірін айтуы, мұндай орындылығы расталған жағдайда өнертабыстың түзетілген формуласы сұралады. Тәуелді тармақтар мазмұнын тәуелсіз тармақтарға енгізген жағдайларда назарға алынуы мүмкін ақпарат көздері сараптамаға белгілі болған жағдайларда өтінімшіге бұл туралы хабарлануы мүмкін.

2) Тәуелді тармақты формуланың тәуелсіз тармағы хақында өнертабыстың патент қабілеттігі белгіленген жағдайда осы тармақтардағы өнертабыс белгілері өнертабысты жүзеге асыруға немесе өтінімші көрсеткен бағытта жүзеге асыруға кедергі жасамайтындығы тексеріледі. Сонымен қатар, тәуелді тармақтар белгілерін келтірумен сипатталған өнертабыс қоғамдық мүдделерге, ізгілік пен адамгершілік қағидаларына қайшы келмейтіндігі тексеріледі.

Тәуелді тармақты көптізбекті формуламен сипатталған өнертабыстың аталған барлық шарттарына қатысты тексеру оң нәтиже берген жағдайда патент қабілетті деп танылып, осы Нұсқаулықтың 104-тармағына сәйкес патент беру туралы шешім

шығарылады.

Шарттың кез келгенін тексеру жақында теріс нәтиже болған жағдайда өтінімшіге бұл туралы сұрау салуда хабарланады және сараптама қорытындысын теріске шығаратын дәлелдемелер келтіру не түзету немесе өнертабыс формуласынан мұндай тәуелді тармақтарды алып тастау ұсынылады.

3) Егер өнертабыс тобы мәлімделсе, патент қабілеттігін тексеру оған кіретін өнертабыстардың әрқайсысына қатысты жүргізіледі. Өнертабыстар тобының бәрі патент қабілетті болғанда ғана топ патент қабілетті деп танылады.

Егер топтың өнертабыстарының барлығы бірдей патент қабілетті болмағаны анықталса, онда өтінімшіге бұл туралы хабарланады және келтірілген дәлелдемелерге қатысты өз пікірін білдіру және қажет болған жағдайларда формуладан өнертабыстың патент қабілетсіздігін сипаттайтын тәуелсіз тармақтарды алып тастау, не осы тармақтарды түзетілген түрде тапсыру ұсынылады.

4) Егер өтінімші жоғарыда баяндалған жағдайларда өнертабыстың өзгертілген формуласын тапсырса, өтінімді бұдан әрі қарау осы формулада сипатталған өнертабыс (өнертабыстар) жақында осы Нұсқаулықтың 97 және 98-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Егер өтінімші сараптама қорытындысын теріске шығаратын дәлелдемелер немесе өзгертілген формуланы тапсырмаса, өтінімді бұдан әрі қарау жүргізілмейді және осы Нұсқаулықтың 105-тармағына сәйкес патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

### 103. Қосымша материалдар сұрау

1) Заңның 22-бабының 8-тармағына сәйкес қосымша материалдар, оның ішінде өнертабыстың өзгертілген формуласы сұрауы өтінімшіге егер осы материалдарсыз өтінімнің мәні жөніндегі сараптама, қабылданған шешімді қоса отырып, жүргізу мүмкін емес жағдайларда жіберіледі.

2) Сұрау жіберу үшін, атап айтқанда, келесі жағдайлар негіз болуы мүмкін: төлемнің дұрыстығына байланысты мәселелер анықтауға қажеттілік; осы Нұсқаулықтың 97-тармағына сәйкес тексеру қорытындылары бойынша өнертабыс формуласын нақтылау қажеттілігі;

басымдық белгіленуіне байланысты, атап айтқанда, конвенциялық басымдықты белгілеу кезінде бірінші өтінімде мәлімделген өнертабысты ашуға байланысты мәселелер шешу қажеттілігі;

осы Нұсқаулықтың 98-тармағына сәйкес мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттігін тексеруге байланысты мәселелер шешімі қажеттілігі;

мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттігін тексеру нәтижелері бойынша өнертабыс формуласын анықтау қажеттілігі;

осы Нұсқаулықтың 106-тармағына сәйкес басымдығының бір ғана күні бар ұқсас өнеркәсіп меншігі объектілеріне өтінімдер қараумен байланысты мәселелер шешімі қажеттілігі.

3) Осы Нұсқаулықтың 97-тармағының 9) және 10) тармақшаларына сәйкес қаралатын өнертабыстың (өнертабыстардың) патент қабілеттігі анықталған жағдайда өтінімшіге оған жолданған сұрау салуда бұл туралы хабарланады және патент қабілеттігі бағалауы жүргізілмеген өнертабыс (өнертабыстар) сипаттамасын бұдан алып тастау немесе тиісті төлемімен осы өнертабысты (осындай өнертабыстың әрқайсысын) тәуелсіз тармаққа бөлу жолымен формуланы түзету тағы ұсынылады. Мұндайда өтінімшіге сұралған материалдарды немесе тиісті төлемімен көрсетілген мерзімді ұзарту туралы өтінішін белгіленген



мерзімде тапсырмаған жағдайда Заңның 22-бабының 8-тармағына сәйкес өтінім қайтарып алынған болып есептеледі.

4) Өтінімнің бастапқы материалдарында белгісі немесе белгі сипаты ақпарат көзіне сілтемемен алмастырылған белгі немесе осы Нұсқаулықтың 93-тармағының 5) тармақшасына сәйкес өтінімші ұсынған өтінімнен кейін назарға алынбаған жаңа тәуелсіз тармақты енгізуге салыстырылмаған немесе өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған патент қабілеттігі туралы қорытынды алынған өнертабыс формуласын кіргізуді өтінімші қыстап отырған жағдайда өтінімшіге көрсетілген белгі және/немесе тармағы жоқ формуланы тапсыруға сұрау жіберіледі; мұндайда өтінімшіге сондай-ақ сұралған материалды тапсырмаған жағдайда өтінімнің қайтарып алынған болып есептелетіні хабарланады.

5) Мәні бойынша сараптама жүргізу (немесе аяқтау)ға кедергі келтіретін жағдайлар өтінімшіге жолданатын сұрауда баяндала отырып, сонымен қатар осы Нұсқаулықтың 79-тармағында көрсетілген негіз бойынша өтінімді қарау кезінде туындаған барлық мәселелер, ескертпелер мен ұсыныстар келтіріледі.

Сұрау салуда келтірілген сарапшының қандай мәселе жөніндегі болмасын пікірі техникалық немесе құқықтық сипаттағы дәлелмен бекітіледі. Қажет болған жағдайларда техникалық әдебиетке, Заң ережелеріне, осы Ережеге және басқа да нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалады.

Маңызды белгі сипатын нақтылау, маңызды емес белгіні формуладан алып тастау және т.б. сияқты формуланы түзетуге байланысты ұсыныстар өтінімшіге жіберілген кездерде мұндай түзетулердің құқықтық салдары және одан бас тартуды көрсеткен орынды.

6) Сұрауда ақпарат көзі келтірілген жағдайда осы көзді табуға қажетті оның барлық библиографиялық мәліметтері, сондай-ақ өтінімді қарау кезінде назарға алынған ақпараттарды табу үшін қажетті басқа да мәліметтер (беті, абзацы, графикалық кескіндемелердегі сұлбалар нөмірі және т.б.) көрсетілуге тиіс.

7) Сұрау салуға мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттігін тексеру нәтижелері бойынша өнертабыс формуласын нақтылау қажеттігі және сипаттаманы және/немесе сызбаларды тиісті түзету талап етілетін формуланы нақтылау негіз болып табылған жағдайда, өтінімшіге осы ұсынысты жіберген күннен бастап үш ай мерзім ішінде сипаттаманы және/немесе сызбаларды (және алмастыру парақтарын) тапсыру ұсынылады.

Сипаттама және/немесе сызбаларда, оның ішінде сараптама бұрын көрсеткен, бірақ өтінімші түзетпеген кемшіліктер болған жағдайда да осындай ұсыныстар жасалуы мүмкін.

#### 104. Патент беру туралы шешім

Егер өтінімнің мәні бойынша сараптама нәтижесінде мәлімделген ұсыныс өтінімші сұраған көлемде құқықтық қорғауға Заңның 6-бабында айқындалған өнертабыстың патент қабілетті шарттарына сәйкес келсе, Заңның 22-бабының 9-тармағына сәйкес өтінімшімен келісілген өнертабыс формуласымен патент беру туралы шешім шығарылады.

Патент беру туралы шешім өтінімшіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тиісті төлемді растайтын құжат тапсыруға тиіс. Аталған құжат тапсырылмаған жағдайда өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады. Заңның 22-бабы 13-тармағының шарттары орындалған жағдайда өтінім қалпына келтірілуі мүмкін.

#### 105. Патент беруден бас тарту туралы шешім

1) Өтінімші ұсынған формулада көрсетілген мәлімделген өнертабыстың тым құрығанда патент қабілеттігінің бір шарты сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда тиісті негіздемелер келтіріле отырып, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Патент беруден бас тартуға себеп болып табылатын жағдайлармен өтінімші танысқаннан кейін мәлімделген өнертабыстың патент қабілеттігіне қатысты дәлелдемелер тапсырылып, дегенмен бұлар сараптама қорытындысын өзгерте алмаса, шешімде көрсетілген дәлелдемелер талдауы келтіріледі.

2) Көптізбекті формулада сипатталған мәлімделген өнертабыс бір тәуелсіз тармақты және тәуелді тармақтары патент қабілеттік шартына тәуелсіз тармағына қатысты сәйкес келмесе және өтінімші формуланың бұл тармағын түзетуден бас тартса, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

3) Патент беруден бас тарту туралы шешім басқа тәуелсіз тармақтары жоқ формуланың тәуелсіз тармағында сипатталған өнертабыстың патент қабілеттігі анықталған жағдайда, ал тәуелді тармақтардағы өнертабыс сипаты өнертабысты жүзеге асыруға немесе өтінімші көрсеткен бағытты іске асыруға кедергі жасап, және өтінімші мұндай тәуелді тармақты түзетуден не формуладан алып тастаудан бас тартқан жағдайда да шығарылады.

4) Формулада бір ғана тәуелсіз тармақ болып және ол өнертабыстың маңызды белгісін енгізбесе, соның әсерінен осылайша сипатталған өнертабыс патент қабілеттігінің қандай да болмасын шартына сәйкес келмесе, егер өтінімші аталған белгіні формулаға кіргізуден бас тартса, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

5) Егер формулада сипатталған мәлімделген өнертабыстың бірі патент қабілетті еместігі анықталса, және өтінімші осы өнертабыс формуласынан сипаттаманы түзетуден немесе алып тастаудан бас тартса, патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Мұндайда шешімде басқа өнертабысқа (өнертабыстарға) қатысты осындай қорытынды шығарылған патент қабілеттігі расталады.

#### 106. Басымдығының күні тап сондай ұқсас өнеркәсіп меншігі объектісіне басқа өтінімнің бары анықталған кезде өтінімді қарау ерекшеліктері

Өнертабыс (немесе өнертабыс пен пайдалы модель) формулаларының тәуелсіз тармақтарының мазмұны толық сәйкес келсе, ұқсас деп танылады.

Өнертабыстардың ұқсастығы (немесе өнертабыс немесе пайдалы модель) алдын ала патентте (пайдалы модельге патентте) баяндалған формула негізінде белгіленеді.

Егер қаралып жатқан өтінім бойынша өнертабыстың патент қабілеттігі анықталса, бірақ басымдығының күні тап сондай ұқсас өнертабыс немесе пайдалы модельге өтінім қайтарып алынбаған болып есептелсе, онда патент беру туралы шешім Қазпатентке жіберілген бұрындағы күні дәлелденген өтінім бойынша, ал Қазпатенттегі ертеректегі тіркеу нөмірі бойынша бұл күндеріне сәйкес беріледі.

#### 107. Қосымша материалдарды тексеру

Заңның 22-бабының 8-тармағына сәйкес Қазпатенттің сұрауы бойынша немесе 21-баптың 2-тармағына сәйкес өтінімшінің бастамасы бойынша берілген қосымша материалдарды тексеру осы Нұсқаулықтың 93-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша материалдарда өнертабыстың өзгертілген формуласы болса, қарастырылып отырған формулада осындай қасиетпен бөлінген өзгертілген формуланың бір немесе бірнеше тәуелсіз тармақтарын енгізу қарастырылған ба, және осындай қосымша құжаттармен бірге оларды тапсыру мерзімі ескеріле отырып, ақы төленгенін растайтын құжат берілгені анықталады.

Көрсетілген құжатты қосымша материалдарымен тапсырмаған жағдайда өзгерген формула өтінімді қарау кезінде назарға алынбайды.

Өтінімші өтінімге қарсы қойылған материалдар көшірмелерін сұраған жағдайда қосымша материалдар оған сараптама сұрауы жіберілген күннен бастап екі ай ішінде өтінімші сұратып алған жағдайда аталған көшірмелер өтінімшіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсырылуы мүмкін.

#### 108. Өтінімді өзгерту

##### 1) Заңның 28-бабына сәйкес өнертабысқа өтінім өнертабысқа патент

беруге шешім шығарылғанға дейін пайдалы модельге патент беруге өтінімге айналдырылуы мүмкін.

##### 2) Өзгерту осы Нұсқаулықтың 94-тармағының 1)-3) және 5)

тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

##### 3) Егер өзгерту туралы өтініш Заңның 22-бабының 8-тармағына сәйкес

қайтарып алынған болып саналатын өтінім бойынша түссе, және өтінішпен

бірге өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы сұрау тапсырылса,

соңғысы Заңның 22-бабының 13-тармағы және осы Нұсқаулықтың 70-тармағына

сәйкес қаралады.

#### & 4 Ақпараттық іздестіру жүргізу

#### 109. Ақпараттық іздестіру жүргізудің шарттары мен мерзімі

1) Осы Заңның 22-бабының 11-тармағына сәйкес ақпараттық іздестіру өтінімшінің өтініші бойынша өтінімді қараудың кез келген сатысында, ал патент иеленуші немесе үшінші тұлғаның өтініші бойынша тиісті ақысы төленген жағдайда алдын ала патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін жүргізілуі мүмкін.

2) Мәлімделген ұсыныс оны түсіну мүмкін еместей немесе оны Заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес патент қабілетті өнертабыс ретінде танылмайтын объектілерге жатқызған жағдайда, осыған байланысты өтінімшіге хабарланып, ақпараттық іздестіру тиісінше ұзартылады.

Егер мәлімделген ұсыныс сипаттамасының жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері өтінімшіге хабарлағаннан кейін де сақталып қалған жағдайда ақпараттық іздестірулер жүргізілмейді.

3) Үшінші тұлғадан өтініш түскені туралы патент иеленушіге хабарланады, соған байланысты ақпараттық іздестіру жүргізіледі.

4) Егер ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтініш қайтарып алынған немесе қайтарып алынған болып есептелетін өтінім бойынша түссе, немесе ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтініш түскен соң өтінім бойынша формалды сараптама кезінде алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданса, онда өтініш берген өтінімшіге оны қанағаттандырудың мүмкін еместігі туралы хабарланады.

5) Өтінімші, патент иеленуші немесе үшінші тұлғаның өтініші бойынша жүргізілген ақпараттық іздестіру аяқталған соң бұл жөніндегі есеп өтініш берген адамға жіберіледі. Егер ақпараттық іздестіру үшінші тұлға берген өтініш бойынша жүргізілсе, онда ақпараттық іздестіру туралы есеп сондай-ақ патент иеленушіге де жіберіледі.

6) Ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтініш түскен күні балама өтініш түссе не ақпараттық іздестіру жүргізіліп немесе жүргізіліп жатса, мұндай өтініш берген тұлғаға көрсетілген жағдайлар туралы және осы Нұсқаулықтың 113-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ақпараттық іздестіру туралы есеп көшірмесін тапсыру шарттары туралы хабарланады.

#### 110. Ақпараттық іздестіру тақырыбы

1) Ақпараттық іздестіру сипаттама мен сызбалар (егер ондайлары бар болса) ескеріліп, өнертабыс формуласы негізінде, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 93-тармағына сәйкес өнертабыс формуласын өзгертудің жол берілетін мүмкіндіктері ескеріле отырып жүргізіледі.

2) Егер оларды өтінімші осы Нұсқаулықтың 109-тармағына сәйкес ақпараттық іздестіру жүргізу мерзімі саналатын күннен кешіктірмей енгізген жағдайда ақпараттық іздестіру жүргізу кезінде өтінім құжаттарындағы түзетулер, нақтылаулар мен өзгерістер ескеріледі.

Егер ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтініш түскен күнге өтінімші белгіленген мерзімде бірлік талабына нұқсан келтіру туралы хабарламаға жауап бермесе, ақпараттық іздестіру формулада бірінші көрсетілген өнертабыс бойынша (ортақ өнертабыстық ой құрайтын өнертабыстар тобы) жүргізіледі. Басқа өнертабыстар бойынша ақпараттық іздестіру қосымша ақы төленген жағдайда жүргізілуі мүмкін, бұл

жөнінде ақпараттық іздестіру жүргізу туралы өтініш берген тұлғаға Қазпатент хабарлайды.

#### 111. Техника деңгейі

Техника деңгейін анықтау кезінде жалпыға ортақ болып ақпараттық көзіндегі кез келген адам өзі таныса алатын, не мазмұны туралы оған заңды жолмен хабарлауға болатын мәліметтер саналады.

Техника деңгейі көзіне енгізуді айқындайтын күн ретінде танылатындар: қорғау құжаттары сипаттамасында жариялауға - оларда көрсетілген жарияланым күні;

отандық баспа басылымдарына және бұрынғы КСРО баспа басылымдарына - оларда көрсетілген басуға қол қойылған күні;

басуға қол қойылған күндері көрсетілген отандық баспа басылымдары және бұрынғы КСРО баспа басылымдары, сондай-ақ өзге де баспа басылымдары - олардың жарыққа шығарылған күндері, ал оны анықтау мүмкін болмағанда - егер жарыққа шығару уақыты тек аймен немесе жылмен айқындалса, айдың соңғы күні немесе басылымда көрсетілген жылдың 31-желтоқсаны;

мақалалар, шолулар, монографиялар және басқа да материалдарды депонирлеу үшін - оларды депонирлеу күні;

ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есептер, ғылыми-техникалық ақпараттар органдарындағы тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға және басқа да конструкторлық, технологиялық және жобалық құжаттарға - олардың осы органдарға түскен күндері;

нормативтік-техникалық құжаттарға - осыған өкілетті органда оларды тіркеу күні;

қолжазба құқығында басылған диссертациялар материалдары мен диссертациялар авторефераттары үшін - олардың кітапханаға түскен күні;

конкурсқа қабылданған жұмыстар үшін - конкурс өткізуге қатысты құжаттармен расталған олардың танысу үшін қойылған күні;

көз мөлшерімен қабылданатын ақпарат көздері (плакаттар, модельдер, бұйымдар және т.б.) - оларды көру мүмкіндігіне құжаттық расталған күні;

көрмеге орналастырылған экспонаттар үшін - оларды көрсетудің құжаттық расталған күні;

ауызша баяндамалар, дәрістер, сөз сөйлеулер - тиісті шаралар өткізу ережесінің көрсетілген күніне іс-әрекеті белгіленген дыбыстық жазбалары аппаратурамен немесе стенографиялық тәртіппен түсірілген баяндама, дәріс, сөз сөйленген күні;

радио, телевизия, кино бойынша хабарлар үшін - егер ол көрсетілген күнінде белгіленген тәртіппен ақпараттың тиісті тасығышында белгіленсе, мұндай хабардың күні;

оны пайдалану нәтижесінде белгілі болған техникалық құралдар туралы мәліметтерге арналғаны - осы мәліметтер жалпыға ортақ болғанын құжаттық растайтын күні.

#### 112. Ізденіс саласы мен көлемі

1) Ізденіс саласына сипаттама ретінде (осы өтінім бойынша техникалық деңгейін

белгілеуге арналған ақпараттар қаралатын ғылым мен техника бөлімдерінің жиынтығы) МПК рубрикасының индексі пайдаланылады.

Ізденіс саласын айқындау кезінде тұтастай өнертабыс объектісі және неғұрлым жақын баламасынан ерекшелейтін оның функциональды дербес белгілері (осы Нұсқаулықтың 37-тармағының 2) тармақшасы) ескеріледі. Ізденіс саласын айқындау кезінде сондай-ақ өнертабыс үшін ортақ функциональды дербес белгілер және егер оған қатысты ерекшелік белгілер функциональды дербес болып табылмаса, неғұрлым жақын баламасының белгілері ескеріледі. Мұндай белгілер ізденісі белгілі объектілерде, сондай-ақ осы объектілер мен олардың бөлшектері бағытына қатыссыз бөліктеріне жүргізіледі.

2) Қазпатент ақпараттық ізденіс жүргізуді мыналарды қоса отырып, қамтамасыз етеді:

Қазпатенттің ресми бюллетендері;

Қазақстан Республикасы қорғау құжаттарына сипаттамалар;

Ресей Федерациясы Патент ведомствосының сондай-ақ бұрынғы КСРО патент ведомствосының ресми бюллетендері;

бұрынғы КСРО және Ресей Федерациясының қорғау құжаттарына сипаттама;

АҚШ, Ұлыбритания, Германия, ФРГ, Франция, Жапония (орыс және ағылшын тілдеріндегі рефераттар көлемінде), Швейцарияның патенттік құжаттарын (француз және неміс тілдерінде), сондай-ақ Еуропа патент ведомствосының, Еуразия патент ведомствосының және СМДҰ патенттік құжаттары;

СМДҰ Халықаралық бюросы ретроспективамен бес жылдан кем емес уақытқа жариялаған тізім бойынша патенттік емес әдебиеттер.

3) Осы Нұсқаулықтың 110-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ақпараттық ізденіс жүргізу кезінде мәлімделген өнертабыс жаңалығын тексеру мақсаты үшін ізденіс көлеміне, олардың неғұрлым бұрынғы басымдығы жағдайында, Қазақстан Республикасында басқа тұлғалар берген барлық өнертабыстар мен пайдалы модельдерге (қайтарып алынғаннан басқа) өтінімдер және Қазақстан Республикасында патенттелген өнертабыстар мен пайдалы модельдер енгізіледі.

4) Ізденіс барысында барлық белгілері ізденіс жүргізіліп отырған

өнертабысқа ұқсас сипатты белгілер анықталған жағдайда да ақпараттық

ізденіс тоқтатылмайды және аяғына дейін жүргізіледі. Ізденіс барысында

анықталған баламалар техника деңгейі туралы неғұрлым толық және мазмұнды

ақпараттар шартынан және ақпараттарды қажетсіз қайталамаумен айқындалуға

тиіс.

113. Ақпараттық ізденіс туралы есеп және ізденіс нәтижелерімен танысу

тәртібі

1) Ізденіс туралы есепте мыналар көрсетіледі:

сол бойынша ізденіс жүргізілген өтінім нөмірі;

Қазпатентке өтінім берілген күні;

мәлімделген өнертабысты топтастыру кезінде белгіленген ХПК индексі

(индекстері), рубрикасы (рубрикалары);

ізденіс жүргізілген өнертабыстың атауы;

ізденіс саласын сипаттайтын ХПК индексі (индекстері), рубрикасы

(рубрикалары);

ақпараттық ізденіс тақырыбына жататын құжаттарға, олардың нақты бөлімдеріне сілтеме түріндегі библиографиялық мәліметтер. Егер сілтеме өнертабыс формуласының барлық тармақтарына қатысты болса, оған сәйкес нақты тармақ немесе формула тармағы көрсетіледі. Қазпатентке өтінім түскен күннен бұрын жарияланған құжаттар ерекше аталады, бірақ егер өтінім бойынша неғұрлым ертедегі басымдығы сұралса, басымдық күні кейін аталады.

Ақпараттық ізденіс аяқталған күні.

2) Мәліметтері үшінші тұлға танысуға болмайтын өтінім көшірмелерінен басқа, тиісті ақысы төленген жағдайда ізденіс туралы есепте көрсетілген құжаттардың көшірмелері беріледі.

3) Үшінші тұлғаның өтініші бойынша жүргізілген ақпараттық ізденіс туралы есеп көшірмесінің бір данасы одан тиісті сұрау түскен жағдайда патент иеленушіге тегін жіберіледі.

4) Өтінім бойынша жүргізілген ақпараттық ізденіс туралы есептің көшірмесін тиісті ақысын төлеген жағдайда кез келген тұлғаның алуы мүмкін.

5) Өтінімшіге, патент иеленушіге немесе үшінші тұлғаға жіберілген ақпараттық ізденіс туралы есеп даналары немесе олардың көшірмелерінен осы Нұсқаулықтың 112-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ізденіс көлеміне енгізілген өтінімдердің библиографиялық мәліметтері алынады.

& 5. Алдын ала патент және патент беру

114. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнертабыстар тізіліміне тіркеу

Алдын ала патент беру туралы шешім негізінде және тиісті ақы төленгенін растайтын құжат тапсырылған жағдайда өнертабысқа алдын ала патент оған тиісті нөмір берілумен қатар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнертабыстар тізіліміне (бұдан әрі - Мемтізілім) тіркеледі.

Өтінім мәні жөніндегі сараптама жүргізілгеннен кейін патент беру туралы шешім шығып және тиісті ақы төленгенін растайтын құжат тапсырылған кезде патент Мемтізілімде алдын ала патентке берілген нөмірмен тіркеледі.

Мемтізілімде алдын ала патент және патент берілгеннен кейінгі құқықтық мәртебесінің барлық өзгерістері тіркеледі.

Ақысын төлеген жағдайда кез келген тұлға Мемтізілімдегі алдын ала патент немесе патент жөніндегі мәліметтер алуына болады.

#### 115. Алдын ала патент және оларды берудің тәртібі

1) Мемтізімге енгізілген мәліметтер негізінде Қазпатент алдын ала патент немесе патент (қорғау құжатын) береді.

Қорғау құжаты мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

Қорғау құжатында:

қорғау құжатының нөмірі;

өнертабыстың атауы;

патентиеленуші - жеке тұлғаның тегі, есімі және әкесінің аты (егер бар болса) және заңды тұлғаның толық атауы, СМДҰ СТ.3 стандарты бойынша шетелдік патент иеленушінің тұратын елінің шарттаңбасы немесе тұратын жері;

авторы (авторлары) - тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса), СМДҰ СТ.3 стандарты бойынша шетелдік автордың тұратын елінің шарттаңбасы;

Қазпатентке өтінім берген күні және тіркеу нөмірі;

егер өтінім берілген күннен басқаша болса, басымдығы көрсетіледі.

Қорғау құжаты алдын ала патент немесе патент туралы мәліметтер Қазпатенттің ресми бюллетенінде жарияланумен бір мезгілде беріледі.

2) Аттарына қорғау құжаты сұралатын бірнеше тұлға болған жағдайда бір қорғау құжаты беріледі.

Патентиеленуші болып табылмайтын өнертабыс авторына оның авторлығын растайтын ресми куәлік беріледі.

3) Қорғау құжаты мен авторлар куәліктері оған жеке тапсырылады немесе патентиеленушінің мекен-жайына тапсырыстық пошта сәлемдемесімен жіберіледі (тек ұлттық патентиеленушілер және үкіметаралық келісімдерге сәйкес оларға теңелетіндер үшін).

Патентиеленушіге қорғау құжатын тапсыру кезінде жеке тұлғадан жеке басының куәлігі немесе қорғау құжатын алу үшін заңды тұлғаның сенімхаты талап етіледі.

Қорғау құжаттары және шетелдік патентиеленушілерінің оларға жеке куәліктері Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілге тапсырылады.

Егер алдын ала патент және патент беру туралы арызды Қазақстан Республикасы аумағында тұратын немесе жүрген бірнеше тұлға берсе, онда қорғау құжаты және авторлар куәлігі алғашқы көрсетілген патентиеленушісіне тапсырылады немесе жіберіледі.

Егер алдын ала патент және патент беру туралы арызды Қазақстан Республикасы аумағында бәрі бірдей тұрмайтын немесе жүрмеген бірнеше тұлға берсе, онда қорғау құжаты және авторлар куәлігі алғашқы көрсетілген ұлттық патентиеленушіге тапсырылады немесе жіберіледі.

#### 116. Алдын ала патент және патент беру туралы мәліметтер жарияланамы



1) Өнертабысқа алдын ала патент туралы мәліметтер жарияланамы ол Мемтізілімде тіркелген жағдайда ғана жүргізіледі.

Заңның 26-бабының 1-тармағына сәйкес алдын ала патент беру туралы мәліметтер өтінім берілген күннен бастап он сегіз ай өткен соң жарияланады. ИЗ-ПМ-1 нысанында тапсырылған (осы Нұсқаулыққа 6 қосымша) өтінімшінің өтініші бойынша алдын ала патент беру туралы мәліметтер көрсетілген мерзімнен бұрын да жариялануы мүмкін.

Өнертабысқа алдын ала патент беру туралы мәліметтер жарияланамы кезінде Қазпатент "Өнеркәсіп меншігі - Промышленная собственность" ресми бюллетенінің "Өнертабыстар - Изобретения" бөлімінде мемлекеттік және орыс тілдерінде келесі мәліметтерді жариялайды:

- өнертабысқа алдын ала патенттің нөмірі;
- ХПК индексі (индекстері) рубрикасы (рубрикалары);
- сол бойынша алдын ала патент берілген өтінім беру нөмірі және күні;
- өтінімнің Қазпатентке түскен күнінен гөрі басымдық күні бұрынрақта екендігі өтінім бойынша анықталса, соның негізінде өнертабыс басымдығы белгіленген бірінші өтінім (оған қосымша материалдар түскен күн) берілген нөмірі, берілген күні және СМДҰ СТ.3 стандартына сәйкес елдің шарттаңбасы;
- егер осы ретте аталудан бас тартпаған жағдайда автордың (авторлардың) есімі;
- патентиеленушінің есімі немесе атауы;
- өнертабыс авторының (авторларының) және СМДҰ СТ.3 стандартына сәйкес патентиеленушінің) тұратын елінің шарттаңбасы (шарттаңбалары);
- өнертабыстың атауы.

2) өнертабысқа патент туралы мәліметтер жарияланамы Заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес оны Мемтізілімде тіркеген күннен бастап екі ай ішінде жүргізіледі.

Өнертабысқа патент беру туралы мәліметтер жарияланамы кезінде Қазпатент "Өнеркәсіп меншігі - Промышленная собственность" ресми бюллетенінің "Өнертабыстар - Изобретения" бөлімінде мемлекеттік және орыс тілдерінде келесі мәліметтерді жариялайды:

- өнертабысқа патент нөмірі;
- ХПК индексі (индекстері) рубрикасы (рубрикалары);
- өтінімнің сол бойынша патент берілген нөмірі және берген күні;
- нөмірі, берілген күні және ДЗМҰ СТ.3 стандартына сәйкес бірінші өтінім берілген елдің шарттаңбасы (сол бойынша қосымша материалдар түскен күні), егер өтінім бойынша Қазпатентке өтінім түскен күннен басымдығы неғұрлым ерте белгіленсе, өнертабыс басымдығы белгіленген күні;
- егер осылай аталудан бас тартпаған жағдайда авторының (авторларының) есімі;
- патентиеленушінің есімі немесе атауы;
- өнертабыс авторы (авторлары) тұратын елдің шарттаңбасы (шарттаңбалары) және ДЗМҰ СТ.3 стандартына сәйкес патентиеленушінің тұратын орны;
- өнертабыс атауы;
- өнертабыс формуласы;
- қажеттігі бар болғанда және оны келтірудің техникалық мүмкіндігі болса сызба (графикалық материал).

3) Жарияланған мәліметтерде автор ретінде аталудан бас тарту егер ол жарияланымға техникалық даярлықтар аяқталғанға дейін түскен жағдайда ескеріледі. Аталған бас тартуды осы мерзім ішінде автордың қайтарып алуы да мүмкін.

4) Қазпатент "Өнеркәсіп меншігі - Промышленная собственность" ресми бюллетенінің "Хабарлама - Извещения" бөлімінде берілген қорғау құжаттарының

құқықтық мәртебесіндегі өзгертулер туралы мәліметтерді мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

#### 117. Өтінім материалдарымен жарияланымнан кейін танысу

Алдын ала патент беру туралы мәліметтер жарияланымынан кейін Қазпатент Заңның 26-бабының 5-тармағына сәйкес өтінім құжаттарын (сипаттама, формула, сызбалар, егер ол болса, реферат), сондай-ақ егер оларды өтінімші белгіленген тәртіппен тапсырған жағдайда осы құжаттарды түзейтін, нақтылайтын және өзгертетін қосымша материалдарды тиісті ақысын төлеген жағдайда кез келген тұлғаға танысу үшін ұсынады.

Мүдделі тұлғалардың жазбаша өтініші бойынша және тиісті ақысын төлеген жағдайда өтінім материалдарының көшірмесі берілуі мүмкін.

#### & 6. Алдын ала патент және патентке өзгертулер енгізу

#### 118. Авторлар құрамына өзгерістер енгізу

1) Авторлар құрамына өзгерістер енгізу деп қорғау құжатында көрсетілген құрамға автор енгізу немесе шығаруды атайды.

2) Авторлар құрамына өзгерістер енгізу қорғау құжатының нөмірін, енгізілетін немесе шығарылатын автордың тегі, есімі (және бар болса, әкесінің аты), тұратын мекен-жайы көрсетіліп, авторлар құрамына тиісті өзгерістер енгізу туралы еркін нысанда өтініш беру жолымен жүргізіледі. Өтінішке осы Нұсқаулықтың 18-тармағында белгіленген тәртіппен патентиеленуші (патентиеленушілер) қол қояды, және авторды құрамнан шығарған жағдайда - шығарылған автор (тек ұлттық авторлар және үкіметаралық келісімдерге сәйкес соларға теңестірілген авторлар үшін) қолын қойып, ол нотариалды расталуға тиіс. Шығарылған автордың келісімі қорғау құжатының нөмірі көрсетіле отырып, арнаулы хатпен ресімделуі мүмкін.

3) Авторлар құрамына өзгерістер енгізу кезінде осы Нұсқаулықтың 63-тармағының 4) және 5) тармақшаларындағы ережелер қолданылады.

4) Өтінішке өзгерту енгізуге ақы төленгенін растайтын құжат тіркеледі.

5) Өзгерістер енгізу туралы құжаттарды қарау кезінде осы Нұсқаулықтың 63-тармағының 7) тармақшасындағы ережелер қолданылады.

#### 119. Патентиеленушілер құрамына өзгерістер енгізу

1) Патентиеленушілер құрамына өзгерістер енгізу деп қорғау құжатында көрсетілген патентиеленушілер құрамына қосымша адамдар енгізу немесе шығару жолымен патентиеленушілер құрамын ішінара өзгертуді атайды.

2) Патентиеленушілер құрамына өзгерістер енгізу қорғау құжатының нөмірін, енгізілгелі отырған патентиеленушінің тегі, аты (егер ол болса, әкесінің аты) немесе толық ресми атауы, сондай-ақ тұратын жерінің мекен-жайы немесе жүрген жері көрсетілген еркін нысанда патентиеленушілер құрамына енгізуге тиісті өзгерістер енгізу туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі. Өтінішке осы Нұсқаулықтың 18-

тармағында белгіленген тәртіппен патентиеленуші (патентиеленушілер) қолын қояды, және патентиеленушілер құрамынан шығарылған жағдайда шығарылған патентиеленуші қол қояды. Шығарылған патентиеленушінің - жеке тұлғаның қолы нотариалды расталуға тиіс (тек ұлттық патентиеленушілер және үкіметаралық келісімдерге сәйкес соларға теңестірілген тұлғалар үшін).

Шығарылған патентиеленушінің келісімі қорғау құжатының нөмірі көрсетіле отырып, жеке хатпен ресімделуі мүмкін.

3) Патентиеленушілер құрамына өзгерістер енгізу кезінде осы Нұсқаулықтың 64-тармағының 4)-8) тармақшаларындағы ережелер қолданылады.

4) Өтінішке өзгерістер енгізуге тиісті ақы төленгенін растайтын құжат тіркеледі.

5) Өзгерістер енгізу туралы құжаттарды қарау кезінде осы Нұсқаулықтың 64-тармағының 10) тармақшасындағы ережелер қолданылады.

#### 120. Алдын ала патент және патент әрекеті мерзімін ұзарту

1) Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес патентиеленуші өнертабысқа алдын ала патент және патент әрекеті мерзімін ұзарту туралы өтініш жасауы мүмкін. Өтініш ИЗ-6 немесе ИЗ-7 (Нұсқаулықтың 7 немесе 8 қосымшаларына сәйкес) тиісті нысаны бойынша беріледі. Өтініш алдын ала патент немесе патент әрекеттері мерзімі өткенге дейін және оны күшінде ұстап тұрған жағдайда берілуі мүмкін. Өтініш беру мерзімі себепті жағдайлар болған жағдайда ұзартылуы мүмкін, бірақ ол алты айдан аспауға тиіс.

2) Өнертабысқа патент әрекетінің мерзімі оған негіз болған жағдайда

ұзартылуы мүмкін, соған сәйкес осы өнертабысты пайдалануға құзыретті

органның рұқсаты талап етіледі.

3) Өтінішке алдын ала патент немесе патент әрекетін ұзарту туралы

мәліметтер жарияланымы ақысы төленгенін және ұзартылған жылда күшін

сақтауды қолдайтын ақысы төленгенін растайтын құжаттар тіркеледі.

#### 5-тарау. ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬГЕ ПАТЕНТ БЕРУГЕ ӨТІНІМ

##### ТОЛТЫРУ ЖӘНЕ БЕРУ

##### &1. Өтінім беру

## 121. Өтінім беру және патент алуға құқықты тұлғалар

Пайдалы модельге өтінім беру (бұдан әрі - өтінім) және патент алуға Патент заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес (бұдан әрі - Заң) пайдалы модельдің авторы, жұмыс беруші, олардың құқықтық мирасқоры немесе өзара келісімі бар жағдайларда аталған бірлескен тұлғалар (бұдан әрі - өтінімші) құқылы болады.

Пайдалы модельдің авторы - шығармашылық еңбегімен жасалған жеке тұлға өтінім беруге және патент алуға төменде аталған жағдайларда:

егер пайдалы модель қызметтік болып табылмаса;

егер пайдалы модель қызметтік болып табылмаса, бірақ автор мен жұмыс беруші арасындағы шарт бойынша патент алуға автордың құқығы қарастырылса немесе егер қызметтік модельді жасағаны туралы оның авторы хабарлаған күннен бастап төрт ай ішінде жұмыс беруші Қазпатентке өтінім бермесе,

өтінім беру құқығын басқа тұлғаға бермесе және пайдалы модельді құпия

сақтау туралы авторына хабарламаса, құқылы болады.

Өтінім беруге құқығын растауға қандай да болмасын құжат талап етілмейді.

## 122. Беру процедурасы

Өтінім Заңның 16-бабының 1-тармағына сәйкес Қазпатентке тікелей немесе пошта арқылы жіберіледі.

## 123. Патенттік сенімді өкіл арқылы өтінім беру

Өтінімді өтінімшінің өзі тікелей не Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкіл арқылы беруі мүмкін.

Заңның 36-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалар өтінім жөніндегі іс жүргізу және патент

алуға байланысты істерді, егер Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық келісімдерде өзгедей тәртіп қарастырылмаса, тек Қазпатентте тіркелген сенімді өкілдері арқылы жүргізеді.

Өтінім бойынша аталған адамдармен қатар өтінімші ретінде Қазақстан Республикасында тұратын жеке тұлға, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылса, хат-хабар жүргізу үшін Қазақстан Республикасы шегіндегі мекен-жайы көрсетілген жағдайларда патент алу жөніндегі іс патенттік сенімді өкіл арқылы жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар өтінім жөніндегі іс жүргізу және патент алуға байланысты істерді Қазақстан Республикасы шегіндегі хат-хабар жазысуға арналған мекен-жайы көрсетілген жағдайда патенттік сенімді өкілсіз жүргізуі мүмкін.

## 2. Пайдалы модельге өтінім

### 124. Пайдалы модель

Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес пайдалы модельдерге өндіріс

құралдары мен тұтыну заттарын, сондай-ақ олардың құрамдас бөліктерін (құрылғы) құрылымдық орындау жатады.

Пайдалы модельдерді сипаттауға, атап айтқанда, келесі белгілер пайдаланады:

құрылымдық элементтің (элементтердің) бары;

элементтер арасындағы байланыстың бары;

элементтердің өзара орналасуы;

элементтің (элементтердің) немесе құрылғының тұтастай орындалу нысаны, атап айтқанда, геометриялық нысаны;

элементтің (элементтердің) өлшемдері және басқа да сипаттары мен олардың өзара байланыстары;

элемент (элементтер) немесе тұтастай құрылғы орындалған материал;

элемент функциясын атқаратын орта.

125. Пайдалы модель ретінде танылмайтын ұсыныстар

Заңның 7-бабының 3-тармағына сәйкес пайдалы модельдер ретінде қорғалмайтындар:

тәсілдер, заттар, микроорганизм тектері, өсімдіктер мен жануарлар жасушалары, оларды жаңа бағытта қолдану;

жаңалықтар, ғылыми теориялар мен математикалық әдістер;

шаруашылықты ұйымдастыру басқару әдістері;

шартты белгілер, кестелер, ережелер;

ақыл-ой операцияларын атқару ережелері мен әдістері;

есептеу машиналарына арналған бағдарламалар және алгоритмдердің өзі;

құрылыстар, ғимараттар, аумақтарды жоспарлаудың жобалары мен тәсімдері;

бұйымның тек сыртқы түріне қатысты ұсыныстар;

қоғамдық мүдделерге, ізгілік пен адамгершілік принциптеріне қайшы келетін ұсыныстар.

126. Пайдалы модельдің бірлігі талабы

Заңның 18-бабының 1-тармағына сәйкес өтінім бір модельге не өзара байланыстылығы соншалықты өнертабыстық бірлік ой жемісін құрайтын пайдалы модельдер тобына жатуы мүмкін.

Егер:

пайдалы модель формуласында бір пайдалы модель сипатталса;

пайдалы модельдер формуласында пайдалы модельдер тобы сипатталса;

бірі екіншісін даярлау үшін арналса (мысалы, құрылғы және оны даярлауға арналған құрылғы);

бірі басқасының пайдалануы үшін немесе басқасын (мысалы, құрылғы және оның құрамдас бөлігі);

бір бағытты, бір және сол техникалық нәтижені қамтамасыз ететін (нұсқалары) болса, бірлік талаптары сақталған болып танылады.

127. Өтінім құрамы

Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес өтінімде:

пайдалы модель авторлары және олардың аттарына патент сұралып отырған тұлғалар, сондай-ақ олардың тұратын немесе жүрген жерлері көрсетілген патент беру туралы арыз;

пайдалы модельді жүзеге асыруға жеткілікті, оны толығынан ашатын сипаттамасы;

оның мәнін ашатын және толығынан сипаттамаға негізделген пайдалы модельдің формуласы;

сызбалар;

реферат;

іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда сенімхат, болуға тиіс.

128. Өтінімге тіркелетін құжаттар

1) Өтінімге белгіленген мөлшерде өтінім беру ақысы төленгенін растайтын құжат тіркеледі. Белгіленгеннен аз мөлшерде ақы төленген жағдайда ақы төленгенін растайтын құжаттан басқа оның мөлшерін азайтуға негізін растайтын құжат тапсырылады. Аталған құжаттар өтініммен бірге немесе өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде тапсырылуы мүмкін. Тиісті ақы төленген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек.

2) Заңның 20-бабының 2-тармағына сәйкес өтінімге конвенциялық басымдығы сұралған бірінші өтінімнің көшірмесі тіркеледі, ол Қазпатентке конвенциялық өтінім түскен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей тапсырылады. Егер өтінім бірнешеу болса, осы өтінімдердің барлығының көшірмелері тіркеледі.

Конвенциялық өтінімді басқа өтінімші берген жағдайда басымдық құқығын пайдалануға бірінші өтінім берген өтінімшінің рұқсаты тіркеледі.

Бірінші өтінім берілген күннен бастап он екі ай өткеннен кейін, бірақ он екі ай өткен соң екі айдан кешіктірілмей түскен өтінім бойынша конвенциялық басымдығы сұралғанда өтінімге көрсетілген он екі айлық мерзімде өтінім беруге кедергі болған өтінімшіге қатысы жоқ жағдай көрсетілген құжат және егер олар Қазпатентке мәлім деп болжауға негіз жоқ болса, осы жағдайлардың болғанын растайтын құжат тіркеледі.

Конвенциялық басымдығын белгілеу туралы өтініш өтінім беру кезінде (патент беру туралы арыз тиісті бағанда келтіріледі) немесе өтінім Қазпатентке түскен күннен бастап екі ай мерзім ішінде тапсырылуы мүмкін.

#### 129. Өтінімнің тілі

Патент беру туралы арыз мемлекеттік немесе орыс тілінде беріледі. Өтінімнің басқа құжаттары мемлекеттік, орыс немесе өзге тілде тапсырылады.

Егер өтінімнің басқа құжаттары өзге тілде тапсырылса, өтінімге олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы тіркеледі. Аударманы өтінімші Қазпатентке құжаттары басқа тілдегі өтінім түскен соң екі ай ішінде тапсыруға тиіс. Тиісті ақысы төленген жағдайда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ екі айдан аспауы керек (Заңның 16-бабының 2-тармағы). Аудармасы белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінім берілмеген болып танылады.

#### 130. Дана саны

Патент беру туралы арыз төрт дана болып беріледі, мемлекеттік немесе орыс тілдерінде толтырылған пайдалы модель сипаттамасы, пайдалы модельдің формуласы, сызбалар және пайдалы модельдің мәнін түсінуге қажетті өзге материалдар, сондай-ақ реферат үш данамен тапсырылады. Сол құжаттар егер олар басқа тілде бір данамен тапсырылса, олардың мемлекеттік немесе орыс

тіліндегі аудармасы үш данамен тапсырылады.



Қалған құжаттар және егер басқа тілде толтырылған болса, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы бір данамен тапсырылады.

### &3. Өтінім құжаттарының мазмұны

#### I. Патент беру туралы арыз

##### 131. Арыз толтыру тәртібі

1) Патент беру туралы арыз (бұдан әрі - арыз) ПМ-1 нысаны бойынша тапсырылады (осы Ережеге 10-қосымша).

Егер қандай да болмасын мәліметтерді тиісті бағандарға толығынан орналастыру мүмкін болмаса, оларды сол нысанмен қосымша параққа арыздың тиісті бағаны көрсетіліп: "Арыздың қосымшасына қараңыз" ("Тіркелген құжаттар тізбесі" бағанының тиісті торына "X" таңбасы қойылады") келтіріледі.

2) 21, 22, 85 шарттаңбаларының үстіңгі бөлігінде орналасқан арыз бағаны өтінім түскен соң Қазпатентте толтыруға арналғандықтан, өтінімші толтырмайды.

3) "Арыз" сөзінің тікелей үстінде орналасқан 86 және 87 шарттаңбалы бағандар халықаралық өтінімді Қазақстан Республикасының ұлттық фазасына көшірген жағдайда және Қазақстан Республикасын көрсеткен жағдайда толтырылады.

86-шарттаңба бағанындағы тиісті торға "X" таңбасы қойылады және халықаралық өтінімнің тиісті тіркеу нөмірі, алушы ведомство белгілеген халықаралық беру күні келтіріледі.

87-шарттаңбалы бағанда халықаралық өтінімнің халықаралық жариялануының тиісті нөмірі мен күні көрсетіледі.

4) Патент беру туралы өтініші бар бағанда өтінімшінің (өтінімшілердің) "атына" деген сөзден кейін 71-шарттаңбада патент сұралып отырған өтінімші (өтінімшілер) туралы мәліметтер: жеке тұлғаның тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса), тегі есімінің алдынан көрсетіледі, немесе ресми тіркеу туралы құжатқа сәйкес заңды тұлғаның толық ресми атауы, сондай-ақ олардың тұратын жері, жүрген жері, елдің ресми атауын қоса отырып, толық мекен-жайы келтіріледі. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі транслитерациясымен көрсетіледі. Пайдалы модельдің авторлары болып табылатын өтінімшілердің тұратын жері туралы мәліметтер арыздың екінші бетіндегі 97-шарттаңбалы бағанда келтіріледі.

Аттарына патент сұралып отырған Қазақстан Республикасында жүрген немесе тұратын шетелдік немесе жеке тұлғалар үшін Дүниежүзілік зерделік меншік ұйымы

(ДЗМҰ) СТ.3 (егер ол белгіленсе) стандарты бойынша елдің шарттаңбасы көрсетіледі.

Егер өтінімшілер бірнешеу болса, көрсетілген мәліметтер олардың әрқайсысына келтіріледі.

5) Басымдық беру туралы өтінішті баған Заңның 20-бабының 2-5-тармақтарына сәйкес Қазпатентке өтінім берілген күннен неғұрлым бұрынырақтағы басымдығы сұралған кезде ғана толтырылады. Мұндай жағдайда "X" таңбасын қоюмен тиісті торларда басымдық сұрау негіздері атап өтіледі және соның негізінде немесе басымдық сұралып отырған қосымша материалдар және басымдық сұрау күні (өтінім немесе оған қосымша материалдар берілген күні) көрсетіледі.

Егер басымдық бірнеше өтінім негізінде сұралса, барлық өтінім нөмірлері және тиісті жағдайларда сұралған басымдықтың бірнеше күні көрсетіледі. Конвенциялық басымдық сұралған кезде ДЗМҰ СТ.3 стандарты бойынша берген елдің шарттаңбасы көрсетіледі.

6) 54-шарттаңбалы бағанда мәлімделген пайдалы модельдің атауы пайдалы модель сипаттамасында келтірілген атаумен сәйкес келуге тиіс. Пайдалы модель атауына арнаулы атау енгізілген жағдайда "X" таңбалы тиісті торда Заңның 9-бабының 4-тармағының талаптарын сақтау атап өтіледі.

7) 98-шарттаңбалы бағанда хат-хабарға арналған мекен-жай келтіріледі.

Хат-хабар үшін мекен-жай ретінде Қазақстан Республикасында тұратын жеке тұлға өтінімшінің (өтінімшілердің бірінің) тұратын мекен-жайы немесе Қазақстан Республикасындағы өтінімші - заңды тұлғаның тұратын жерінің мекен-жайы, не өтінімші (өтінімшілер) өкілінің мекен-жайы немесе Қазақстан Республикасы аумағындағы өзге де мекен-жайы көрсетілуі мүмкін.

8) 74-шарттаңбалы бағанда өтінімшінің өкілі, оның ішінде патенттік сенімді өкіл (патенттік сенімді өкілдер) туралы мәліметтер келтіріледі. Патенттік сенімді өкіл өтінім берілгенге дейін тағайындалған жағдайда оның тегі, есімі мен әкесінің аты (егер ол болса) Қазпатенттегі тіркеу нөмірі көрсетіледі. Өкіл тағайындалған жағдайда жеке тұлға үшін оның тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса) және заңды тұлға үшін ресми атауы көрсетіледі. Егер өтінімшілер бірнешеу болса өкіл ретінде өтінімшілердің бірі іріктеп алынуы мүмкін.

9) Арыздың екінші бетіндегі "Тіркелген құжаттар тізбесі" бағаны тиісті торларына "X" таңбасы қойылумен және тіркелген құжаттардың әрбір данасында саны мен парақтары көрсетілумен толтырылады. Түрі арыз нысанында қарастырылмай ("басқа құжат") тіркелген құжаттар үшін олардың нақты бағыттары көрсетіледі.

10) "Өтінім беру және патент алу құқығының пайда болуына негіз" бағанында "X" таңбасы қойылумен өтінім беру және патент алу үшін тиісті негіз (негіздер) атап өтіледі. Егер өтінімші автор болып табылса, немесе өтінімші бірнешеу болып, олардың құрамы авторлар құрамымен сәйкес келсе, көрсетілген баған толтырылмайды. Өтінім беру және патент алуға құқықты растайтын құжат Қазпатентке тапсырылмайды.

11) 72 және 97-шарттаңбалы бағандарда автор (авторлар) туралы мәліметтер: тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса), тұратын жерінің толық пошталық мекен-жайы келтіріледі, шетелдіктер үшін тек ДЗМҰ СТ.3 стандарты бойынша елдің шарттаңбасы көрсетіледі.

12) 97-шарттаңбалы бағанның оң жағына орналасқан бағанда автордың қолы және автор өтінімші болып табылған жағдайда немесе егер автор өтінім беру және патент алу құқығын өтінімшіге барған жағдайда күні көрсетіледі.

Өтінім берілгенге дейін автор қайтыс болған жағдайда мұрагердің қолы мен күні қойылады. Өтінім беру кезеңінде мұрагерлікке құқықты растайтын қандай да болмасын ресми құжаттар тапсыру талап етілмейді.

13) 72 және 97-шарттаңбалы бағандар астында орналасқан баған патент беру туралы мәліметтер жарияланым кезінде автор (авторлар) (өзін) өздерін олай атамауды

сұраған жағдайда ғана толтырылады. Мұндай жағдайда жарияланым кезінде аталғысы келмеген авторлардың әрқайсысының тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса) келтіріледі және олардың қолдары қойылады.

14) Арыздың екінші бетіндегі соңғысының алдындағы баған өтінім беру құқығын автордың құқықтық мирасқоры өтінімшіге берген жағдайда толтырылады. Онда құқықтық мирасқор туралы мәліметтер: тегі, есімі және әкесінің аты (егер ол болса) және жеке тұлғаның тұратын мекен-жайы немесе заңды тұлғаның ресми атауы мен тұратын мекен-жайы келтіріледі. Мәліметке күні қойылумен құқықтық мирасқордың қолы қойылады (құқықтық мирасқор заңды тұлға болып табылған жағдайда басшының қолы қойылып, мөрмен бекітіледі).

15) Осы тармақтың 12)-14) тармақшаларында көрсетілген арыз бағандарын толтыру осы бағандарда қарастырылған мәліметтер мен қолдары бар арыз құжаттарын бір мезгілде тапсырумен алмастырылуы мүмкін.

16) Арыздың соңғы "Қолы" бағаны өтінімші ретінде автор болып табылмайтын тұлға көрсетілген жағдайларда міндетті түрде күні көрсетіліп толтырылады. Заңды тұлға атынан арызға ұйымның басшысы немесе лауазымы көрсетіле отырып, заңды тұлғаның құрылтайшылық құжаттарымен осыған өкілдік алған өзге тұлға қолын қояды; қол заңды тұлғаның мөрімен бекітіледі. Егер өтінімшілер бірнешеу болса, арызға өтінімшілердің әрқайсысы қолын қояды.

Өтінім патенттік сенімді өкіл арқылы берілген кезде арызға патенттік сенімді өкіл қолын қояды.

17) 14) және 16) тармақшаларда көрсетілген арыз бағандарындағы қолдар қол қойған адамдардың тегі мен аты-жөндері ашып көрсетіледі.

18) Арызға қатысты сол және өзге де мәліметтер ұсынылған әрбір қосымша параққа (арызға қосымша) осындай тәртіппен қол қойылады.

19) Арыз және оған қосымшаларда түзету және өшіру болмауға тиіс. Аталған кемшіліктер болған жағдайда дұрыс ресімделген арыз немесе оған қосымша сұралады.

## II. Пайдалы модельдің сипаттамасы

### 132. Сипаттаманың бағыты

Пайдалы модельдің сипаттамасы пайдалы модельді оны жүзеге асыруға жеткілікті етіп толық ашуға тиіс.

### 133. Сипаттама құрылымы

Сипаттама пайдалы модельдің атауынан басталады (ал мәлімделген пайдалы модель жататын ХПК әрекеттегі редакциясының рубрикасы анықталған жағдайда, осы рубриканың индексі де) және келесі бөлімдері болуға тиіс:

пайдалы модель жататын техника саласы;

техника деңгейі;

пайдалы модельдің мәні;

сызба сұлбалары тізбесі;

пайдалы модельді жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер.

Қажетті мәліметтері бар көзге сілтеме жасау арқылы сипаттама бөлімін алмастыруға жол берілмейді (әдеби көзге, бұрын берілген өтінім сипаттамасына, қорғау құжатының сипаттамасына және т.б.).

### 134. Пайдалы модельдің атауы

Пайдалы модельдің атауы оның бағытын сипаттайды және атау жекешелік санында пайдаланылмаған жағдайлардан басқада жекеше санмен баяндалады.

Бірі екіншісін даярлауға арналған пайдалы модель тобының атауы бір пайдалы модельдің толық және екіншісінің қысқарған атауын құрайды. Бірі екіншісін немесе екіншісінде пайдалануға арналған пайдалы модельдер тобының атауы топқа кіретін пайдалы модельдердің толық атауынан тұрады; нұсқаларға жататын пайдалы модельдер тобының атауы қосымша "нұсқалар"

сөзімен жақшада көрсетілген пайдалы модельдер тобының бірінің атауынан

тұрады.

Пайдалы модельдің атауына Заңның 9-бабының 4-тармағына сәйкес автордың есімі немесе егер Қазақстан Республикасында тауар таңбаларын қорғауда үшінші тұлғаның құқықтарына нұқсан келмесе арнаулы атау енгізілуі мүмкін.

### III. Сипаттама бөлімдерінің мазмұны

#### 135. Пайдалы модель жататын техника саласы

Сипаттама бөлімінде пайдалы модель қолданылатын сала көрсетілуге тиіс. Егер мұндай салалар бірнешеу болса, артықшылығы бары көрсетіледі.

#### 136. Техника деңгейі

Сипаттаманың "Техника деңгейі" бөлімінде пайдалы модельдер баламаларының ішінен белгілер жиынтығы жөнінен (прототип) пайдалы модельге неғұрлым жақын пайдалы модельдер баламасы өтінімшіге белгілі мәліметтер келтіріледі.

Пайдалы модельдің баламасы - пайдалы модельдің басымдығына дейін жалпыға ортаққа айналған және пайдалы модельдің маңызды белгілер жиынтығымен ұқсас белгілер жиынтығымен сипатталатын мәліметтерден белгілі сол бағыттағы құрал.

Әрбір балама сипатталған кезде ол ашылған ақпарат көзіндегі библиографиялық мәліметтер, мәлімделген пайдалы модельдің маңызды белгілерімен ұқсас балама белгілері келтіріледі, сондай-ақ талап етілген техникалық нәтиже алуға кедергі келтіретін өтінімшіге белгілі себептер көрсетіледі.

Пайдалы модельдер тобын сипаттау кезінде баламалар туралы мәліметтер әрбір пайдалы модельге жеке келтіріледі.

#### 137. Пайдалы модельдің мәні

Пайдалы модельдің мәні пайдалы модельді техникалық нәтижемен (техникалық нәтижелермен) қамтамасыз етуге қол жеткізуге жеткілікті маңызды белгілер жиынтығын көрсетеді.

Егер олардың қол жеткізетін техникалық нәтижеге ықпалы тимейтін болса (оның ішінде түрлі белгілердің түрлі техникалық нәтижелерге ықпалы кезінде), яғни көрсетілген нәтижемен (нәтижелермен) себеп-салдарлы байланыста болса, маңызды белгілерге жатуы мүмкін.

Бұл бөлімде шешімі мәлімделген пайдалы модельге бағытталған міндет жан-жақты ашылады, пайдалы модельді жүзеге асыру кезінде алынуы мүмкін техникалық нәтиже көрсетіледі.

Бұл бөлімде пайдалы модельді сипаттайтын барлық маңызды белгілер келтіріледі: неғұрлым жақын баламасынан ерекшелейтін белгілер көрсетіледі, қорғау құжаты сұралатын барлық жағдайларда техникалық нәтиже алуды қамтамасыз ететін белгілер жиынтығы және пайдалы модельді жеке жағдайларда, орындаудың нақты нысандарында немесе оны пайдаланудың ерекше жағдайларында сипаттайтын белгілері көрсетіледі.

Осы белгі ашылған ақпарат көзіне сілтеме арқылы белгі сипатын алмастыруға жол берілмейді.

Техникалық нәтиже пайдалы модельде жүзеге асырылған құралды іске асыру (даярлау) немесе пайдалану кезінде алынуы мүмкін техникалық тиімділік, қасиет, құбылыс және т.б. сипаты болуы мүмкін.

Пайдалы модельдің нақты нысандарындағы қосымша техникалық нәтижелер алу қамтамасыз етілсе немесе оны пайдаланудың ерекше жағдайларында оларды көрсету ұсынылады.

Техникалық нәтиже, атап айтқанда, айналыс сәтін азайтуда, үйкеліс коэффициентін төмендетуде, сыныланып қалудың алдын алуда, теңселісті азайтуда, жұмыс органының ортамен байланысын жақсартуда байқалуы мүмкін.

Егер пайдалы модель жасау кезінде белгілі техникалық құралдар арсеналын кеңейту немесе осындай құралдарды алғаш рет алу міндеттері шешілетін болса, техникалық нәтиже осы бағытты жүзеге асыру болуы мүмкін және арнаулы көрсету талап етілмейді, ұсынылып отырған пайдалы модель осы

бағыттағы құралдар арсеналын кеңейтетіні туралы түсінік келтірілсе жеткілікті.

Пайдалы модельдер тобына арналған, оның ішінде техникалық нәтиже туралы аталған мәліметтер, әрбір пайдалы модельге жеке келтіріледі.

### 138. Сызба сұлбалары және өзге материалдар тізбесі

Бұл бөлімде сұлба тізбесінен басқа олардың әрқайсысында не кескінделгеніне қысқаша түсінік келтіріледі.

### 139. Пайдалы модельді жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын мәліметтер

Бұл бөлімде пайдалы модельді өтінімші көрсеткен бағытта іске асыру мүмкіндігі көрсетіледі.

Пайдалы модель құрылымының сипаттамасы (статистикалық жағдайы) сызбалар сұлбасына сілтемемен келтіріледі. Сипаттамада ескерілетін цифрлық белгілер сызба сұлбасының тиісті элементтеріндегі цифрлық белгілермен сәйкес келуге тиіс.

Пайдалы модель құрылымын сипаттаудан кейін оның әрекеті (жұмыс) немесе сызба сұлбаларына сілтемемен пайдалану тәсілі сипатталады.

Мәні жалпы түсінікпен көрінетін белгіні пайдалана отырып сипатталатын, атап айтқанда, функциональдық деңгейде ұсынылған пайдалы модельдерді жүзеге асыру мүмкіндігі не мұндай белгіні іске асыру үшін тікелей өтінім материалдарында сипаттаумен не мұндай құралдың белгілі екенін немесе оны алу тәсілін көрсетумен расталады.

Егер пайдалы модельде функциональды деңгейде сипатталған элемент болса және іске асырудың сипатталған нысаны бағдарландырылған (реттелген) көп функциональды құралды пайдалануды қажет етсе, онда осы пайдалы модель құрамында оған телінген нақты функцияның сондай құралымен орындау мүмкіндігін растайтын мәліметтер ұсынылады. Егер мұндай мәліметтер ішінде, атап айтқанда, алгоритм келтірілсе, оны блок-тәсім түрінде, немесе егер бұған мүмкіндік болса, тиісті математикалық көрініс ретінде ұсынған орынды.

Бұл бөлімде сондай-ақ шешілген есепті сипаттау кезінде "Пайдалы модельдің мәні" бөлімінде көрсетілген сол техникалық нәтиженің пайдалы моделін жүзеге асыру кезінде алу мүмкіндігін растайтын мәліметтер де келтіріледі. Пайдалы модельді сипаттау үшін аралық мән түрінде көрсетілетін сандық белгілерді пайдалану кезінде осы аралықтағы техникалық нәтиже алу мүмкіндігі көрсетіледі.

#### IV. Пайдалы модельдің формуласы

##### 140. Пайдалы модель формуласының мақсаты және оған қойылатын талаптар

1) Пайдалы модельдің формуласы патент берген құқықтық қорғау көлемін анықтауға арналады.

2) Пайдалы модель формуласы толығынан сипаттамаға негізделуге тиіс, яғни, пайдалы модельді оның сипаттамасындағы ұғымдармен түсіндіруге тиіс.

3) Пайдалы модель формуласы егер ол өтінімші көрсеткен техникалық нәтижеге қол жеткізуге жеткілікті пайдалы модель белгілері маңызды жиынтықтарын құраса, оның мәнін көрсететін болып танылады.

4) Пайдалы модельдер белгілері пайдалы модель формуласында оларды салыстыру мүмкіндігін, яғни, олардың мәндік мазмұны белгілі техникалық деңгейде маманның ұғымына сай келуін қамтамасыз ететіндей көрінеді.

5) Пайдалы модель формуласындағы белгі сипатын сипаттамаға немесе сызбаларға сілтеме жасаумен алмастыруға болмайды, тек мұндай сілтемесіз осы тармақтың 4) тармақшасына нұқсан келтірмей белгіні сипаттау мүмкін болмаған жағдайда ғана бұған жол беріледі. Мұндай жағдайларда, мысалы, "сұлбада көрсетілгендей" деген сөз қолданылуы мүмкін. Сызбаларға сілтемелер, ішінара сөзбен немесе математикалық сипатталуы мүмкін емес орындау нысанымен ерекшеленетін объектілерді сипаттау

кезінде жасалуы мүмкін.

Формуладағы белгілер пайдалы модельді статистикалық жағдайда сипаттау түрінде баяндалады. Пайдалы модельдің құрылымдық элементін орындауды сипаттау кезінде оның жылжымалығын, белгілі функцияны іске асыру мүмкіндігін және т.б. көрсетуге жол беріледі.

7) Пайдалы модель белгісін егер жалпы ұғымдағы сипат басқа да белгілер жиынтығымен өтінімші көрсеткен техникалық нәтиже алуды қамтамасыз етсе, оны іске асырудың түрлі жеке нысандарын қамтитын жалпы ұғыммен (функциясын, қасиетін және т.б. көрсететін) сипаттау орынды.

Мұндай белгі пайдалы модельдің басқа да белгілер жиынтығында бір және

сол техникалық нәтижені қамтамасыз етсе көрсетілген баламалық таңдау

кезінде мұндай белгі баламалық түрде көрінуі мүмкін.

Пайдалы модель формуласында материалдардың шартты атауларын және т.б.

пайдалануға егер олар жалпыға бірдей мойындалған және нақты маңызы болса

жол беріледі.

141. Пайдалы модель формуласының құрылымы

Формула біртізбекті және көптізбекті болып және тиісінше бір немесе бірнеше тармақты болуы мүмкін.

142. Біртізбекті пайдалы модель формуласы

Біртізбекті формула жеке жағдайларда оны орындау немесе пайдалануда дамыту немесе анықтауға келмейтін маңызды белгілер жиынтығының бір пайдалы моделін сипаттауға қолданылады.

143. Көптізбекті пайдалы модель формуласы

Көптізбекті формула бір пайдалы модельді дамуымен және/немесе оның белгілер жиынтығын анықтаумен орындаудағы жекелеген жағдайларда немесе пайдалы модельді



пайдалану немесе пайдалы модельдер тобын сипаттау үшін қолданылады.

Бір пайдалы модельді сипаттайтын көптізбекті формулада бір тәуелсіз және келесі одан кейінгі тәуелді тармақ (тармақтар) болады.

Пайдалы модельдер тобын сипаттайтын көптізбекті формулада бірнеше тәуелсіз тармақтар болады, олардың әрқайсысы пайдалы модельдер тобының біреуін сипаттайды. Мұндайда топтағы әрбір пайдалы модель тиісті тәуелсізге бағынысты тәуелді тармақтар тартумен сипатталуы мүмкін.

Көптізбекті формула тармақтары 1-ден бастап тәртібі бойынша араб цифрлары мен нөмірленеді.

Пайдалы модельдер тобын сипаттайтын формуланы баяндаған кезде келесі ережелер сақталады:

жекелеген пайдалы модельдерді сипаттайтын тәуелсіз тармақтарда, әдетте, формуланың басқа тармақтарына сілтемелер болмайды (мұндай сілтемеге егер ол осы тәуелсіз тармақты басқа тармақтағы мазмұнды толық қайталамаған жағдайда ғана жол берілуі мүмкін);

тәуелді тармақтар олар бағынысты тәуелсіз тармақпен бірге топтасады, түрлі пайдалы модельдер тобын сипаттауда бір және сол мазмұнды тәуелді тармақтар тартылған жағдайда да солай болады.

#### 144. Формула тармағы

1) Формула тармағы, әдетте, формуланы баяндау басталатын пайдалы модель бағытын танытатын тектік ұғымнан, неғұрлым жақын баламасының белгілерімен сәйкес келетін маңызды белгілері енетін шектеуші бөліктен, және пайдалы модельді неғұрлым жақын баламасынан ерекшелейтін маңызды белгілер кіретін ерекшелеуші бөліктен тұрады.

Формула тармағын шектеуші және ерекшелеуші бөліктерге бөліп құрастыру кезінде шектеуші бөлігін баяндаған соң "былайша ерекшеленеді" деген сөз тіркесінен кейін тікелей ерекшелеуші бөлігі баяндалады.

2) Формула тармағы бір сөйлеммен баяндалады.

#### 145. Формуланың тәуелсіз тармағы

1) Пайдалы модель формуласының тәуелсіз тармағы тек бір ғана пайдалы модельге қатысты болады. Ол пайдалы модельдің белгілерімен логикалық акт түрінде баяндалады және сұралған құқықтық қорғау көлемін айқындайды.

2) Егер ондағы белгілер жиынтығы төмендегідей болса, формуланың тәуелсіз тармағы бір пайдалы модельге қатысты деп танылмайды:

бір және сол техникалық нәтиже алуды қамтамасыз етпейтін белгілердің баламасы түрінде көрінсе не балама жекелеген белгілерге емес, функциональды дербес белгілер тобына (торап, құрылғы деталі және т.б) қатысты болса, оның ішінде қандай да болмасын мұндай белгілер үшін сол және өзге де балама таңдау басқа белгі (белгілер) үшін жасалған таңдауға тәуелді болса;

аталған жиынтықта оны бары, сондай-ақ жоғына да жол берілетіндей түрде танылатын белгі енеді (атап айтқанда, "құрылымдық элемент болуы мүмкін" үлгідегі сөз пайдаланылғанда);

жалпы бағытты көрсетілген құралдар жиынтығын іске асырусыз әрқайсысының дербес бағыты бар, құралдар жиынтығының сипаты енеді.

#### 146. Формуланың тәуелді тармағы

1) Пайдалы модель формуласының тәуелді тармағы пайдалы модельді тек жекелеген жағдайларда орындау немесе пайдалануды сипаттайтын белгілермен тәуелсіз тармақта келтірілген пайдалы модель белгілері жиынтығын дамыту және/немесе нақтылауды қарастырады.

2) Формуланың тәуелді тармағының шектеулі бөлшегі тәуелсіз тармақта келтірілгенмен салыстырғанда әдетте қысқартып баяндалған пайдалы модель бағытын көрсететін тектік ұғымнан және осы тәуелді тармақ қатысты болатын тәуелсіз тармақ және/немесе тәуелді тармаққа (тармақтарға) сілтемеден тұрады. Тәуелді тармақ формуланың бірнеше тармақтарына бағынысты жағдайда оларға сілтеме баламаны пайдаланумен көрсетіледі.

Егер пайдалы модельді жеке жағдайларда орындау немесе пайдалануды сипаттауда тәуелді тармақ белгілерімен қатар тек тәуелсіз тармақтың белгілері қажет болса, осы тәуелді тармақтың тікелей тәуелсіз тармаққа бағыныстылығы пайдаланылады. Егер аталған сипатқа бір және бірнеше басқа формуланың тәуелді тармақтарының белгілері қажет болса, осы тәуелді тармақтың тиісті тәуелді тармақтар арқылы тәуелсізге бағыныстылығы пайдаланылады.

3) Пайдалы модель формуласының тәуелді тармағы баяндалған кезде ол

бағынысты формула тармағында сипатталған пайдалы модель белгілерін

алмастыру немесе алып тастауға болмайды немесе осы Нұсқаулықтың

145-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сипатты жиынтықты белгілер

енгізілмейді.

Егер пайдалы модель формуласының тәуелді тармағында тәуелсіз тармақ

белгілерін алмастыру немесе алып тастау орын алса, осы тәуелді тармақ ол

бағынысты тәуелсізбен бірлесіп бір пайдалы модельді сипаттайды деп

танылмайды.

#### V. Басқа да материалдар және құжаттар

#### 147. Сызбалар

Пайдалы модель мәнін түсіндіруші материалдар графикалық кескіндемелер (сызбалар, тәсімдер, суреттер, кестелер, эюрлер, осциллограммалар және т.б.), фотосуреттер және таблицалар түрінде ресімделуі мүмкін.

Суреттер пайдалы модельдерді сызбалар немесе тәсімдер түрінде көрсету мүмкін болмаған жағдайда ұсынылады.

Фотосуреттер графикалық кескіндемелерге қосымша ретінде беріледі. Төтенше жағдайларда фотосуреттер түсіндірме материалдардың негізгі түрі ретінде ұсынылуы мүмкін.

Сызбалар, тәсімдер және суреттер жекелеген парақта (парақтарда) ұсынылып, оң жақ жоғарғы бұрышында пайдалы модельдің атауы келтіріледі.

#### 148. Реферат

Реферат пайдалы модель туралы қысқаша ақпарат береді, яғни пайдалы модель сипаттамасы мазмұнының қысқаша баяндалуы, атауы, пайдалы модель жататын техника саласындағы сипаты, және/немесе қолданылу саласы, егер бұл атауынан айқын болмаса, әрбір тәуелсіз тармақтың барлық маңызды белгілері сақталатындай еркін түрде сипатталған формуланың қол жеткізілген техникалық нәтижесі көрсетіле отырып, пайдалы модель мәнінің сипатын ашады.

Қажет болған жағдайларда рефератқа сызба кіреді, ол жеке парақта,

оның ішінде сипаттаманы көрсететін сызба сұлбаларының бірімен ұқсас

болған жағдайда да реферат мәтіні данасымен бірдей тапсырылады.

Рефератқа, атап айтқанда, формуланың тәуелді тармағының бар-жоғы мен саны, графикалық кескіндемелер, таблицалар сияқты қосымша мәліметтер болуы мүмкін.

Реферат мәтінінің көлемі шамамен 1000 баспа таңбадай.

#### 149. Қазпатент алдындағы өкілдікке сенімхат

Осы Нұсқаулықтың 46-тармағына сәйкес ұсынылады.

#### 4. Ресімдеуге талаптар

##### 150. Жол берілмейтін элементтер

Өтінімде адамгершілік және қоғамдық тәртіпке қайшы келетін сөздер, сызбалар, суреттер, фотосуреттер және өзге де материалдар болмауға тиіс; өнімдерге немесе технологиялық процестерге, сондай-ақ басқа тұлғалардың өтінімдеріне немесе патенттеріне (куәліктеріне) менсінбеушілік сөздер; пайдалы модельге нақты қатысы жоқ, не өтінім құжаттарын тануға осы Нұсқаулық талаптарына қажетті болып табылмайтын сөздер мен мәліметтер болмауға тиіс.

##### 151. Терминология және белгілер

Пайдалы модель формуласында, сипаттама және оны түсіндіруші материалдарда, сондай-ақ рефератта стандартталған терминдер мен қысқартулар, ал олар болмаған жағдайда ғылыми және техникалық әдебиетте жалпыға ортақ қабылданғандар пайдаланылады.

Әдебиетте кеңінен қолданылмайтын терминдер мен белгілерді пайдалану кезінде олардың маңызы алғашқы қолдану кезінде мәтінде түсіндіріледі.

Барлық шартты белгілер ашып жазылады. Сипаттама және формулада терминология бірлігі сақталады, яғни бір және сол белгілер сипаттама мәтінінде және формулада бірдей аталады. Терминология бірлігі талабы сондай-ақ физикалық бірлік және шартты белгілерде пайдалануға да қатысты.

Пайдалы модель атауында қажет болған жағдайларда латын әліпбиі

және араб цифрлары нышандары болуы мүмкін. Өзге әліпби және әлеуметтік

таңбалар нышандарын пайдалы модельде қолдануға жол берілмейді.

Физикалық көлемдер қолданылып жүрген Халықаралық бірлік жүйесімен көрсетілгені орынды.

##### 152. Репродукциялауға жарамдылығы

Барлық құжаттар көшірмелерін шексіз мөлшерде тікелей репродукциялауға мүмкін болатындай етіп ресімделеді. Әрбір парақ бір жағынан ғана пайдаланылып, жолдар беттің аз жағында параллель түрде орналастырылады.

153. Пайдаланылатын материал

Өтінім құжаттары берік, ақ, тегіс, жылтырамайтын қағазға орындалады.

154. Жекелеген парақтар, парақтың көлемі

Өтінімнің әрбір құжаты жеке парақта басталады. Парақтардың көлемі 210x297 мм. Сипаттама, формула, рефераты бар парақтар шетінің ең кіші көлемі:

жоғарғысы - 20,

оң жағы пен төменгісі - 20,

сол жағы - 25 мм. құрайды.

Шетінің ең кіші мөлшері:

үсті - 25,

сол жағы - 25,

оң жағы - 15,

төменгісі - 10 мм. құрайды.

Фотосурет өтінім құжаттары парақтарының белгіленген көлемінен аспауға тиіс. Кіші форматты фотосуреттер формат пен парақ сапасына қойылатын талаптар сақталып қағаз парағына желімделіп тапсырылады.

#### 155. Парақтарды нөмірлеу

Өтінімнің екінші және бұдан кейінгі парақтары араб цифрларымен нөмірленеді.

#### 156. Мәтіннің жазылуы

Құжаттар қара түсті қарыппен басылады. Сипаттама мәтіні, формула және реферат биіктігі 2,1 мм. кем емес бас әріппен екі интервалмен басылады.

Графикалық нышандар, латын атаулары, латын және грек әріптері, математикалық формулалар мен нышандар қара түсті сия, паста немесе тушпен жазылуы мүмкін. Формуланы баспа күйінде және қолдан жазуды араластыруға жол берілмейді.

#### 157. Математикалық формулалар мен нышандар

Сипаттамада, пайдалы модель формуласында және рефератта математикалық формулалар және нышандар пайдаланылуы мүмкін.

Математикалық формуланы ұсыну нысаны регламенттелмейді. Математикалық формулалардағы барлық әріптік белгілер ашып жазылады. Формулаға түсініктерді бағанмен жазып және әрбір жолдан кейін нүктелі үтір қою керек. Мұндайда әріптік белгілерді ашып жазу олардың формулада қолданылу тәртібімен беріледі.

Математикалық белгілер, , = басқалар тек математикалық формуладарда пайдаланылады, ал мәтінде оларды (үлкен, кіші, тең және т.б.) сөздермен жазу керек.

Оң мөлшерлер арасындағы интервалдарды көрсету үшін (-) (бұдан және соған дейін) таңбаларын қолдануға жол беріледі. Басқадай жағдайларда "бұдан" және "соған дейін" сөздерін жазып, температура интервалын белгілеу кезінде (...) таңбасын қолдану ұсынылады.

Мөлшерді проценттік көрсету кезінде (%) таңбасы саннан кейін қойылады. Егер мөлшерлер бірнешеу болса, онда процент таңбасы сандар алдында қойылады және олардан қос нүктемен бөлінеді.

Математикалық формулалардағы тасымал тек таңба бойынша қойылады.

Формулалар оларды мәтінге енгізу тәртібі бойынша нөмірленеді. Оң жақ шеткі шекарада әрбір формуладан кейін нөмір қою орынды.

#### 158. Графикалық кескіндеулер

1) Графикалық кескіндеулер (сызбалар, тәсімдер, кестелер, суреттер және т.б.) өшпейтін қара нақты сызықтар және штрихтармен орындалады, өшіруге және бояп тастауға жол берілмейді.

2) Кескіндеменің көлемі мен айқындығы мөлшерін 2/3 көлемінде кішірейткен фотосуреттік репродукциясында барлық бөлшектерін ажыратуға болатындай етіп таңдалады.

3) Әріптер цифрын жақшаға, дөңгелекке немесе тырнақшаға орналастыруға болмайды.

Цифрлар мен әріптердің биіктігі 3,2 мм.ден кем болмауға тиіс. Цифрлық және әріптік белгілер нақты орындалады, олардың сызықтарының қалыңдығы кескіндеме сызықтары қалыңдығымен сәйкес келуге тиіс.

4) Әрбір графикалық кескіндеме оның түріне қарамастан, сипаттама мәтінінде аталатын кезегіне сәйкес ортақ нөмірлеу тәртібімен сұлба ретінде (1-сұлба, 2-сұлба және т.б.) араб цифрларымен нөмірленеді.

Егер сипаттама бір сұлбамен түсіндірілсе, ол нөмірленбейді.

5) Бір парақта бірнеше сұлба орналасуы мүмкін, мұндайда олар бір бірлерінен нақты бөлектенеді. Егер екі және одан да көп парақтарда орналасқан сұлбалар бір сұлба бөлшектерін құрайтын болса, олар түрлі парақтарда кескінделген сұлбаның кез келген бөлшегі қалып қоймайтындай үйлесіммен орналастырылады.

Жекелеген сұлбалар парақта немесе парақтарда мүмкіндігінше тығыз орналастырылып, парақтың ұзын жағын тігінен оқу мүмкін боларлықтай етіп кескінделеді.

6) Сызбалар техникалық сызбалар даярлау ережелерімен орындалады.

7) Сызбаларда тік бұрышты (ортогональдық) проекциялар (әртүрлі, жарма және көлденең) пайдалану орынды болып табылады; сондай-ақ аксонометрлік проекцияны пайдалануға да жол беріледі.

8) Тіліктер сілтеме белгілер және негізгі сызықтарды анық оқуға кедергі жасамайтын көлбеу штриховкамен орындалады.

9) Сызбадағы әрбір элемент элементті нақты кескіндеуге түрлі пропорцияның қажеттігінен басқа жағдайларда басқа элементтерге пропорциональды орындалады.

10) Сызбалар "су", "бу", "ашық", "жабық", "А-А" (тілікті белгілеу үшін) және т.б. сияқты қажетті сөздерден басқасы ешқандай жазусыз орындалады.

11) Сызбаның мөлшері көрсетілмейді. Қажет болған жағдайда олар сипаттамада келтіріледі.

12) Сызбада кескінделген элементтер пайдалы модель сипаттамасына сәйкес араб цифрларымен белгіленеді.

Бірнеше сұлбада ұсынылған бір және сол элементтер бір және сол цифрмен белгіленеді. Түрлі сызбаларда ұсынылған түрлі элементтерді бірдей цифрлармен көрсетуге болмайды.

Сипаттамада айтылмаған белгілер сызбаларға қойылмайды.

13) Егер графикалық кескіндеме тәсім түрінде ұсынылса, онда оны орындауда стандартталған шартты графикалық белгілер қолданылады.

Тәсімнің бір түрінде тәсімнің басқа түрінің жекелеген элементтерін кескіндеуге жол беріледі (мысалы, электр тәсімінде - кинематикалық және гидравликалық тәсім элементтерін).

Егер тәсім элементтердің графикалық белгілері ретінде тікбұрышты түрде ұсынылса, онда цифрлық белгілерден басқа тікбұрышқа тікелей элемент атауы да жазылады. Егер элементтің графикалық кескіндеме мөлшері бұған мүмкіндік берсе, графикалық элемент атауын шығыс сызығында

көрсетуге болады (қажет болған жағдайда, тәсім шетінде орналасқан сурет астындағы жазу түрінде).

14) Сызбалар, тәсімдер, суреттер сипаттамада және пайдалы модель формуласында келтірілмейді.

#### 159. Библиографиялық мәліметтер

Ақпарат көздерінің библиографиялық мәліметтері солар бойынша ақпарат көзі табылатындай етіп көрсетіледі.

#### 6-тарау. ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬГЕ ПАТЕНТ АЛУ ЖӨНІНДЕ ІС

#### ЖҮРГІЗУ

#### 160. Өкіл тағайындау

Өтінім берген соң хат-хабар жүргізу және өз мүдделерін қорғау үшін өтінімші өтінімді қарау кезінде осы Нұсқаулықтың 46-тармағына сәйкес ресімделген сенімхат беріп, өкілін тағайындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық келісімдерде өзгеше қарастырылмаса, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғаның немесе шетелдік заңды тұлға - өтінімшінің өкілі тек Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкіл болуы мүмкін. Өзге өтінімшілер үшін өкіл ретінде, атап айтқанда, өтінімшілердің бірі, егер олар бірнешеу болса, өнертабыс авторы, патенттік сенімді өкіл немесе өзге тұлға болуы мүмкін.

2) Сенімхат өтініммен бір мезгілде тапсырылады немесе іс жүргізу процесінде өтінімге тіркеледі.

Сенімхатпен өкілеттік алған өкілдің кез келген іс-әрекеті немесе оған қатысты Қазпатенттің кез келген іс-әрекеті өтінімшінің іс-әрекеті немесе өтінімшіге қатысты іс-әрекет сияқты салдарға ие болады.

Тиісті дәрежеде ресімделген сенімхат тапсырылғанға дейін өкіл атқарған іс-әрекеттер жарамсыз деп есептеледі және назарға алынбайды.



3) Өкіл тағайындауды өтінімші немесе оның құқықтық мирасқоры Қазпатентке жазбаша арыз беру жолымен алып тастауы мүмкін.

#### 161. Қазпатентпен хат-хабар жүргізу

1) Хат-хабарды өтінімші немесе оның бұған өкілдік алған өкілі әрбір өтінім бойынша жеке жүргізеді.

Өтінім берілгеннен кейін жолданған материалдарда оның нөмірі және өтінімші немесе оның өкілінің қолы болуға тиіс. Егер өтінімші заңды тұлға болып табылса, оның атынан материалдарға осы Нұсқаулықтың 131 тармағының

16) тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген тәртіппен қол қойылады.

Өтінім нөмірі көрсетілмеген материалдар егер нөмірі жанама жағдайлармен анықталмаса, қараусыз қайтарылып жіберіледі.

2) Өтінім бойынша іс жүргізу процесі кезінде жіберілген материалдар Заңмен белгіленген мерзімде тапсырылады.

3) Қазпатентте іс мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі. Өтінімші өзге тілде тапсырған материалдарға олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы тіркеледі. Өзге тілде берілген материалдардың аудармасы белгіленген мерзімде тапсырылғанға дейін ол назарға алынбайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

4) Қазпатентке тапсырылған кемшілікпен ресімделген, оқуға қиындық туғызатын материалдар қарастырылмайды. Мұндай материалдар берген адамға тиісті хабарлама жіберіледі.

#### 162. Өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылаулар енгізу

Өтінім құжаттарына түзетулер мен нақтылаулар алмасқан парақтар тапсыру жолымен жүзеге асырылады. Тиісті құжаттың әрбір данасы үшін алмастыратын парақтар мемлекеттік немесе орыс тілінде тапсырылады немесе құжаттың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы осы Нұсқаулықтың 150-159-тармақтарының талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

Егер түзетулер әріп қателіктеріне, библиографиялық мәліметтер және т.б. көрсетуге қатысты болып және құжатты түзету тікелей репродукциялау кезінде теріс салдарларға апармаса, түзетулер енгізу қажеттігі алмастыру парақтарын тапсырмай-ақ өтінімшінің хатында көрсетілуі мүмкін.

#### 163. Патент алу құқығын біреуге беру

Өтінімді қараудың кез келген сатысында өтінімші патент алу құқығын өзге адамға беруі мүмкін, мұндайда Қазпатентке құқығын өзге адамға беруге осы тұлғаның келісімі бар өтініш және осы Нұсқаулықтың 131-тармағының 4) тармақшасында қарастырылған ол жөніндегі мәліметтер беріледі.

Өтінішке патент алу құқығын біреуге беретін өтінімшінің және осы Нұсқаулықтың 131-тармағында қарастырылған тәртіппен осы құқықты алушы адамның қолдары қойылады.

#### 164. Авторлар құрамына өзгерістер енгізу

1) Авторлар құрамына өзгерістер ретінде патент беру туралы арызда көрсетілген құрамға енгізу немесе авторлар құрамынан шығару ұғылады.

2) Авторлар құрамына өзгерту осы Нұсқаулықтың 131-тармағына сәйкес ресімделген патент беру туралы жаңа арыз беру жолымен енгізіледі.

3) Патент беру туралы жаңа арызбен бір мезгілде авторлар құрамына тиісті өзгертулер енгізу туралы еркін нысанда өтінімнің нөмірі мен беру күні көрсетілген өтініш беріледі. Өтінішке осы Нұсқаулықтың 131-тармағында белгіленген тәртіппен өтінімші қолын қояды, және авторлар құрамынан шығарған жағдайда шығарылған автордың қолы қойылып (тек ұлттық авторлар және үкіметаралық келісімдерге сәйкес берілген өтінімдер бойынша өнертабыс авторлары үшін), нотариальды расталуға тиіс. Шығарылған автордың келісімі өтінімнің тіркелген нөмірі мен күні көрсетіліп, жеке хатпен ресімделуі мүмкін.

4) Егер авторлар құрамына енгізуге патент беруге жаңа арыз беру күнінен бұрын берілген арызда көрсетілген автордың қолын қойғызу мүмкін болмаған жағдайда өтінішке келесі тәртіппен ресімделген жазбаша келісімі тіркеледі:

автор өлген немесе оны өлді деп жариялаған жағдайда өзгерістер енгізуге келісім беруге оның атынан мұрагерлікке құқығы туралы нотариалды расталған куәлік көшірмесін ұсынып, мұрагерлікке заңды құқығын дәлелдеген мұрагері қолын қояды;

авторы шетелге кеткен жағдайда өзгерістер енгізуге осындай құқығын куәландыратын тиісті ресімделген құжатын тапсырған сенімді тұлға қолын қояды. Мұндай құжат Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілдің атына нақты тапсырылған іс-әрекеттер көрсетілген сенімхат, немесе ресмилендірілуі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары күшін талап етпейтін немесе өзаралық жағдайлардан басқада Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінде ресмилендірілген басқа тұлғаға берілген сенімхат болуы мүмкін;

автордың барған жері туралы мәліметтер болмаған және оны алу мүмкіндігі болмаған жағдайларда ол Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 28-бабына сәйкес сот бойынша хабарсыз кеткен деп танылуы мүмкін және мүдделі тарап автордың хабарсыз кеткенін тану туралы сот шешімінің көшірмесін ұсынады, ол мәні бойынша мәселені шешу кезінде назарға алынады;

автордың ақыл-есі кем немесе ақыл-есі шектеулі деп танылған жағдайда өзгерістер енгізуге келісім беруге оның атынан қорғаушы немесе қамқоршылығы белгіленгені туралы сот шешімінің көшірмесін тапсырған қорғаушы немесе қамқоршысы қолын қояды.

5) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын азаматтар және шетелдік заңды тұлғалар авторлар құрамына өзгерістер енгізуге құжаттарын Қазпатентте тіркелген сенімді өкілдері арқылы береді, мұндайда патенттік сенімді өкілдің атына берілген сенімхатта көрсетілген іс-әрекеттерді орындауға тапсырма болуға тиіс.

6) Егер авторлар құрамына өзгерістер өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізілсе, алдын ала патент және патент беру туралы арызға ақы төленгені туралы құжат тіркеледі.

7) Егер осы тармақтың 2)-6) тармақшаларында аталған құжаттар жоқ болса және/немесе тапсырылған құжаттар осы тармақшалардың талаптарын қанағаттандырмаса, өтінімшіге хабарлама жіберілген күннен бастап үш айлық мерзім ішінде жоқ болған немесе түзетілген құжаттарды тапсыру туралы ұсыныс жасалады.

Сұралған құжаттар тапсырылмаған жағдайда жаңа арыз берілмеген болып есептеледі және өзгерістер енгізілмейді, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

## 165. Өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізу

1) Өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізу ретінде құрамға қосымша тұлғалар енгізу немесе патент беру туралы арызда бұрындары көрсетілген өтінімшілер құрамынан алып тастаумен өтінімшілер құрамына ішінара өзгерістер енгізу ұғылады.

2) Өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізу осы Нұсқаулықтың 131-тармағына сәйкес ресімделген патент беру туралы жаңа арыз беру жолымен енгізіледі. Өтінімшілер құрамына өзгерістермен жаңа арыз беру кезінде жаңа арызға авторлардың қол қоюлары міндетті емес.

3) Патент беру туралы жаңа арызбен бір мезгілде өтінімшілер құрамына тиісті өзгерістер енгізу туралы еркін нысанда өтінім нөмірі мен тіркеу күні көрсетілген өтініш беріледі. Өтінішке осы Нұсқаулықтың 131-тармағында белгіленген тәртіппен патент беру туралы бастапқы арызда көрсетілген өтінімші (өтінімшілер) қол қояды. Шығып қалған өтінімші - жеке тұлғаның қолы нотариальды расталуға тиіс (тек ұлттық өтінімшілер және үкіметаралық келісімдерге сәйкес өтінімдер бойынша өтінімшілер үшін).

4) Патент беру туралы арызда көрсетілген өлген өтінімшіні мұрагермен алмастырған жағдайда мұрагерлік құқығы туралы расталған куәлік көшірмесін тапсырып, мұрагерлікке өз құқығын заңды түрде дәлелдеген мұрагердің қолы қойылуға тиіс.

5) Егер бастапқы берілген арызда көрсетілген өтінімші - жеке тұлғаның қолын қойғызу мүмкін болмаса, онда осы Нұсқаулықтың 164-тармағының 3) тармақшасындағы ереже қолданылады.

6) Заңды тұлғаның қайта ұйымдасуы салдарынан (біріктіру, бөлу, бөліп алу, қайта құру) өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізу кезінде өтініш пен жаңа арызға құқықтың осы түрі бойынша (бөлу балансы немесе беру актісінен көшірме) құқықтық мирасқорлығын растайтын құжат тапсырған құқықтық мирасқоры қолын қояды.

7) Заңды тұлғаны тарату салдарынан өзгертулер енгізу кезінде өтініш пен жаңа арызға беру фактысын растайтын құжат тапсырумен тиісті құқық алған тұлға қолын қояды.

Егер заңды тұлғаны тарату кезінде патент алу құқығын беру немесе таратылған заңды тұлғаның қолын қойдыру мүмкін болмаса, онда өтініште осы заңды тұлға үшін қол қою талап етілмейді. Мұндайда мүдделі тарап заңды тұлғаның таратылғанын және тиісті құқықтардың берілмеген фактысын дәлелдейтін құжат тапсырады.

8) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын азаматтар және шетелдік заңды тұлғалар өтінімшілер құрамына өзгертулер енгізуге құжаттарын Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілдер арқылы береді, мұндайда патенттік сенімді өкілдің атына берілген сенімхатта көрсетілген іс-әрекеттерді орындауға тапсырмалар болуға тиіс.

9) Егер өтінімшілер құрамына өзгертулер өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде енгізілсе, патент беру туралы арызға ақы төленгені туралы құжат тіркеледі.

10) Егер осы тармақтың 2)-9) тармақшаларында аталған құжаттар жоқ болса, және/немесе тапсырылған құжаттар осы тармақшалардың талаптарын қанағаттандырмаса, өтінімшіге хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай мерзім ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды тапсыруға хабарлама жіберіледі. Сұралған құжаттар тапсырылмаған жағдайда жаңа арыз берілмеген болып есептеледі және өзгертулер енгізілмейді, бұл туралы өтінімшіге хабарланады.

#### 166. Өтінім материалдарымен танысу

Өтінімші (оның өкілі) өзі берген өтініммен және оған қатысты құжаттармен танысу күні мен уақытын алдын ала келісіп, тікелей Қазпатентте, сондай-ақ өтінім көшірмесі және оған қатысты құжаттарды немесе олардың бөліктерін сұратып алу жолымен танысуына болады.

#### 167. Өтінімшінің қатысуымен өтінім қарау

Өтінімге байланысты мәселелерді өтінімшінің қатысуымен қарау Қазпатенттің ұсынысымен немесе өтінімшінің өтінуімен екі тарап осы мәселелермен танысқан соң жүргізіледі. Сараптама сұраулары сұрау салуда баяндалуы мүмкін, онда кездесудің орындылығы қосымша хабарланады, өтінімшінің сұрақтары оны өткізу туралы сұрауда қаралады.

Сұрау салу кезінде оған жауапты өтінімші Заңмен белгіленген мерзімде өтінімші өтінімді қарауға қатысу ниеті бар-жоғына қарамастан тапсыруға тиіс.

Өтінімді қараудың күні мен уақыты алдын ала келісіледі. Белгіленген мерзімде өтінімді қарауға қатысу мүмкіндігі болмаған тарап жағдайдың өзгергені туралы басқа тарапқа дереу хабарлауға міндетті.

Егер Қазпатент немесе өтінімші өтінімді бірлесіп қарауды ертерек немесе орынсыз деп есептеген жағдайда Қазпатенттің ұсынысы мен өтінімшінің сұрауы тиісті дәлелдемелер келтірумен назарға алынбауы мүмкін.

Өз қатысуымен өтінімді қарау туралы сұрауын қанағаттандыруға алдын ала келісімінсіз Қазпатентке келген өтінімшінің қатысуынан бас тартуы мүмкін.

Өтінімді қарауға осы Нұсқаулықтың 160-тармағының шарттары сақталған жағдайда өтінімшінің бұған өкілетті өкілі қатысуы мүмкін.

Жалғыз өтінімші болып табылмайтын тұлға өтінімді қарауға басқа өтінімшілер жоқ болған жағдайда өкілеттігіне сенімхаты болған жағдайда ғана қатысуы мүмкін.

Өтінімді өтінімшінің қатысуымен қарау келіссөздер немесе сарапшылық кеңес жолымен жүзеге асырылады.

Егер мәселелерді тікелей сарапшы мен өтінімші шеше алатын жағдайларда келіссөздер жүргізіледі; егер мәселелер шешімін табу үшін сараптама тарапынан бірқатар мамандардың қатысуы талап етілсе, сарапшылық кеңес жүргізіледі.

Келіссөздер немесе сараптама кеңесі нәтижелері бойынша қатысушылар, тараптар келтірген дәлелдер мен ұсыныстары бар мәліметтер және бұдан әрі іс жүргізу туралы қорытындылары бар белгіленген нысанда екі дана хаттама жасалады.

Хаттамада:

өтінімші (оның өкілі) ұсынған өнертабыс формуласының жаңа редакциясы;

өтінімді қайтарып алу туралы арыз;

жазбаша түсініктер талап етілетін сараптама мәселелері келтірілуі мүмкін.

Қарауға қатысушылардың барлығы хаттамаға қолдарын қояды. Бір данасы өтінім материалдарына тіркеледі, енді бірі өтінімшіге (оның өкіліне) беріледі.

Талқыланған мәселелер бойынша келісімге келе алмаған жағдайда хаттамаға қарауға қатысушылардың ерекше пікірлері енгізілуі мүмкін. Тиісті қорытындылары бар өтінімшіге (оның өкіліне) берілген хаттаманың данасы іс жүргізуді тоқтату туралы (өтінімді қайтарып алған жағдайда) хабарламаны немесе сараптама сұрауын алмастыруы мүмкін, ол жөнінде тиісті жазба ресімделеді.

Хаттама сараптама сұрауына өтінімшінің жауабын алмастыруы мүмкін (егер мұндайда жауап беру үшін белгіленген мерзімге нұқсан келтірілмесе). Мұндай жағдайда хаттамаға тиісті жазба енгізіледі.

#### 168. Мерзімдерді есептеу

Патент алу жөнінде процедуралық іс-әрекеттер жүргізу мерзімдері іс-әрекет Жүруге тиіс уақыт мерзімімен айқындалады.

Егер мерзім "ішінде (кеш емес) (соған дейін)...күнінен..." сөз тіркестерімен көрінсе, онда есептеу көрсетілген күннен кейінгі күннен басталады. Мерзімнің аяқталуы мерзімнің соңғы айының тиісті күнімен бітеді. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, мерзімнің аяқталған күні бұдан кейінгі бірінші жұмыс күні болып есептеледі. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті саны жоқ айға тап келсе, мерзім осы айдың соңғы күнімен бітеді.

Ұйымға мерзімнің соңғы күні тапсырылған материалдар мерзімінде жіберілген болып есептеледі.

#### 169. Сұралған материалдарды тапсыру мерзімін ұзарту

1) Заңның 23-бабының 2-тармағына сәйкес сұралған материалдарды өтінімшінің тапсыру мерзімі тиісті өтініш берілген жағдайда ұзартылуы мүмкін.

Өтінішке белгіленген мөлшерде мерзімді ұзартуға ақы төленгенін растайтын құжат тіркеледі. Егер мұндай құжат тапсырылмаса, өтініш берілмеген болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

2) Мерзімді ұзарту туралы өтініш өтінімшіге сұрау жіберілген күннен

бастап үш ай ішінде еркін нысанда беріледі.

3) Сұралған материалдар тапсыру мерзімін ұзарту туралы өтінімшіге хабарланады.

4) Өтініш беру мерзімі сақталмаған жағдайда ол қанағаттандырылмайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

170. Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру

1) Заңның 23-бабының 2-тармағына сәйкес өтінімші өткізіп алған келесі мерзімдер қалпына келтірілуі мүмкін:

формальды сараптама кезеңінде сұрау бойынша түзетілген немесе жоқ құжатты тапсыру мерзімі;

патент беру туралы шешім бойынша тиісті ақы төленгенін растайтын құжат тапсыру мерзімі;

формальды сараптама нәтижелері бойынша патент беруден бас тарту шешіміне наразылық беру мерзімі.

2) Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті өтінімші еркін нысанда тапсыру мерзімі өтіп кеткен құжатпен немесе осы мерзімді ұзарту туралы өтінішпен бірге, егер ұзарту мүмкіндігі Заңмен қарастырылса, өтіп кеткен мерзімге себептері көрсетіле отырып, өткізіп алынған мерзімнен он екі айдан кешіктірмей береді. Қазпатент көрсетілген себептердің барын құжатпен растауды талап етуге құқылы.

3) Өтінішке белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат тіркеледі. Мұндай құжат ақы төлеу туралы құжат болмағаны немесе төленген соманың белгіленген мөлшерге сәйкес еместігі туралы өтінімшіге хабарлама жіберілген күннен бастап екі ай ішінде тапсырылуға тиіс.

Белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжат тапсырылмаған жағдайда өтініш көрсетілген мерзімде тапсырылмаған болып танылады, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

4) Өткізіп алынған мерзімнің қалпына келтірілгені туралы өтінімшіге хабарланады.

5) Егер осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген талаптардың ең болмағанда бірі сақталмаған жағдайда өтініш қанағаттандырылмайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

171. Өтінімді қайтарып алу

1) Заңның 27-бабына сәйкес өтінімші өтінімді қайтарып алуға құқылы. Өтінімді қайтарып алу туралы арыз Қазақстан Республикасының пайдалы модельдер Мемлекеттік тізіліміне пайдалы модель тіркелгенге дейін еркін нысанда берілуі мүмкін.

2) Қайтарып алынған өтінімнің ешқандай құқықтық салдары болмайды, яғни ол бойынша ешқандай заңдық маңызды іс-әрекеттер жүргізілмейді (мұндай өтінімге сараптама жүргізілмейді, патент берілмейді, ол өнертабысқа өтінімге айналдырылмайды және т.б.) және өтінімшінің құқығы бұдан әрі бұл өтінімге негізделмейді (атап айтқанда, келесі өтінім беру кезінде қайтарып алынған өтінім түскен күні немесе оған қосымша материалдар түскен күні бойынша басымдық сұрау мүмкін емес); қайтарып алынған өтінім осы Нұсқаулықтың 100-тармағына сәйкес жаңалығын тексеру кезінде өнертабысқа өтінім сараптамасы процесінің техникалық деңгейіне енгізілмейді.

3) Осы арызды назарға алу туралы өтінімшіге хабарлама жіберілгеннен

кейін түскен өтінімді қайтарып алу туралы арызын жарамсыз деп санау

жөніндегі өтінімшінің сұрауы жоғарыда 2) тармақшада көрсетілген өтінімді

қайтарып алу нәтижелерін жоққа шығаруға негіз болып табылмайды.

4) Осы тармақтың 2) тармақшасының ережесі қайтарып алынған болып есептелетін өтінімдер хақында да әрекет жасайды.

## 7 ТАРАУ. ПАЙДАЛЫ ҮЛГІГЕ ПАТЕНТ БЕРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІМДІ ҚАРАУ

&1. Өтінімнің Қазпатентке түсуі. Өтінімнің құжаттарымен арыз беру тәртібі

172. Өтінімнің түскен материалдарын тіркеу

1) Егер өтінімнің түскен материалдарының құрамында ең аз дегенде оның бір құжаты болса (арыз, пайдалы үлгінің суреттемесі, пайдалы үлгінің формуласы, сызбалар), онда олар түскен күні қойыла отырып тіркеледі.

Өтінімге Қазпатенттің жеті таңбалы тіркеу нөмірі беріледі (жоғарғы разрядтағы төрт сан өтінім берілген жылды, қалған үш саны сол жылғы сериядағы өтінімнің нөмірін білдіреді), нүктеден кейін күзетілетін объектінің түрін - пайдалы үлгіні сипаттайтын бақылау саны 2 қойылады.

Өтінім материалдарының түсу фактісі туралы өтінім берушіге арыздың Қазпатент қойған реквизиттері (тіркеу нөмірі мен түскен күні) бар бір данасын жолдау арқылы бес күндік мерзім ішінде хабарланады.

2) Қазпатенттен шығатын барлық хат-хабар тек бір ғана мекен-жайға жолданады,

бұл орайда:

егер арыздың 98 графасында өтінім берушінің немесе өтінім берушілердің біреуінің мекен-жайынан басқа хат жазысуға арналған мекенжай көрсетілсе, олар бірнешеу болса, немесе өтінім берушінің (өтінім берушілердің) өкілінің мекен-жайы көрсетілген болса, онда хат-хабар сол мекен-жайға өтінім берушінің атына, немесе, өтінім берушілер бірнешеу болса, арызда бірінші көрсетілген өтінім берушінің атына жолданады, ал өтінім берушілерінің барлығы Қазақстан Республикасы аумағында тұрмаған немесе орналаспаған болса, онда бірінші көрсетілген Қазақстан Республикасы аумағында тұратын өтінім берушінің атына жолданады;

егер арыздың 98 графасы толтырылмаған болса, онда хат-хабар өтінім берушінің атына, ал егер өтінім берушілер бірнешеу болса, бірінші өтінім берушінің атына, ал егер барлық өтінім берушілер Қазақстан Республикасы аумағында тұрмайтын немесе орналаспаған болса, онда Қазақстан Республикасы аумағында тұратын бірінші өтінім берушінің атына жолданады.

3) Құжаттар басқа тілде ұсынылған жағдайда, егер олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы болмаса, өтінім берушіге өтінім берілген күннен бастап екі ай мерзім ішінде немесе екі айдан аспайтын кейінірек мерзімде, төлем туралы құжатпен расталған тиісті төлем жасалғанда, аударманы ұсыну қажеттігі туралы хабарланады. Өтінім берушіге сондай-ақ көрсетілген мерзімде аударма ұсынылмаса, өтінім берілмеген деп саналатыны және ол бойынша іс жүргізу қалпына келтірілмейтіні хабарланады.

4) Өтінімнің тіркелген материалдары қайтарылмайды.

#### 173. Өтінім беруге төлем жасалғанын тексеру

Өтінімнің тіркелген материалдары өтінім беруге белгіленген мөлшерде төлем жасалғанын растайтын құжаттың бары жөнінде тексеріледі. Мұндай құжат, немесе белгіленген мөлшерден аз мөлшерде төлем жасалған жағдайда оның мөлшерін азайтуға негіз бар екенін растайтын құжат болмаса, өтінім берушіге жетіспейтін құжатты (құжаттарды) және/немесе белгіленген мөлшерге дейін төлем жасалғаны туралы құжатты ұсыну жөнінде хабарланады, бұл құжаттар өтінім берілген күннен бастап екі ай мерзім ішінде немесе тиісті төлем жасалса, екі айдан аспайтын кейінірек мерзімде ұсыныла алады.

Өтінім берушіге сондай-ақ белгіленген мерзімде және белгіленген мөлшерде төлем жасалғаны туралы аталған құжаттарды ұсынбаса, өтінім берілмеген деп саналатыны жөнінде хабарланады.

#### 174. Өтінімнің жасырындығы

Өтінім туралы мәліметтер ол Қазпатентке түскен мезеттен патент берілгені туралы мәліметтер жарияланғанға дейін жасырын деп саналады және заңсыз жария қылуға жатпайды.

#### 175. Бірінші өтінімнің куәландырылған көшірмесі



Өтінім Қазпатентке берілген пайдалы үлгіні шетелдерде патенттеген кезде, өтінім берушінің өтініш бойынша Қазпатент бірінші өтінімнің куәландырылған көшірмесін ол Қазпатентке берілгеннен кейін үш айдан соң береді. Өтінім берушінің өтінішіне тиісті төлем туралы құжат қоса тіркелуі керек. Қазпатенттің рұқсаты бойынша бірінші өтінімнің куәландырылған көшірмесі көрсетілген уақыттан ертерек беріле алады. Бұл үшін өтінім беруші Қазпатентке шетелдік патенттеуді көрсетілген мерзімнен ертерек беру туралы еркін нысанда жазылған өтініш ұсынады.

## &2. Өтінімнің үстірт сараптамасы

### 176. Өтінімнің үстірт сараптамасын өткізу мерзімдері

Өтінімнің үстірт сараптамасы, егер осы Нұсқаулықтың 129 тармағының талаптары сақталған болса, ол Қазпатентке түскен күннен бастап екі ай өткенде өткізіледі.

### 177. Өтінімнің үстірт сараптамасының мазмұны

Өтінімнің үстірт сараптамасын өткізген кезде мыналар тексеріледі: өтінімде болуға немесе оған қосымша тіркелуге тиісті құжаттардың барлығы (осы Нұсқаулықтың 127, 128 тармақтары);

төлемнің белгіленген мөлшерге сәйкестігі;

өтінімнің құжаттарына қойылатын талаптардың (осы Нұсқаулықтың 131-159 тармақтары) сақталуы;

Заңның 36 бабының 2 тармағында көзделген жағдайларда өтінім беру тәртібін сақтау, бұның ішіне патенттік сенімді адамның өкілеттігін куәландыратын сенімхаттың болуы мен дұрыс рәсімделуі кіреді;

пайдалы үлгі мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтердің бекітілген тізбесіне кіре ме;

өтінім пайдалы үлгі ретінде қорғалатын объектілерге қатысты ұсынысқа берілген бе (осы Нұсқаулықтың 124 тармағы);

пайдалы үлгінің біртұтастығының талаптарының сақталуы (осы Нұсқаулықтың 126 тармағы);

қосымша материалдар, егер олар ұсынылған болса, өтінім берілген пайдалы үлгінің мәнін өзгертпей ме, және оларды ұсынудың белгіленген тәртібі сақталған ба (осы Нұсқаулықтың 186 тармағы);

МПК бойынша өтінім беруші жүзеге асырған пайдалы үлгіні жіктеудің дұрыстығы (немесе егер мұндай жіктеу жоқ болса, онда жүзеге асырылады);

Өтінімде Қазпатентке оның берілген күнінен ертерек басымдық сұраудың негізділік өтінімді беру күнін белгілеу (Заңның 3 бабының 18 тармағы).

### 178. Өтінімнің болмаған немесе түзетілген материалдарын сұрату

1) Егер үстірт сараптама процесінде өтінімнің оның құжаттарына қойылатын

талаптар бұзыла отырып рәсімделгені анықталса, өтінім берушіге табылған кемшіліктерді көрсетумен, құқықтағы сипаттағы қажетті дәлелдерді келтірумен және болмаған немесе түзетілген құжаттарды жолданған күннен бастап үш ай ішінде ұсынумен бірге сұрау жолданады (Заңның 23 бабының 2 тармағы). Бірінші өтінімнің (өтінімдердің) жоқ көшірмесі (көшірмелері) өтінім Қазпатентке түскен күннен бастап алты ай ішінде ұсыныла алады.

2) Сұрау салу үшін негіз болып төмендегілер табылады:

осы Нұсқаулықтың 127, 128 тармақтарында көзделген құжаттардың ең аз дегенде біреуі жоқтығы;

өкілге сенімхат рәсімдеуге қойылатын талаптардың бұзылуы;

өтінім құжаттарын белгіленгеннен кем данада ұсыну;

егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісімімен мұндай беруді қарастыратын тәртіп белгіленбеген жағдайда, өтінімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді адамдар арқылы бермесе;

патент беру туралы арызда осы Нұсқаулық қарастыратын реквизиттердің, қолтаңбалардың, мөр бедерлемесінің жоқтығы, сондай-ақ арызда келтірілген мәліметтерді анықтау қажеттігі;

төлемге байланысты мәселелерді анықтау қажеттігі;

құжаттарды рәсімдеуде оларды тікелей көшірмелеуге кедергі келтіретін кемшіліктерді (парақтардың форматына, алаңдардың мөлшеріне қойылатын талаптарды бұзу және т.б.), өтінім материалдарын оқуды қиындататын басылу сапасы және с.с.) анықтау;

егер пайдалы үлгі атауына арнайы атау кіргізілген болса, Қазақстан Республикасында қорғалатын тауарлық белгілерге үшінші адамдардың құқығын бұзуға байланысты мәселелерді анықтау қажетті;

пайдалы үлгінің суреттемесінде осы Нұсқаулық қарастыратын құрылымдық тараулардың жоқтығы (егер белгілі бір тарауда мазмұндалуға тиісті мәліметтер басқа тарауда келтірілсе, сұрау салынбайды), сондай-ақ пайдалы үлгінің суреттемесінде немесе формуласында белгінің сипаттамасы осы белгі ашып көрсетілетін ақпарат көзіне сілтемемен ауыстырылса;

өтінімде көпшілік қолы жетпейтін ақпарат көздеріне сілтемелердің болуы, немесе онда бар кез келген мәліметтерді жариялаудың мүмкін еместігі көрсетілсе (патент туралы мәліметтерді жариялағанда автор ретінде көрсетілгісі келмейтін авторлар туралы мәліметтерді санамағанда);

осы Нұсқаулықтың 144 тармағының пайдалы үлгінің формуласының тармағының бір сөйлем ретінде мазмұндалуы туралы талаптарының бұзылуы;

формулада құқықтық қорғау сұратылып отырған пайдалы үлгінің мақсатын бейнелейтін сапалық түсініктің жоқтығы;

формулада пайдалы үлгінің белгілерінің орнына тек оның пайдаланылу көрсеткіштері мен тұтынушылық қасиеттерінің, оны жүзеге асырған және/немесе пайдаланған кездегі әсерлер мен құбылыстардың ғана болуы;

осы Нұсқаулықтың 140 тармағының 4) тармақшасының пайдалы үлгінің формуласында оларды ұқсастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін белгілерді баяндау туралы талабының бұзылуы;

пайдалы үлгінің көпбуынды формуласының тәуелді тармақтарында пайдалы үлгінің оны тиісті жекеше орындау немесе пайдалану жағдайларында қоғамдық мүдделерге, адамгершілік немесе мораль қағидаларына қайшылығын туғызатын белгілердің болуы;

осы Нұсқаулықтың 145 тармағының формуланың тәуелсіз тармағы тек бір ғана пайдалы үлгіге қатысты болу керек деген талабының бұзылуы;

пайдалы үлгінің формуласында формуланың өзі бағынатын тармағының белгісін

(белгілерін) жоққа шығаруы немесе ауыстыруы мүмкін тәуелді тармақтың болуы; өтінім құжаттарының бір біріне сәйкессіздігі (мысалы, пайдалы үлгінің арызда көрсетілген атауы суреттемеде келтірілген атауына сәйкес келмейді; пайдалы үлгінің суреттемесінде пайдалы үлгінің формуласында көрсетілген белгілер жоқ; пайдалы үлгінің формуласында мәнділігі суреттеменің (Пайдалы үлгінің мәнінің тарауында атап айтылған белгі жоқ; сызбалар пайдалы үлгінің суреттемесіне сәйкес келмейді т.б.);

осы Нұсқаулықтың 148 тармағының рефератқа қоятын талаптарының бұзылуы; осы Нұсқаулықтың 151 тармағына сәйкес пайдалы үлгінің суреттемесінде, формуласында және рефератта көпшілік қабылдамаған терминологияны қолдану туралы, өтінім материалдарының мәтінінде терминология біртұтастығын сақтау талабының бұзылуы;

өтінімді сұралатын ертерек басымдықты белгілеуге байланысты мәселелерді анықтау қажеттігі;

осы Нұсқаулықтың пайдалы үлгінің суреттемесі мен формуласына қойылатын талаптарын басқа бұзушылықтардың болуы.

Сұрау салуда өтінім берушіге нақтыланған суреттеме мен формула ұсыну туралы ұсыныс жасалуы мүмкін.

3) өтінім беруші түзеткен, сұрау салуға сәйкес енгізілген түзетулермен қатар өтінім берушінің бастамасымен түзетулері бар құжат, осы Нұсқаулықтың 186 тармағының шарттарын сақтай отырып ұсынылады.

4) Егер өтінім беруші белгіленген мерзімде сұратылған толық көлемдегі материалдарды немесе оларды ұсыну мерзімін ұзарту туралы өтінішті осы Нұсқаулықтың 169 тармағында қарастырылатын шарттарды сақтай отырып ұсынбаса, өтінім кері қайтарылған деп есептеледі, бұл жөнінде өтінім берушіге хабарланады. Іс жүргізу Қазпатент өтіп кеткен мерзімді қалпына

келтірген жағдайда жалғастырылуы мүмкін (осы Нұсқаулықтың 170 тармағы).

179. Өтінім беру күнін белгілеу

Өтінім берілген күн деп оның Қазпатентке түскен күні есептеледі, ол күнге берілген құжаттарда:

өтінім беруші туралы мәліметтер (өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), немесе ресми атауы) көрсетілген арыз;

пайдалы үлгінің суреттемесі;

пайдалы үлгінің формуласы;

сызбалар болу керек.

Егер Қазпатент өтінімде оның түскен күніне қарай жоғарыда аталған мәліметтер және/немесе құжаттар жоқтығын анықтаса, онда беру күні олардың соңғысының түскен күні бойынша белгіленеді, бұл туралы өтінім берушіге хабарланады.

#### 180. Өтінім пәнін сыныптау

Өтінім пәнін техниканың белгілі бір саласына жатқызу мақсатында Қазпатент өтінім берілген пайдалы үлгілерді МПК-ға сәйкес сыныптайды.

Сыныптау өтінімнің үстірт сараптамасы өткізілгенде жүзеге асырылады.

Сыныптау МПК-ға кіріспе белгілеген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Сыныптау кезінде сыныптау индексін таңдауға өтінім берілген пайдалы үлгінің формуласы негіз болып табылады. Пайдалы үлгінің мәнін толығырақ түсіну үшін суреттеме мен сызбалар пайдаланылады. Егер өтінім МПК-нің түрлі айдарларына жататын бірнеше объектіні қамтыса, барлық тиісті сыныптау индекстері белгіленеді.

#### 181. Өтінімнің және қосымша материалдардың белгіленген талаптарға сәйкессіздігі туралы хабарлама

1) Егер өтінімді өтінім берілген пайдалы үлгілердің мәнісін талдаусыз, өтінімнің пайдалы үлгінің біртұтастығы талабы бұзыла отырып берілгені анықталса, (осы Нұсқаулықтың 126 тармағы), өтінім берушіге бұл туралы хабарлама жолданады және оның жолдану күнінен бастап үш ай ішінде пайдалы үлгілердің қайсысы қаралу керек екенін, және, қажет болған жағдайда, өтінім материалдарына анықтаулар енгізу ұсынылады.

Пайдалы үлгінің біртұтастығына қойылатын талапты сақтау бастапқы формулаға қатысты, немесе егер ол өзгермеген болса, - өтінім беруші белгіленген тәртіпте ұсынған соңғы формулаға қатысты тексеріледі.

2) Егер өтінім беруші дер кезінде пайдалы үлгілердің (немесе біртұтастық талабына сай келетін пайдалы үлгілер тобының, егер мұндай топ өтінім берілген пайдалы үлгілер қатарында болса) қайсысын қарау керек екенін хабарламаса, және анықталған құжаттарды ұсынбаса, сараптама тек формулада бірінші көрсетілген пайдалы үлгіге (немесе пайдалы үлгілердің ішіндегі біртұтастық талабына сай келетін, формулада бірінші көрсетілген пайдалы үлгілер тобына) қатысты өткізіледі.

Егер қосымша материалдар тұтастай алғанда немесе бөлшектей өтінім берілген пайдалы үлгінің мәнін өзгертсе және/немесе осы Нұсқаулықтың 186 тармағында

қарастырылған шарттарды сақтамай ұсынылса, өтінім берушіге олардың сараптама кезінде тұтастай немесе бөлшектей назарға алынбауы мүмкін екені хабарланады.

Өтінімнің құжаттарын түзететін немесе анықтайтын қосымша материалдар осы Нұсқаулықтың 162 тармағының талаптарын бұза отырып ұсынылғаны анықталған жағдайда өтінім берушіге бұл туралы хабарланады.

Өтінім материалдарында сондай-ақ сұрау салуға негіз болып табылатын, осы Нұсқаулықтың басқа да талаптарын бұзушылыққа жол берілген жағдайда бұл бұзушылықтар туралы хабарлама сұрауда келтірілуі мүмкін.

182. Пайдалы үлгіге Заңға сәйкес құқықтық қорғауды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама

Егер үстірт сараптама кезінде өтінім берілген пайдалы үлгі белгіленген тәртіпте құпия деп танылатын болса, өтінім берушіге Заңның 5 бабының 6 тармағына сәйкес пайдалы үлгіге құқықтық қорғауды берудің мүмкін еместігі туралы хабарланады.

183. Патент беруден бас тарту туралы шешім

1) Егер өтінімнің үстірт сараптамасының нәтижесінде оның пайдалы үлгілер ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысқа рәсімделгені анықталса, өтінім берушіге патент беруден бас тарту туралы хабарлама жолданады (Заңның 23 бабының 3 тармағы).

Өтінім берілген ұсыныс егер ол тұтастай және формула тармағында қалай сипатталған түрінде осы Нұсқаулықтың 125 тармағында келтірілген ұсыныстар тізбесіне енсе, немесе осы Нұсқаулықтың 124 тармағында көрсетілген объектілерге жатпайтын болса, пайдалы үлгілер ретінде қорғалатын объектілерге жатпайды деп есептеледі.

Егер өтінім берілген объект көп буынды формулада сипатталса, және тәуелді тармақтың мазмұны бұл объектінің қоғамдық мүдделерге, адамгершілік және мораль қағидаларына қайшылығын тудырса, мұндай объект те пайдалы үлгі деп танылмайды.

Кез келген бір тармақта сипатталған объекте, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, пайдалы үлгі деп таныла алмайтын жағдайда өтінім берушіге патент беруден бас тартуға негіз бола алатын дәлелдерді, егер қажет болса, тиісті ақпарат көздеріне сілтемелерді баяндай отырып және келтірілген дәлелдерді пайдалы үлгіні растаумен жоққа шығаруды немесе тиісті тармақты түзетіп немесе алып тастап, пайдалы үлгінің формуласын өзгертуді ұсынып, сұрау салу жолданады.

Егер өтінімші өз жауабында сараптаманың дәлелдерін теріске шығармаса және сұраудағы өзгертулермен ұсынылған формуланы келтірмесе, патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Мұндайда шешімде формуланың басқа тармақтарында сипатталған (егер бұл сараптама процесінде анықталса) ұсыныстың принципті қорғау қабілеттілігі атап өтілуі мүмкін.

2) Осы өтінім бойынша патент беруден бас тарту туралы шешім сондай-ақ

Заңның 20-бабының 7-тармағына сәйкес басқа өтінім бойынша берілген патент

өнеркәсіп меншігінің ұқсас объектісінің сол басымдық күні болғанда да

қабылданады.

3) Патент беруден бас тарту туралы шешімде келтірілген дәлелдермен келіспеген жағдайда шешім жіберілген күннен бастап үш ай ішінде Қазпатенттің шағым кеңесіне өз наразылығын жолдауға өтінімшінің құқығы туралы қосымша хабарланады.

#### 184. Пайдалы модель басымдығын белгілеу

Пайдалы модель басымдығы осы Нұсқаулықтың 85-91-тармақтарына сәйкес белгіленеді.

#### 185. Патент беру туралы шешім

1) Егер өтінімде барлық қажетті құжаттар болса, осы Нұсқаулық белгіленген барлық талаптар сақталса, және мәлімделген ұсыныс пайдалы модель ретінде қорғалатын объектілерге жататын болса, өтінімші ұсынған (Заңның 23-бабының 2-тармағы) формуламен пайдалы модельге патент беру туралы шешім қабылданады. Шешімде өтінімшіге формальды сараптаманың оң нәтижесі туралы және пайдалы модель басымдығын белгілеу жөнінде хабарланады.

Патент беру туралы шешім өтінімшіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінімші тиісті ақысы төленгенін растайтын құжатын Қазпатентке тапсырады. Аталған құжат тапсырылмаған жағдайда өтінім қайтарып алынған болып есептеліп, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады. Өтінім Заңның 23-бабының 2-тармағындағы шарттарды орындаған жағдайда қалпына келтірілуі мүмкін.

2) Патент беру туралы шешім Заңның 7-бабының 1-тармағында белгіленген мәлімделген пайдалы модельдің патент қабілеттігі шарттарына сәйкестігі тексерілмей қабылданады.

3) Заңның 29 және 33-баптарында қарастырылған жағдайларда пайдалы модельдің патент қабілеттік шарттарына сәйкестігі туралы мәселені қараған кезде мыналар ескерілуге тиіс:

Патентпен қорғалатын пайдалы модель егер техника деңгейінде бағыты сол пайдалы модель тәрізді, оған пайдалы модель формуласының тәуелсіз тармағында келтірілген барлық маңызды белгілер, (олардың қатынастары қол жеткен техникалық нәтижеге ықпалы айқындалуы мүмкін болмағандықтан, осы Нұсқаулықтың 140-тармағының 4) тармақшасының талаптарын қанағаттандырмайтын белгілер соңғысына жатпайды)

бағытының сипатын қоса отырып, тән болса "жаңалық" шартына сәйкес деп есептеледі.

Мұндайда Заңның 7-бабының мақсаттары үшін:

осы өтінім өтінімшілерінің құрамынан ерекшеленетін өтінімшілер құрамының өтінімі басқа өтінімшілер берген өтінім ретінде ұғылады;

техникалық деңгейге өтінімшілер қайтарып алған өтінімдер, сондай-ақ қайтарып алынған болып есептелетін өтінімдер енгізілмейді;

техникалық деңгейге еуразиялық өтінімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасына қатысты іс-әрекеттерін тоқтатпаған халықаралық өтінімдер енгізіледі;

өтінім техника деңгейіне сипаттама және формулаға, осы өтінімге арыз, сипаттама, формула және сызбалар түскен күнге қатысты енгізіледі (өнертабыс үшін өтінімде - тек егер сипаттамада оларға сілтеме болған жағдайда ғана). Егер бұл күн қарастырылған өтінім басымдығы күнінен кешірек болса, онда неғұрлым ертеректегі басымдығы бар өтінім басымдығын белгілеуге (алғашқы өтінім, бұрын берілген өтінім, осы өтінімге қосымша материалдар) негіз болып табылатын материалдар мазмұнымен сәйкес келетін техника деңгейінің мазмұнды бөлігіне енгізіледі;

Қазақстан Республикасында патенттелген (оның ішінде сол адаммен) өнертабыстар мен пайдалы модельдер (яғни Мемтізілімдерде) техника деңгейіне тек тиісті Мемтізілімдерде өнертабыстар немесе пайдалы модельдер тіркелген формулаға қатысты енгізіледі.

Патентпен қорғалатын пайдалы модель егер төмендегі шарттар орындалса, "өнеркәсіпке қолдану шартына сәйкес келеді деп есептеледі:

негізіне патент берілген өтінімде пайдалы модельдің өндіріс немесе тұтыну құралы ретіндегі нақты бағыты көрсетілсе, не олардың құрамдас бөліктері немесе бұл бағыт осы Нұсқаулықтың 134-тармағында жазылғаны бойынша пайдалы модель атауынан шықса, немесе осы Нұсқаулықтың 140-тармағында жазылғандай, пайдалы модель формуласынан шықса;

Пайдалы модельді формуланың әрбір тармағына сәйкес орындаған кезде (осы Нұсқаулықтың 140-тармағының 4) тармақшасы талаптарын қанағаттандырмаған белгілерін ескермегенде) аталған бағытта іске асырылады;

белгілі басымдық күніне немесе өтінімде сипатталған (өтінім түскен күнге қарағанда неғұрлым бұрынғы басымдығын белгілеу, негізінде басымдығы белгіленген өтінімде сондай-ақ материалдарда) формуланың кез келген тармағында сипатталған түрде пайдалы модельді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құралдар мен әдістер болады.

#### 186. Қосымша материалдарды тексеру

1) Өтінім құжаттарын түзетуші немесе нақтылаушы қосымша материалдар тапсырылған жағдайда (яғни оларды мазмұнға енгізуге жататын) өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде немесе қосымша материалдар белгіленген мөлшерде ақы төленгенін растайтын құжатпен бірге тапсырылмаған жағдайда, бұл материалдар өтінімді қарау кезінде назарға қабылданбайды, ол жөнінде өтінімшіге хабарланады. Мұндай хабарлама өтінімшіге жіберілген сараптаманың кезекті құжатының мазмұнына енгізілуі мүмкін.

2) Қазпатенттің сұрауы бойынша өтінімші берген қосымша материалдарға байланысты оларды тапсырудың белгіленген мерзімдерін өтінімшінің сақтағаны тексеріледі.

Аталған материалдар өтінімшіге сұрау жіберілген күннен бастап үш ай ішінде тапсырылуға тиіс.

Өтінімшінің белгіленген мерзімдерді сақтауын тексеру кезінде осы Нұсқаулықтың

168-тармағын басшылыққа алу керек.

Егер өтінімшінің қосымша материалдарды көрсетілген мерзімдерге нұқсан келтірумен тапсырғаны анықталса (және бұл мерзімдер осы Нұсқаулықтың 169-тармағына сәйкес ұзартылмаса), өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

3) Өтінімші өз бастамасымен немесе Қазпатенттің сұрауы бойынша түскен қосымша материалдар қарауға қабылданған кезде олардың мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертпейтіндігі тексеріледі. Егер олар өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілерді формулаға енгізуге жататын болса, қосымша материалдар мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертеді деп танылады.

Белгілер пайдалы модель формуласына тек өтінімші көрсеткен нақтыланған формулада болған жағдайда ғана емес, сондай-ақ өтінімші мұндай енгізуді көрсеткен жағдайда да белгілер енгізілуге жатады.

Қосымша материалдарда келтірілген және формулаға енгізілуге жататын белгілер, егер олар Қазпатентке патент беру туралы арыз, сипаттама, пайдалы модель формуласы мен сызбалар түскен күнге өтінімде болған формулада немесе сипаттамада аталмаса, болмаған деп танылады.

Егер бастапқы өтінім материалдарында пайдалы модель белгісі оны орындаудың жеке нысандары ашылмай жалпы ұғыммен көрінсе, онда мұндай нысанды орындау пайдалы модель формуласына енгізілуге жататын белгіге қосымша материалдарда қатысты болу арқылы мәлімделген пайдалы модельдің мәнін өзгертетін қосымша материалдарды тануға негіз болып табылады.

Тек техника деңгейіне қатысты сипаттамада, оның ішінде жақын баламасында аталатын белгілер өтінімнің бастапқы материалдарындағы мәлімделген пайдалы модельдің белгілеріне қатысты болмайды.

Өтінім пайдалы модельдер тобына қатысты болып, өтінімнің бастапқы материалдарында қандай да болмасын пайдалы модельдер тобының белгілері ретінде осы пайдалы модельдер тобына қатысты сипаттамада аталған белгілер есептеледі.

Бірі екіншісі үшін пайдалануға арналған пайдалы модельдер тобы басқаша болады. Мұндайда бір пайдалы модельдің бастапқы материалдарындағы басқасында пайдалануға арналған белгілер осы басқа пайдалы модельдің белгілері болып есептеледі.

Формулаға енгізуге жататын белгілерге қатысты емес мәлімделген пайдалы модель туралы өтінімнің бастапқы материалдарындағы болмаған мәліметтері бар қосымша материалдар пайдалы модельдің мәнін өзгертеді деп есептелмейді. Мұндай мәліметтерге, атап айтқанда, пайдалы модельді жүзеге асыру шарттары туралы жаңа (қосымша) мәліметтер, пайдалы модельді іске асыру мысалдары, қосымша техникалық нәтижелер алу мүмкіндігін көрсету, нақтыланған графикалық материалдар және т.б. жатуы мүмкін. Өтінімнің бастапқы материалдарында болмаған белгілермен қатар пайдалы модель формуласына енгізуге жататын қосымша материалдар, сондай-ақ өтінімді қарауға қажетті өзге де мәліметтер көрсетілген белгілері бар бөлімнің ғана мәнін өзгертеді деп танылады.

Өзге мәліметтер сараптама жүргізу кезінде ескеріледі.

4) Қосымша материалдарда берілген пайдалы модель формуласын өтінімшінің өзгертуін тексеру кезінде өзгертулер мәлімделген пайдалы модельге (пайдалы модельдерге) қатысы барлығы анықталады.

Пайдалы модель бағытын көрсететін бастапқы тектік ұғымды басқа ұғыммен алмастыру кезінде егер аталған ұғымдар тең мағынада болып, бағынысты немесе астасып жатса, яғни олардың көлемдері тұтастай немесе ішінара сәйкес келсе, формуланың өзгеруі мәлімделген пайдалы модельге қатысты болып танылады.

Пайдалы модель формуласы өзгерісі мәлімделген пайдалы модельге сондай-ақ осы



Нұсқаулықтың 178-тармағының 2) тармақшасының 17, 18 абзацтарында көрсетілген кемшіліктерді жою нәтижесінде жаңа тәуелсіз тармақ (немесе осындай бірнеше тармақ) қалыптастырған жағдайда да қатысты деп танылады.

Мәлімделген пайдалы модельге жатпайтын пайдалы модель формуласының өзгерістері назарға алынбайды, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

5) Қосымша материалдар мәлімделген пайдалы модель мәнін өзгертеді деп танылған жағдайда өтінімшіге (оған сараптаманың кезекті құжатын жіберген кезде) сараптама мұндай қорытынды шығаруға қандай қосымша материалдар мәліметтерінің негіз болғаны хабарланады.

#### 187. Өтінімді өзгерту

1) Заңның 28-бабына сәйкес пайдалы модельге өтінім өнертабысқа өтінімге айналдырылуы мүмкін.

ИЗ-ПМ нысанында (осы Нұсқаулыққа 4-қосымша) тапсырылған мұндай өзгерту туралы өтініш түскен кезде оның осы Нұсқаулықтың 161-тармағына сәйкес дұрыс ресімделуі тексеріледі, сондай-ақ оның өтінім бойынша патент беру туралы шешім қабылданғанға дейін тапсырылғаны және өтінішке белгіленген мөлшерде ақы төленгені жөнінде құжат тіркелгені анықталады.

Өтініш белгіленген талаптарға сәйкес ресімделмеген болса, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

Өтініш патент беру туралы шешім қабылданғаннан кейін түскен жағдайда өтінімді өзгерту мүмкін еместігі жөнінде өтінімшіге хабарланады.

Өтінішпен бірге ақы төленгені жөнінде құжат тапсырылмаған жағдайда өтініш берілмеген болып есептеледі, бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

Өзгертілмеген өтінім пайдалы модельге өтінім болып қала береді және оған бұдан әрі осы Нұсқаулықтың 5-7-тарауларындағы ережелер қолданылады.

Егер өтініш белгіленген талаптарға сай ресімделіп, көрсетілген мерзім сақталып және сонымен бірге белгіленген мөлшерде ақы төленгені туралы құжат тапсырылса, өтінімшіге өзгерту жасалатыны туралы хабарланып, сондай-ақ өтінімді бұдан әрі қарау осы Нұсқаулықтың 2-4-тарауларындағы ережелерге сәйкес жүргізілетіні хабарланады.

Егер өзгерту туралы өтініш қайтарып алынған болып саналатын өтінім бойынша түссе және өтінішпен бірге өткізіп алған мерзімін қалпына келтіру туралы сұрау тапсырылса, соңғысы Заңның 23-бабының 2-тармағына және осы Нұсқаулықтың 170-тармағына сәйкес қарастырылады.

2) Өтінімді өзгерту туралы өтініш берілген күнге өтінімді түзейтін немесе нақтылайтын қосымша материалдар, не пайдалы модельдің өзгертілген формуласы тапсырылса, өзгерту туралы өтінішті қарамастан бұрын осы Нұсқаулықтың 186-тармағына сәйкес осы материалдарды тексеру жүргізіледі.

Егер өтінім түскен күннен бастап екі ай ішінде түскен өтінімді түзететін, нақтылайтын қосымша материалдар немесе өзгертілген формула, өзгерту туралы өтінішпен бір мезгілде өтінімшінің бастамасы бойынша тапсырылған ретінде жіктелсе, оларды қарау өнертабысқа өтінімге қатысты материалдар өтінімін өзгертуден кейін аяқталады.

3) Қайтарып алынған немесе қайтарып алынған болып есептелетін пайдалы модельдер өтінімдеріне қатысты өзгертулер жүргізілмейді.

4) Өтінім өзгертілгені туралы өтінімшіге хабарлама жіберілгенге дейін өтінімшіден өтініш берілмеген деп есептеу сұралса, өзгерту болмаған деп есептеліп,

бұл жөнінде өтінімшіге хабарланады.

5) Өзгерту нәтижесінде өнертабысқа өтінім болып табылатын пайдалы модельге өтінім осы Нұсқаулықтың 176-тармағына сәйкес қарастырылады. Мұндайда егер аталған өзгерту өнертабысқа өтінімнің формальды сараптамасы басталған соң болса, онда пайдалы модельге формальды сараптама өтінімшіге болған өзгерту туралы хабарланған күннен басталады.

Өнертабысқа өтінім бойынша оны пайдалы модельге өзгерту туралы арыз түскен күнге тапсырылған қосымша материалдар пайдалы модель өтініміне сараптама кезінде оларды тексеру нәтижелері бойынша назарға алынған бөлігінде ескеріледі.

#### 188. Ақпараттық ізденіс жүргізу

Заңның 23-бабының 4-тармағына сәйкес өтінімші өтінімді қараудың кез келген сатысында, сондай-ақ патентиеленуші және үшінші тұлғалар патент беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін техника деңгейін анықтау үшін ақпараттық ізденіс жүргізу туралы өтініш беруі мүмкін, сонымен салыстыру арқылы пайдалы модельдің патент қабілеттілігіне баға беріледі. Мұндайда тиісінше осы Нұсқаулықтың 4-тарауының &4 ережесі қолданылады.

#### & 3. Патент беру

#### 189. Қазақстан Республикасының Пайдалы үлгілердің мемлекеттік тізілімінде тіркеу

Патент беру туралы шешімнің негізінде және тиісті төлемді растайтын құжат көрсетілгенде пайдалы үлгіге берілетін патент Қазақстан Республикасының Пайдалы үлгілердің мемлекеттік тізілімінде (бұдан әрі - Мемтізілім) оған тиісті нөмірі беріле отырып тіркеледі.

Мемтізілімде патенттің құқықтық мәртебесінің ол берілгеннен кейінгі

барлық өзгерістері тіркеледі.

Ақы төленген жағдайда кез келген тұлға Мемтізілімде бар кез келген патент туралы мәлімет ала алады.

190. Патент және оны беру тәртібі

1) Мемтізілімге енгізілген деректердің негізінде Қазпатент патент береді.

Патент мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

Патент деген патент грамотасы, онда:

патенттің нөмірі;

пайдалы үлгінің атауы;

патент иеленуші - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер болса)

және заңды тұлғаның толық атауы, ВОИС ST.3 стандарты бойынша патент

иеленушінің тұратын және орналасқан елінің коды;

автор (авторлар) - тегі, аты, әкесінің аты (егер болса);

тіркеу нөмірі мен Қазпатентке өтінім берілген күні;

басымдық, егер өтінім берілген күннен өзгеше болса, көрсетіледі.

Патент грамотасына Қазпатенттің басшысының қолтаңбасы қойылады және Қазпатенттің бастырылған елтаңбалық мөрімен бекітіледі. Қазпатенттің басшысының қолтаңбасын ресми уәкілетті тұлға факсимилениң көмегімен қоя алады.

Патент грамотасына пайдалы үлгінің суреттемесі қоса тіркеледі.

Патент Қазпатенттің ресми бюллетенінде патент туралы мәлімет жариялануымен бір мезгілде беріледі.

2) Патент бірнеше адамның атына сұратылған жағдайда бір патент беріледі.

Пайдалы үлгінің патент иеленуші болып табылмайтын авторына оның авторлығын растайтын ресми куәлік беріледі.

3) Патент пен оған берілетін авторлардың куәліктері жеке тапсырылады немесе патент иеленушінің мекен-жайына тапсырысты поштамен жіберіледі (тек ұлттық патент

иеленушілер және үкіметаралық келісімдерге сәйкес оларға теңестірілген тұлғалар үшін).

Патент иеленушіге патент тапсырылған кезде жеке тұлға үшін жеке бас куәлігі немесе заңды тұлғадан патент алуға сенімхат талап етіледі. Шетелдік патент иеленушілердің патенті мен оған авторлардың куәліктері Қазпатентте тіркелген патенттік сенімді өкілге тапсырылады.

Егер патентті беру туралы арызды Қазақстан Республикасында тұратын немесе орналасқан бірнеше тұлға бірлесіп берсе, онда патент пен оған қоса берілетін авторлардың куәліктері бірінші көрсетілген патент иеленушіге жолданады.

Егер патентті беру туралы арызды Қазақстан Республикасында барлығы бірдей тұрмайтын немесе орналаспаған бірнеше тұлға бірлесіп берсе, онда патент пен оған қоса берілетін авторлардың куәліктері бірінші көрсетілген ұлттық патент иеленушіге тапсырылады немесе жолданады.

#### 191. Өтінім материалдарымен жарияланғаннан кейін танысу

Патентті беру туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін Қазпатент Заңның 26 бабының 5 тармағының негізінде өтінім құжаттарын (суреттеме, формула, сызбалар, реферат), сондай-ақ бұл құжаттарды түзететін, анықтайтын және өзгертетін басқа материалдарды, егер оларды өтінім беруші тағайындалған тәртіпте берген болса, тиісті төлем жасалған жағдайда, кез келген тұлғаларға танысу үшін береді.

#### 192. Пайдалы үлгіге патентті беру туралы мәліметтерді жариялау

Пайдалы үлгіге патентті беру туралы мәліметтерді жариялау ол Мемтізілімде тіркелген жағдайда жүзеге асырылады.

Пайдалы үлгіге патентті беру туралы мәліметтерді жариялаған кезде өтінім берілген күннен бастап он сегіз ай өткенде Заңның 26 бабына сәйкес Қазпатент "Өнеркәсіп меншігі - Промышленная собственность" бюллетінінің "Пайдалы үлгілер - Полезные модели" тарауында мемлекеттік және орыс тілдерінде төмендегі мәліметтерді жариялайды:

пайдалы үлгіге берілген патенттің нөмірі;

МПК айдарының (айдарларының) индексі (индекстері);

патент берілген өтінімнің нөмірі мен берілу күні;

егер өтінімнің Қазпатентке түскен күніне қарағанда өтінім бойынша басымдық күні ертерек тағайындалса, соның негізінде пайдалы үлгі басымдығы тағайындалған бірінші өтінімнің нөмірі, берілген күні, ВОИС ST.3 стандартына сәйкес сол елдің коды;

автордың (авторлардың) аты, егер ол (олар) солай деп аталудан бас тартпаса; патент иеленушінің аты немесе атауы;

ВОИС ST.3 стандартына сәйкес пайдалы үлгінің авторының (авторларының) тұратын және патент иеленушінің тұратын (орналасқан) елінің коды;

пайдалы үлгінің атауы;

пайдалы үлгінің формуласы (өтінім берілген тілде);

сызба (графикалық материал).

Өтінім берушінің ИЗ-ПМ-1 нысаны (осы Нұсқаулыққа 6 қосымша) бойынша ұсынылған өтініші бойынша Қазпатент мәліметтерді көрсетілген мерзімнен ертерек жариялай алады.

Патент беру туралы жарияланатын мәліметтерде автордың сондай ретінде аталудан бас тартуы егер ол жариялауға техникалық дайындықтар аяқталғанға дейін түссе, есепке алынады.

Көрсетілген бас тартуды автор осы мерзім ішінде қайтарып ала алады.  
Қазпатент "Өнеркәсіп меншігі - Промышленная собственность" бюллетенінің "Хабарлама - Извещения " тарауында мемлекеттік және орыс тілдерінде берілген патенттердің құқықтық мәртебесіндегі өзгеріс туралы мәліметтер жариялайды.

#### &4. Патентке өзгерістер енгізу

##### 193. Авторлар мен патент иеленушілер құрамына өзгерістер енгізу

Авторлар мен патент иеленушілер құрамына өзгерістер енгізу осы Нұсқаулықтың 4 тарауының 6 тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

##### 194. Патенттің әрекет ету мерзімін ұзарту

1) Заңның 5 бабының 3 тармағына сәйкес патент иеленуші патенттің әрекет ету мерзімін ұзарту туралы өтініш жасай алады. Өтініш ПМ-2 нысаны (осы Нұсқаулыққа 11 қосымша) ұсынылады. Өтініш патенттің әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін және ол күшінде ұсталған жағдайда беріле алады.

Өтініш беру мерзімі дәлелді себептер болған жағдайда, бірақ алты айдан аспайтын уақытқа ұзартыла алады.

2) Өтінішке тиісті төлемді растайтын құжат қоса берілуі керек.

#### 8 ТАРАУ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨТІНІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

##### &1. Халықаралық фаза

##### 195. Құзырет

Патенттік ынтымақтастық туралы Келісім-шарт (бұдан әрі - Келісім-шарт) қарастыратын Қазақстан Республикасындағы қабылдаушы ведомствоның міндетін (бұдан әрі - Қабылдаушы ведомство) Қазпатент орындайды, бұл орайда ол Келісім-шартты, Келісім-шарт Нұсқаулығын, Келісім-шарт Әкімшілік нұсқаулықтарын (бұдан әрі - Әкімшілік нұсқаулықтар), ВОИС Халықаралық бюросы жариялайтын тиісті басшылықтарды, сондай-ақ осы Ережелерді басшылыққа алады.

##### 196. Халықаралық өтінім беру

Келісім-шарт Нұсқаулықтың 19 ережесіне сәйкес халықаралық өтінімдерді қабылдау және тіркеу үшін егер өтінім берушілердің ең болмаса біреуі Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұратын тұлға болса, оның барлық немесе кейбір мемлекеттер үшін өтінім беруші болып табылатынынан тәуелсіз, Қазпатент қабылдаушы ведомство болып табылады.

Жеке тұлға, егер ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның азаматы болса, ол Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрады деп саналады.

Осы тараудың мақсаттары үшін Келісім-шарт Нұсқаулықтың 18.1(b) ережесіне

сәйкес заңды тұлға егер ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлға ретінде тіркелген болса, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде қарастырылады.

Осы тараудың мақсаттары үшін кез келген тұлға, егер ол Қазақстан Республикасында нақты (жалған емес) өнеркәсіп немесе сауда кәсіпорнына иелік етсе, Қазақстан Республикасында тұрушы ретінде қарастырылады (Келісім-шарт Нұсқаулықтың 18.1(б) ережесі).

Өтінім берушінің Қазақстан Республикасының азаматы екендігі немесе оның Қазақстан Республикасында тұратындығы туралы күдік туған жағдайда, Қазпатент өтінім берушіден тиісті фактілердің құжаттамалық растауын сұрауға құқылы.

Халықаралық өтінім Қабылдаушы органға тікелей, поштамен, сондай-ақ басқа да құралдар арқылы беріле алады.

Егер халықаралық өтінім немесе оған қатысты құжат Қазпатентке Келісім-шарт Нұсқаулықтың 92.4 ережесіне сәйкес басқа бір құрал арқылы, мысалы факсимильдік байланыс арқылы берілсе, тек өтінім беруші аталған уақыттан он төрт күн шегінде ескертусіз Қазпатентке осындай жолмен берілген құжаттың түпнұсқасының (және екі көшірмесінің) алдындағы берілгенін растайтын хатпен қоса түсуін қамтамасыз еткен жағдайда ғана бұл құжаттың ұсынылған уақыты оның Қазпатентке берілген (түрлі күндері берілген жағдайда оның толық бейнесінің соңғы бөлігі берілген) күні болып есептеледі.

#### 197. Халықаралық өтінім тілі

Қазпатент құзыретті қабылдаушы орган ретінде халықаралық өтінімдерді орыс және ағылшын тілдерінде қабылдайды. Егер өтінім беруші Келісім-шарттың 15 бабының мақсаттары үшін Халықаралық іздеу органы ретінде Европалық патенттік ведомствоны таңдаған болса, халықаралық өтінім тек ағылшын тілінде беріледі.

#### 198. Халықаралық өтінімнің құрамы

Халықаралық өтінім төмендегі құжаттардан тұру керек:

арыз (PCT/PO/101) нысаны) (бұдан әрі - PCT арызы);

суреттеме;

формуланың бір немесе бірнеше тармағы;

бір (немесе одан көп) сызба (сызбалар өнертабысты түсінуге қажет болған жерде);

реферат.

PCT арызы өтінім берушілерге Қабылдаушы ведомство беретін (Нұсқаулықтың 3 және 4 ережесі) бланкте рәсімделеді (осы Нұсқаулыққа 12 қосымша).

Өтінім берушінің халықаралық өтінім құжаттарын рәсімдеуіне қойылатын талаптар Келісім-шартпен, Нұсқаулықпен және Әкімшілік нұсқаулықтармен регламенттелген.

#### 199. Даналар мөлшері

